







# ЕЖЕЛГІ ДӘУІР ӘДЕБИЕТІНІҢ АНТОЛОГИЯСЫ

ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР



1

ТОМ



## РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



«Ұлы дала жауһарлары» сериясы  
Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті –  
Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры»  
еңбегінде көтерген бастамасымен «Рухани жаңғыру»  
мемлекеттік бағдарламасының аясында жүзеге асырылды





**«ҰЛЫ ДАЛА ЖАУҒАРЛАРЫ» СЕРИЯСЫНЫҢ  
РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАСЫ**

Тәжин М. М., кеңес төрағасы  
Балаева А. Ғ., жауапты хатшы

Әлібекұлы А.

Бекжан О.Д.

Дербісәлі Ә.Б.

Жақып Б.Ө.

Қалиева А.Қ.

Қасқабасов С.А.

Қирабаев С.С.

Қорабай С.С.

Қыдыр Т.Е.

Матыжанов К.І.

Сағындықұлы Б.

Хамраев А.Т.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
М.О.ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

## Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы

БЕС ТОМДЫҚ



# ИСЛАМҒА ДЕЙІНГІ ӘДЕБИ ЖӘДІГЕРЛЕР

**I - том**



Алматы, 2019

УДК 821.0  
ББК 83.3  
Е 33

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ғылым комитетінің тапсырысы бойынша шығарылды**

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

**Томның редакция алқасы:**

К.І.Матыжанов (жалпы редакциясын басқарған), О.Д.Бекжан (ғылыми редактор),  
С.С.Қорабай (жауапты редактор), Т.Е.Қыдыр (жауапты шығарушы), А.Жұматаева  
(редактор).

**Пікір жазғандар:**

доктор, профессор М. Өлмез (Түркия)  
доктор, профессор Н.Рахмонов (Өзбекстан)  
филология ғылымдарының докторы А.Т.Хамраев  
филология ғылымдарының кандидаты, доцент Н.Б.Сағындық

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. Ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясы: Бес томдық. / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: О.Д.Бекжан, Т.Е.Қыдыр. – Алматы: Evo Press, 2019.

ISBN 978-601-7588-23-6

Т.1: Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер. - 2019. - 632 б.

ISBN 978-601-7588-24-3

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы. «Ежелгі дәуір әдебиеті» антологиясының 1-томына ежелгі дәуір әдебиетінің исламға дейінгі әдеби жәдігерлерінің тандаулы шығармалары еніп отыр.

Кітаптың электронды нұсқасын көрсетілген QR код арқылы танымал порталдар мен сайттардан жүктеп алуға болады.

Антология мектеп оқушыларына, жоғары және арнаулы оқу орындарының студенттеріне, әдеби мұраны қастерлейтін қалың оқырман қауымға арналған.

УДК 821.0  
ББК 83.3

ISBN 978-601-7588-23-6  
ISBN 978-601-7588-24-3

© М.О.Әуезов атындағы Әдебиет  
және өнер институты





Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді.

Сондықтан біз, біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек.

Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет...

Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет.

*Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы  
Н.Ә.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласынан*

МАЗМҰНЫ

Редакциялық алқадан.....	10
I. КӨНЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ.....	15
<b>1. Орхон жазба ескерткіштері.....</b>	<b>17</b>
1.1. Күлтегін жазба ескерткіші.....	17
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	19
<i>Факсимилесі</i> .....	36
1.2. Білге қаған жазба ескерткіші.....	45
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	46
<i>Факсимилесі</i> .....	55
1.3. Тонькөк жазба ескерткіші.....	60
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	61
<i>Факсимилесі</i> .....	70
1.4. Онгин жазба ескерткіші.....	75
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	76
<i>Факсимилесі</i> .....	78
1.5. Үккүлі (Күлі) шор жазба ескерткіші.....	79
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	80
<i>Факсимилесі</i> .....	83
1.6. Мойын Шор жазба ескерткіші.....	85
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	86
<i>Факсимилесі</i> .....	94
1.7. Теркін-тариат жазба ескерткіші.....	98
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	99
<i>Факсимилесі</i> .....	104
1.8. Суджі жазба ескерткіші.....	105
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	105
<i>Факсимилесі</i> .....	106
<b>2. Енисей жазба ескерткіштері.....</b>	<b>107</b>
2.1. Хемчик-Чыргақы (Е 41) жазба ескерткіші.....	107
<i>Факсимилесі</i> .....	108
2.2. Бай-Булун I (Е 42) жазба ескерткіші.....	109
<i>Факсимилесі</i> .....	110



2.3. Уюк-Туран (Е 3) жазба ескерткіші .....	110
<i>Факсимилесі</i> .....	111
2.4. Чаа-холь III (Е 15) жазба ескерткіші .....	111
2.5. Чаа-холь VII (Е 19) жазба ескерткіші .....	112
<i>Факсимилесі</i> .....	112
2.6. Чаа-холь VIII (Е 20) жазба ескерткіші .....	113
<i>Факсимилесі</i> .....	113
2.7. Чаа-холь IX (Е 21) жазба ескерткіші .....	113
<i>Факсимилесі</i> .....	114
2.8. Чаа-холь X (Е 22) жазба ескерткіші .....	114
<i>Факсимилесі</i> .....	114
2.9. Чаа-холь XI (Е 23) жазба ескерткіші .....	115
<i>Факсимилесі</i> .....	115
2.10. Означенная (Е 25) жазба ескерткіші .....	115
<i>Факсимилесі</i> .....	116
<b>3. Талас жазба ескерткіштері</b> .....	117
3.1. Талас I (Айыртаң-Ой) жазуы .....	117
<i>Факсимилесі</i> .....	117
3.2. Ашықтас жазба ескерткіші .....	118
<i>Факсимилесі</i> .....	120
<b>4. Ырық-Йорчы бітігі</b> .....	121
<i>Аудармасы мен транскрипциясы</i> .....	121
<i>Факсимилесі</i> .....	131
<b>5. Қазақстан аймағындағы жазба ескерткіштер</b> .....	159
5.1. Ежелгі сақ жазуы .....	159
Есік жазуы-I.....	159
<i>Факсимилесі</i> .....	160
Есік жазуы-II .....	160
Есік жазуы-III – Шу қағанның мәңгі бітігі.....	163
Жай таңбалардың толық <i>Факсимилесі</i> .....	164
5.2. Ежелгі қаңлы жазуы .....	167
Маңғыстау жазуы.....	168
Күлтөбе-I жазуы.....	168
<i>Факсимилесі</i> .....	169



Күлтөбе-II жазуы .....	170
<i>Факсимилесі</i> .....	170
Күлтөбе-III жазуы .....	171
<i>Факсимилесі</i> .....	171
Күлтөбе-IV жазуы .....	172
<i>Факсимилесі</i> .....	173
Күлтөбе-V жазуы .....	174
<i>Факсимилесі</i> .....	174
Күлтөбе-VI жазуы .....	175
<i>Факсимилесі</i> .....	175
Күлтөбе-VII жазуы.....	176
<i>Факсимилесі</i> .....	176
5.3. Ертіс жазба ескерткіштері.....	177
Сасықбастау жазуы.....	177
Мәстура жазуы .....	177
5.4. Жетісу жазба ескерткіштері.....	178
Дардамты жазуы .....	178
Терексай жазуы .....	178
Надыр жазуы .....	179
Талғар жазуы .....	180
5.5. Әулие ата жазба ескерткіштері.....	180
Атлах I жазуы .....	180
Меркі жазуы .....	181
Ақтөбе-Баласағұн жазулары .....	182
Баласағұн I. Тастұмсық жазулары.....	182
Баласағұн II. Тасқала түркі-араб жазуы.....	185
Баласағұн III. Хұм ауызы ернеуіндегі түркі-соғды жазуы.....	187
Баласағұн IV. Қыш ыдыстағы жазу.....	190
1. Алғашқы оқылым.....	190
2. Түзетілген оқылым .....	191
5.6. Сырдария жазба ескерткіші .....	191
Ақтөбе-1 жазуы.....	191
II ДІНИ-ДИДАКТИКАЛЫҚ ЖӘДІГЕРЛЕР .....	193
Авеста .....	194
<i>Аудармасы</i> .....	198
<i>Факсимилесі</i> .....	226



Хуастуанифт .....	249
Аудармасы .....	252
Транскрипциясы .....	258
Факсимилесі.....	264
Алтын жарық.....	270
Аудармасы .....	272
Транскрипциясы .....	297
Факсимилесі.....	319
Майтри симит ном бітік .....	353
Аудармасы .....	356
Транскрипциясы .....	373
Факсимилесі .....	390
Абыздардың құлшылығы .....	409
Аудармасы .....	410
Транскрипциясы .....	412
Факсимилесі.....	414
Кодекс куманикус.....	416
Аудармасы .....	419
Транскрипциясы .....	426
Факсимилесі.....	435
<b>III ӘДЕБИ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕР .....</b>	<b>437</b>
Қорқыт ата кітабы.....	438
Аудармасы .....	440
Транскрипциясы .....	463
Факсимилесі.....	490
Дана хикар хикаясы .....	515
Аудармасы .....	517
Транскрипция.....	524
Факсимилесі.....	535
Оғызнама .....	551
Аудармасы .....	553
Транскрипциясы .....	565
Факсимилесі.....	580
Пайдаланылған әдебиеттер.....	622
Резюме.....	624
Abstract.....	628

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚАДАН

**Е**желгі жазба әдеби ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің баға жетпес құнды жәдігерлері. Бұл тарихи құндылықты зерделеп жарыққа шығару өркениетті мемлекеттердің қай-қайсысының болмасын тағдыршешті ұлттық мәселесі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н. Ә. Назарбаев өзінің «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Ұлы дала әл-Фараби мен Ясауи, Күлтегін мен Бейбарыс, әз-Тәуке мен Абылай, Кенесары мен Абай және басқа да көптеген ұлы тұлғалар шоғырын дүниеге әкелді. Сондықтан біз, біріншіден, атақты тарихи тұлғаларымыз бен олардың жетістіктерінің құрметіне ашық аспан астында ескерткіш-мүсіндер қойылатын «Ұлы даланың ұлы есімдері» атты оқу-ағарту энциклопедиялық саябағын ашуымыз керек. Екіншіден, мақсатты мемлекеттік тапсырыс ұйымдастыру арқылы қазіргі әдебиеттегі, музыка мен театр саласындағы және бейнелеу өнеріндегі ұлы ойшылдар, ақындар және ел билеген тұлғалар бейнесінің маңызды галереясын жасауды қолға алу қажет. Үшіншіден, еліміздің тарихи кезеңдерін кеңінен қамти отырып, «Ұлы Дала тұлғалары» атты ғылыми-көпшілік серияларды шығарып, тарату жұмыстарын жүйелендіру және жандандыру қажет», – деп атап көрсеткен болатын. Осы ретте қазақ әдебиеті мен мәдениетінің құндылығын танытатын ежелгі түркі дәуіріндегі жазба ескерткіштер мен орта ғасырлық әдеби жәдігерлер осы күнге дейін қалың жұртшылыққа қолжетімді антология түрінде жарық көрген емес. Кеңестік кезеңдегі белгілі шығыстанушылар мен түрколог ғалымдар көне түркі әдеби ескерткіштерін белгілі аяда зерттеп там-тұмдап жариялағанымен, кезінде ұлы далаға кең таралып, кейіннен бағы тайып, бодандыққа түскен түркі елінің жұртында жұрнағы ғана қалған асыл мұраның шұрайлы шығармаларының өзі белгілі себептерге байланысты толық, жан-жақты қамтылмады. Көне әдеби жәдігерлерді дайындап жарыққа шығару ісі күні кешеге дейін кенже қалып келді. Осы олқылықтың біртіндеп орнын толтыру мақсатында М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ежелгі, ортағасыр кезеңіндегі жазба әдеби ескерткіштерді өңдеу және зерттеу,



ежелгі дәуір әдебиетінің антологиясын дайындау» мемлекеттік тапсырысы шеңберінде орындалатын бес томдық «Ұлы дала жауһарлары» сериясының аясында «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясын» дайындап жарыққа шығаруды қолға алды.

Елімізде алғаш рет жүйелі түрде іске асырылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты мақсаты – ұлы даланың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін жинақтап, жүйелеп, зерттеп жас ұрпақ назарына ұсыну, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштерін неғұрлым толық жарыққа шығару. Бұл басылым Ұлы дала өркениетінің өркенді тарихының жарқын беттерін әлемдік деңгейде жарқырата ашып көрсетеді деп санаймыз.

Бұл ретте ғылыми және көпшілік кітапханалардың сирек қорларында сақталған барлық дерлік ежелгі және орта ғасырлардағы әдеби жәдігерлердің мәтіндері «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» томдарына енетін болады. Антологияда: а) осы кезге дейін кітап болып басылған әдеби жәдігерлер; ә) қолжазба күйінде сақталған мұралар; б) мүлдем жарияланбай келген жазба әдеби ескерткіштер; в) түрлі себептермен тыйым салынып, осы күнге дейін ғылыми айналымға түспеген шығармалар барынша молынан жинақталады.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясының басты ерекшелігі – ежелгі және орта ғасырларда түркі тілінде жазылған әдеби жәдігерлердің біраз бөлігі алғаш рет қазақ тіліне аударылып беріліп отыр. Әдеби жәдігерлердің мәтіндері қолжазба күйінде болсын, баспа бетінде жарық көрген күйінде болсын, түпнұсқа табиғаты барынша сақталып, ғылыми дәлдікті сақтап аударылады және еркін редакторлық өңдеуге жол берілмейді.

Антология томдары хронологиялық тәртіппен жүйеленген. Алғашқы том ежелгі дәуір әдебиетінің исламға дейінгі әдеби жәдігерлерінің таңдаулы шығармаларынан тұрады. Бірнеше томды құрайтын серияның әр томы редакциялық бас алқаның кіріспе мақаласымен ашылып, басында жазылған түсініктемелерді қамтиды. Антологияға енген жазба жәдігерлердің транскрипциясы халықаралық стандартқа сәйкес берілді.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» бірінші томына сақ-ғұн

заманындағы және Түркі қағанаты тұсындағы көне жәдігерлер, сонымен бірге IX–X ғасырлардағы шығармалар беріліп отыр.

Ұлттық әдебиеттану тарихында тұңғыш рет ғылыми айналымға енгізілген «Авеста» кітабы ежелгі Иран жазба ескерткіші және зороастризм дінінің қасиетті кітабы болып табылады. Көне түркілердің мың жылдық салт-дәстүрінен, мәдениеті мен тарихынан сыр шертетін бұл құнды жәдігерді Түркия, Әзербайжан, Өзбекстан ғалымдары әлдеқашан түркі әдебиетінің көне бастауы ретінде танып, әдебиет тарихына енгізіп қойған. «Авеста» кітабында біздің Ұлы дала тарихының көне іздерінің суреттелетінін қазақ ғалымдары да көптен айтып келеді. Соны ескере отырып, бұл жинаққа көне кітаптың бірер бөлімін аударып қосып отырмыз. Аталған үзінділер филология ғылымдарының кандидаты Т. Қыдырдың тәржімасымен алғаш рет қазақ тіліне аударылып берілді.

Түркі-соғды әліппесімен жазылған көне ескерткіштердің бірі – «Алтын жарық» туындысында барша адамзат баласын ізгілікке шақырған Будданың даналық сөздері берілсе, «Абыздардың құлшылығы» атты көне жазба жәдігерде исламға дейінгі христиан дінінің кейбір діни элементтері қамтылған. Бұл екі жәдігерді де қазақ тіліне аударған филология ғылымдарының кандидаты Т.Қыдыр.

Сондай-ақ, «Майтри симит ном бітіг» жәдігері де түркі-соғды әліппесімен жазылған ескерткіштердің қатарынан саналады. Орта ғасырда хатқа түскен бұл ескерткіш те «Алтын жарық» үлгісімен жазылған. «Майтри симитті» баспаға дайындаған түркітанушы Еркінжан Сыламхан.

Орхон, Енисей жазба ескерткіштерінде Түркі қағанатының көрнекті мемлекет қайраткерлері Білге қаған, Тоныкөк сияқты ержүрек қолбасшылардың ел-жұртын қорғап басқарудағы ерлік істері мен өнегелі қызметі дәріптеледі. Бұл аса құнды әдеби жәдігерлерді томға дайындау барысында Күлтегін, Білге қаған туралы жырлар мен осы дәуірде жазылған, «Онгин», «Тоныкөк», «Үккүлі (Күлі) шор» жазба ескерткіштерінің мәтіндері, VIII ғасырдағы «Мойын шор», «Теркін-тариат», «Суджі» әдеби жәдігерлері және «Ырық бітік» түс көру мен түс жору көне жазба ескерткіші осы мұраларға тілдік, тарихи, этнографиялық талдау арқылы жаңаша мәтіннамалық тұжырымдар жасаған филология ғылымдарының кандидаты Орынбай Бекжанның аудармалары бойынша берілді.



Енисей өлкесінен табылған көне дәуір куәлары – VII–VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері – «Хемчик-чыргақы», «Байбулун», «Уюк-туран», «Чаа-холь», «Означенная» жазба жәдігерлері, Талас руна жазба ескерткіштері және Қазақстанда табылған «Есік жазуы», «Күлтөбе жазуы» жазба ескерткіштері, Ертіс жазба ескерткіштері, Жетісу жазба ескерткіштері, Әулие ата жазба ескерткіштері, Ақтөбе-Баласағұн жазулары, Сырдария жазба ескерткіші алғаш рет түпнұсқадан қазақ тіліне аударылып берілді. Бұл жазба әдеби жәдігерлерді қазақ тіліне аударып, ғылыми түсініктерін жазған филология ғылымдарының кандидаты Орынбай Бекжан.

«Ұлы дала жауһарлары» сериясы «Ежелгі дәуір әдебиеті» антологиясының алғашқы томына түркі тілдес халықтарға ортақ көне жазба ескерткіштердің бірі – «Оғызнама» әдеби жәдігерінің түпнұсқаға жақын жасалған қазақша ғылыми аудармасы енгізілді. Бұл ретте «Оғызнаманы» алғаш рет қазақ тіліне аударған белгілі әдебиеттанушы ғалымдар, Қазақ КСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі Ә.Дербісәлин, филология ғылымдарының докторлары М.Жармұхамедұлы мен Ө.Күмісбаев дайындаған мәтін нұсқасы негізге алынды («Оғыз-наме», «Мұхаббатнаме». Алматы, 1986).

Көне түркі-соғды әрпімен жазылған манихейлік дұға – «Хуастуанифт» жазба ескерткішін түпнұсқадан қазақ тіліне аударып, томға дайындаған филология ғылымдарының кандидаты А.Әлібекұлы.

IX–X ғасырларда туып, XV ғасырда хатқа түскен көне оғыз-қыпшақ мәдени ескерткіші – «Қорқыт ата кітабы» дүниежүзілік әдебиеттің алтын қорына қосылған түркі тілдес халықтарға ортақ әдеби мұра болып табылады. Томда бұл жәдігер филология ғылымдарының докторы, профессор Әуелбек Қоңыратбаев дайындаған нұсқада беріліп отыр. Ал «Қорқыт ата кітабының» транскрипциясын Дрезден нұсқасы бойынша дайындаған филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Сонымен бірге Алтын Орда дәуірінде қыпшақ тілінде жазылған көне жазба ескерткіш – «Кодекс куманикус» сөздігінде жарияланған жұмбақтар филология ғылымдарының кандидаты С.Қорабайдың аудармасымен алғаш рет тұтас күйінде топтастырылды.

XVI ғасырдағы армян жазулы қыпшақ жазба ескерткіші – «Дана Хикар хикаясы» кітабын ұлттық филология ғылымында бірінші болып

белгілі тілші-ғалым Сейсенбай Құдасов қазақ тіліне аударып, өзінің 1990 жылы жарық көрген «Армян жазулы қыпшақ ескерткіші «Дана Хикар сөзінің тілі» атты монографиясында жариялаған болатын. «Ежелгі дәуір әдебиеті антологиясының» бірінші томына осы басылым негізге алынып, С.Құдасов аударған мәтін сол күйінде енгізілді.

Том соңында пайдаланылған әдебиеттер мен орыс, ағылшын тілдеріндегі түйіндемелер берілді.



I.

# КӨМЕ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ





**Б**іздің даңқты да құпия жазбамызды ең алғаш байқап, дүние жүзі ғалымдарына таныстыру Амстердам қаласының бургомистрі, картограф Николас Витсеннен (1641–1717) бастау алады. Ол Енисей өзенінің бойына мағынасы белгісіз жазуларды байқап, Еуропа оқырмандарына таныстырады. Осыдан бастап Ресей аумағындағы құпия жазулар туралы С.Ремезов, И. Страленберг, Д.Г. Мессершмидт, П.С.Паллас тәрізді зерттеушілер өздері байқап, тапқан жазбаларын әр жерде жариялайды.

Ең алғашқы жазуларды іздеп, табуды мақсат тұтқан экспедицияны фин ғалымдары ұйымдастырады. 1875 жылы олар Енисей өзені бойындағы Минусинск ойпатына барып, бірталай жазба ескерткіштерді жинап, оларды «Енисей жазбалары» деген атпен жариялайды. Ал үлкен көлемді Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойындағы жазуларды тапқаны жайында 1892 жылы Н.М.Ядринцев еңбек жариялайды. Бұл әйгілі түркі қағаны Білге мен оның інісі, әрі бас қолбасшысы Күлтегінге арналған жазулар еді.

Алғашқы зерттеушілердің тапқан руна жазуының үшінші аймағы Талас өзенінің бойы болатын. Осы аймақтағы Әулие ата уезінің басшысы В.А.Каллаур 1896 жылы Айыртам-Ой деген жерден, жұмыр өзен тастарына жазылған көне түркі жазба ескерткіштерді тапты. Бұл маңайдан табылған жазба ескерткіштер тек Қазақстанға ғана қатысты емес, Қырғызстан аймағынан да табылғандықтан жалпы Талас ескерткіштері деп аталып кетті.

Ары қарай бұл құпия жазулардың мағынасын ашу мәселесі бойынша Еуропа ғалымдарының арасында бәсекелестік туып, әрқайсысы өз тілдерінде оқып мағыналарын аша бастайды. Тек орыс ғалымы Н.М.Ядринцев қана бұл жазулардың иесі сол жазу табылған аймақтағы халықтар болуы тиіс деген пікір айтты. Бұл болжамды 1893 жылы 15 желтоқсанда Дания Корольдігі Ғылым Академиясының мәжілісінде жалпы тіл білімі саласындағы ірі маман, дат ғалымы Вильгельм Томсен дәлелдеп, Көктүрік бітік жазуының құпиясын шешу жолындағы ізденістерінің нәтижесін жария етті.

Көне түркі жазба ескерткіштері негізінен тасқа жазылған. Бірден бір қағазға сиямен немесе бояумен жазылған нұсқа Қытайдағы Дунхуанға жиырма шақырымдай жердегі «Мың будда үңгірі» аталатын ғибадатханадан табылып, оны 1912 жылы археолог А.Стейн қолға түсіріп, ары қарай ғылыми айналымға шығарады.

Қазақстан аймағынан да табылған көктүрік бітік жазуларының саны жылдан жылға молайып келеді. Оны жинап, оқып мағынасын ашуға әрекеттенген ғалымымыз А.Аманжолов болды. Ол Қазақстан аймағынан табылған жазбаларды жергілікті жеріне қарай Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық жазулары деп топтастырды.

Бітік жазба ескерткіштерді тілдік құрылымына қарай зерттеген келесі үлкен ғалымымыз Ғ.Айдаров өзінен бұрынғы түркітанушы ғалымдардың еңбегін әрі қарай дамытып, грамматикалық тұрғыда талдауға үлкен үлес қосты.



## 1. ОРХОН ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІ

Орхон жазба ескерткіштері Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойынан көлемі жағынан ең үлкен Білге қаған мен Күлтегін жазба жәдігерлері табылғандықтан осылай аталып кетті. Ал осы екеуінен басқа жазулар Селенгі, Толы өзендерінің бойынан табылған. Орхон жазба ескерткіштеріне негізінен Күлтегін, Білге қаған, Тоныкөк, Онгин, Күлі Шор, Мойын Шор, Теркін-Тариат, Суджі жазба ескерткіштері жатады. Бұлардан басқа оннан аса майда жазулар да бар. Ұсынылып отырған Орхон жазба ескерткішінің негізгі мәтіні В.В. Радлов, С.Е.Маловтардың еңбектеріне негізделеді.

### 1. 1. КҮЛТЕГІН ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШІ



Күлтегін жазба ескерткішін 1889 жылы орыс зерттеушісі Н.М.Ядринцев Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойындағы Кошо Цайдам деген жерден тауып, ғылыми жұртшылыққа жария етті. Кейін, 1892 жылы, ол туралы еңбек жариялады. Одан кейін жазба жәдігерлерді зерттеуге арнайы экспедициялар шыға бастады. Бірінші болып 1890 жылы Г.Гейкель бастаған фин, екіншісі 1901 жылы В.В.Радлов бастаған орыс экспедициялары жазбаның көшірмелерін алды.

1893 жылы 15 желтоқсанда Дания ғалымы В.Томсен мағынасы белгісіз болып келген жазудың түркі тілінде жазылғанын ғылыми жұртшылыққа мәлімдеді. Ол өзі ашқан түркі әліпбиінің әріп таңбаларын түркітанушы ғалым В.В.Радловқа жіберді. В.В.Радлов сол әліпби бойынша түркі бітік жазуларын оқып шықты. Бұдан кейінгі зерттеу жұмысын П.М.Мелиоранский жалғастырды. Онда ол ескерткішті грамматикалық жағынан алғаш рет талдап шықты. Қазақстандағы зерттеулерде Ғ.Айдаров көзге түсті. Ол Күлтегін ескерткішін грамматикалық жағынан талдап, қазақша және орысша кітап етіп бастырды. Осы жолдардың авторы Күлтегін ескерткішінің мәтініне жай сөйлем синтаксисі саласынан зерттеу жүргізді.



АУДАРМАСЫ МЕН ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

(kiři jazıu)

(kiři жазу)

1. Täñiri teg Täñiri-İde bolmyş türük Bilge qaıan bñ ödke olürtym. Sabymyn tüketi esidgill!: Üläjü inı-jigünim, OĞÜLANÜM, biriki oyüşym, büdünym, birije şad-apyt begler, jyraja tarqat, büjrüq begler, otüz (tatar),

2. toqüz oyüz begleri, büdüny, bñ sabymyn² JÄNE edgütı esid, qatt,yüdy t²ynla!: İlgerü – kün tüuyysyqq²a, birgerü – kün ortüs²ynarü, quryyarü – kün batys²yqña, jyryarü – tün ortüs²ynarü - anta içireki büdün qop m(aña körür. Anç) a büdün

3. qop itdim. Ol amty ajnyy joq. Türük qaıany, Ötükön jynş olürsar, ilte bñ joq. İlgerü Şantüñ jazyyq²a, ASYZ SARYĞ ögüzke tegi süledim. Talüjqqa kiçig tegmedim. Birgerü – Toqüz Ersenke tegi süledim. Tüpütke kiçig tegmedim. Quryyarü JİNCÜU ögüz

1. Тәңірідей Тәңірі-Ійе (қосымша мағынасы: көк аспандай биік билеуші ие) болған Түрүк Білге (дана) қаған бұ (бұл) кезде (таққа) отырдым. Сөзімді (өсиетімді) түгесіп соңына дейін есітіндер!: Ілескен, ұласқан іні-жеткіншегім, ҰЛДАРЫМ, біріккен, жақын туыстарым, халқым, беріде - оңтүстікте, онымда – шад (тар), апа(лар) бектер, жырақта (солтүстікте, солымда) – тарқандар, бүйрүк бектер, отүз (татар),

2. тоғыз оғүз бектері, халқы, бұ сөзімді (өсиетімді) ЖӘНЕ жақсылап есіт, қатты (мұқият) тыңла!: Ілгері – күн шығыста, беріде (оң жақта) – күн ортасында (оңтүстікте), кері қарай – күн батыста, сол (мұз-қар) жақта – түн ортасында (солтүстікте) – осылардың ішіндегі халық түгел м(аған бағынды. Осынш)а халықтың

3. бәрін түгел біріктірдім, ел еттім, көтердім (игілікке жеткіздім). Олардың енді бұзықтығы, арам ойы жоқ. Түрүк қағаны, Өтүкен қойнауында отырсаң, елде мұң-қайғы жоқ (болады). (Жоғарыда айтып өткендей, елді игілікке жеткізіп, көтеру үшін) ілгері – (күн шығыста) Шантұң (Шандун провинциясы – Қытай) жазыққа, АСЫЛ САРЫ өзенге (Йашыл болып кате оқылған құнктардың Сары өзен-Қуандариясы, қытайша Хуанхэ) дейін соғыс жүргіздім. Мұхитқа кішкене жетпедім. Бері қарай (оңтүстікте)

бетке сәл жетпедім. Кері қарай (күн батыста) СЫР (ІНЖУ) дариясын

4. keçe, Temір qaryuqqa tegi süledim. J<sup>2</sup>yryarū Jir Baj ARUQū jirine tegi süledim. Bünça jirke tegi jorytdym. Ötükön j<sup>2</sup>ynšda jig idi joq ermıs. İl tütasyq jir Ötükön j<sup>2</sup>ynš ermıs. Bū jirde olııryp, tabyaç büdüny birle

4. кешіп өте, Темір қақпаға (Самарқанның қасындағы Байсын тауындағы Бұғал шатқалы, қақпа-өткел) дейін соғыс жүргіздім. Сол (мұз-қар) жақта Жер Бай АРУҚУ жеріне дейін әскер жүргіздім. Сонша жерге дейін жорық жасадым. Өтүкен тауында (ол кезге дейін бізден басқа) жеке ие жоқ екен. Елді құратын, ұстайтын жер осы Өтүкен қойнауы екен. Бұ жерде отырып, табғаш (қытай) халқымен

5. түзелтім. Altūn, күmüš, isigtı, qūtaj bünşyz ança birür tabyaç büdüny saby süčig, ayysy jymšaq ermıs. Süčig sabyn, jymšaq ayyn<sup>2</sup> aryp, yraq büdünyy ança jayūtyr<sup>2</sup> ermıs. Jayyrū qontūqda kisire ajnyy biliginte öjür ermıs.

5. қарым-қатынасты түзедім. Алтын, күміс, шыт, жібекті қайғырып қиналмай, аса құлшыныспен сонша беріп жатқан табғаш (қытай) халқының сөзі тәтті, сыйы жұмсақ, биязы екен. [Табғаш (қытай) халқы] тәтті сөзімен, жұмсақ сыйымен арбап, жырақ халықты сонша жуытар екен. (Түрүк халқы) жақынға қонғаннан соң [табғаш (қытай) халқы оған өзінің] арам ойларын(ан) үйретер екен.

6. Edgü bilge kisig, edgü alp kisig jorytmaz ermıs. Bir kisi janylsar, oyuşy, büdüny, bisükıñe tegi qydmaz ermıs. Süčig sabyna, jymšaq ayys<sup>2</sup>yna artııryp, üküš türük büdüny öltig! Türük büdüny, ölesikıñ! Birıje Cūyaj jynš tügöl: «Tün

6. [Табғаш (қытай) халқы] ізгі, дана кісілерді, ізгі әрі батыр, әрі данышпан кісілерді (қанша арбаса да ару рухынан) айныта алмас екен. Бір кісі жаңылса, руы, халқы тұқымдарына дейін (оны) қимас екен (оған ерер екен, сонда қалар екен). (Табғаш (қытай) халқының) тәтті сөзіне, жұмсақ сыйына (тура мағынасы: тындап қабылдаған тәтті сөзіне, тындап қабыл алған жұмсақ сыйына) арбалып, көп түрүк халқы, өлдің! Түрүк халқы, өлесің



(жойыласың)! Беріде (онтүстікте)  
Шұғай тауы(н тастан) түгіл: «Түн  
(солтүстік)

7. JAZYQQ ARŪ KÖDŽ, KÖDŽ,  
KÖDŽ, KÖDŽ, KÖDŽ, KÖDŽ ÜRÜDŽİDKİREDŽEJİN<sup>2</sup>»,  
- tıser, EDGŪ türük bŭdüny,  
ÖLESİKİĞİDTE-KÖDŽESİKİ - GİDTE  
ajnyy kısı anča boşyürür ermıs: «Yraq er-  
ser, JABANÇLYQ ayy birür, jayüq erser,  
edgü ayy birür» tıp, anča boşyürür ermıs.  
Bilğ bilmez kısı ol sabyu alyp, jayyü  
baryp, üküš kısı öltig!

7. ЖАЗЫҒЫНА КӨШ, КӨШ, КӨШ,  
КӨШ, КӨШІРІСІҢКІРЕСЕЙІН», –  
десер ИГІ түрүк халқы, ӨЛЕТІНІНДЕ-  
КӨШЕТІНІНДЕ арам ойлы, дұшпан  
кісі(лер) былай азғырар екен: – Жырақ  
болсаң, ЖАМАН(ДЫ) сыйлық берер,  
жуық болсаң, игі-жақсы сыйлық  
берер, – деп, осылай азғырар екен.  
Білік білмес кісі(лер) ол сөзді (үгітті)  
қабыл алып, жуық барып көп кісі(лер)  
өлдіндер (жойылдындар)!

8. Oljirgerübarsar, türük bŭdüny, öltečisen!  
Ötükön jir olürp, ARQARTQ YŞYDQ-  
TİRKERTK İŞİDK YDSAR, neñ bñjüj  
joq. Ötükön jynš olürsar, bñgü il tuta  
olürtačysen. Türük bŭdüny, toq-aryq-aq  
sen. Ačs<sup>2</sup>yq, to(d)syq ömm<sub>3</sub>ez sen. Bir  
todsar, ačs<sup>2</sup>yq ömm<sub>3</sub>ez sen. Antaynyyn

8. Ол жерге барсандар, түрүк халқы,  
өлесіндер (жойыласыңдар)! Өтүкен  
жерінде отырып, керуен (АРТАТЫН-  
ТІРКЕЙТІНІНДІ) жіберіп катынас  
жасасаң, еш мұң-қайғың болмайды.  
Өтүкен тауында отырсандар, мәңгі  
ел құрып, ұстап отырасыңдар. Түрүк  
халқы, (бірде) тоқ, (бірде) арық-ақсың.  
Аштықта тоқтықты ойламайсың  
(ұмытасың). Бір тойсаң, аштықты  
ойламайсың (ұмытасың). Осы қылы-  
ғың

9. üçün igidmiš qařanyyn sabyn<sup>2</sup> al-  
matyn, jir saju bardyü, qor anta alqyntyü,  
aryltyü. Anta qalmyşy jir saju qor türü-  
ölu joryjür ertig. Täñiri jarylqadüqyn<sup>2</sup>  
üčün, özim qütym bar üçün, qařan  
olürtym. Qařan olürp,

9. үшін игілікке жеткізіп көтерген  
қағаныңның сөзін (өсиетін) алмай,  
жер сайын бардың, бәрің онда  
аздыңдар, арып-аштыңдар. Онда  
қалғандарың жер-жерде бәрің бір  
тұрып, бір өліп жүр едіңдер. Тәңірі  
жарылқағандықтан, өзімнің құтым,  
бағым барлығынан қаған (болып  
таққа) отырдым. Қаған (болып таққа)  
отырып,

10. JOQSŪQ, AZ, AZ, AZ çyğajn  
būdūnyy MŪQ QŪDŽŪJNYČA ARTT-  
YRT - YJNČA qobyratdym, çyğajn  
būdūnyy baj qyltym, az būdūnyy ūküš  
qyltym. Azŭ bŭ sabymda ĩğid bar ERTĪ  
ME?! Tŭrŭk beglerĭ, bŭdŭny, bŭny esidŭj!  
Tŭrŭk (bŭdŭnyy tĭ)rĭp ĩl tŭtasyqyŭjyn  
bŭnta ūrtym. Janŭlyp ōlesikĭŭjn jeme

10. ЖОҚҚА ТӘН, АЗ, АЗ, АЗ, кедей  
халықты ШЫБЫННЫҢ ҚҰЖЫНА  
– ҒАНЫНДАЙ АРТТЫРТА қобы-  
раттым, көбейттім, кедей халықты  
бай қылдым, аз халықты көп  
қылдым. Яки бұ сөзімде өтірік бар  
МА ЕДІ?! Түрүк бектері, халқы,  
бұны есітіндер! Түрүк (халқын ж)  
иып, ел құрап ұстайтыныңды бұнда  
кашап түсірдім. Жаңылып өлетінінді  
(жойылатыныңды) де

11. bŭnta ūrtym. Neŭ-neŭ sabym erser,  
bāŭgŭ tašqa ūrtym. Aŭar kŕrŭ bilŭj! Tŭ-  
rŭk amty bŭdŭny, beglerĭ, bŕdke kŕrŭg-  
me beglerĭ, gŭ janŭltaçysĭz! Men b(āŭgŭ  
taš toqytdym. Tabŭa)č QAĞANYNTA  
bedĭzčĭ kelŭrtĭm. BEDĪZ ETT<sub>5</sub>ĪM. Menĭj  
sabymyn s<sup>2</sup>ymady.

11. бұнда кашап түсірдім. Нендей де  
бір сөзім (өсиетім) болса, мәңгі тасқа  
кашап түсірдім. Бұны көріп біліңдер!  
Түрүктің ендігі қалатын халқы,  
бектері, таққа бағынғыш, табынғыш  
бектері, сіздер жаңыласыздар ғой!  
Мен м(әңгі тас соқтырдым. Табға)  
ш ҚАҒАНЫНАН бедізші шебер  
келтірдім. (Безек-өрнек) безеттім.  
Менің сөзімді (өсиетімді) бұзбады.

12. Tabŭač qaŭanyŭ ĩčĭrekĭ bedĭzčĭg  
YTT<sub>5</sub>Y. Aŭar adynçyŭ (baryq jaratŭrtym.  
Īčĭne-tyšyn<sup>2</sup>a adynçyŭ) bedĭz ūrtŭrtym.  
Taš toqytdym. Kŕŭjŭltekĭ sabymyn ol  
(tašqa ūrtym). (Onŭq oŭŭlyŭ)a, tatyŭa  
teĭ bŭny kŕrŭ bilŭj! Bāŭgŭ taš

12. Табғаш қағаны (өзінің) ішкі  
бедізшісін ЖІБЕРДІ. Оларға айрықша  
ғимарат-жай салдырдым. Іші-  
тысына ерекше безек безеттірдім.  
Тас соқтырдым. Көңілімдегі сөзімді  
(өсиетімді) ол тасқа қашап түсірдім.  
Шөбереңе, жатыңа дейін бұны көріп  
біліңдер! Мәңгі тас

13. toqytdym. B(ŭ erĭg) erser, amt-  
yqy erĭg jĭrte ĩrser, anča erĭg jĭrte  
bāŭgŭ taš toqytdym, bitĭdd<sub>5</sub>ĭm! Any  
kŕrĭp, anča bilŭj! Oltaš... dym. Bŭ  
bitĭg bitĭgme – atys<sup>2</sup>y – Jollyŭ t(ĭgĭn).

13. соқтырдым, тұрғыздым. Б(ұ(л)  
еру жер) болса, ендігі еру жер(лер)  
де болса, сонша еру жерде мәңгітас  
орнаттырдым, жаздырдым! Оны  
көріп, сонша біліңдер! Ол тас(ты  
орнаттыр)дым. Бұ(л) жазуды жазушы  
– немересі – Йоллығ т(егін).



(Ülken žazūu)

(Үлкен жазу)

1. Üze Kök Täñiri, asyra ajγyz Jir QYS-YRT T<sub>5</sub>ABYNT - T<sub>5</sub>ÜUQDA, EKİNİN ARA- SYNDA kisi oγūly qylynmys<sup>2</sup>. Kisi oγūlynta üze eçüm, apam, ER ALP APAM, BODŽMAN qaγan, İSİZ İSTENMÄN DŽABĞU QOZÜQQUL QAĞAN, MÄUKÜNQAĞAN, ARSLAN BEG JÜĞÜRÜÇ, TONQ BEG QAĞAN TEG ER BEGLER OLÜRTYMYŞ. Olürpan, türük büdünγ ilin, törüsün tūta birmis, iti birmis.

2. Tört bülün qop jayy ermis. Sü sülepen tört bülündaqy büdünγ qop almys<sup>2</sup>, qop baz qylmys, bašlyγγ jüküntürmis, tizligig sökürmis, İlgerü – Qadyraqan jynšqa tegi, kirü – Temir qaryγqa tegi qontürmys. EKİNİN arasynda

3. İDİ, ÜQÜ, ASYZ, KÖK TÜRÜK anča olürür ermis. Bilge qaγan ermis. Alp qaγan ermis. Būjrūqy jeme bilge ermis erinč, alp ermis erinč. Begleri jeme, büdünγ jeme tüz ermis. Any üçün ilig anča tütmys<sup>2</sup> erinč. Ilig tütγp, törüg itmis. Özince

1. Үс(т)те Көк Тәңірі көк аспан кеңістігі(н), ас(т)та айғыз [кіржағал, қара қошқыл, қара кер (топырақ немесе жер түстес)] Жер(ді) ЖАРАТЫП ТАБЫНТҚАНДА, ЕКЕУІНІҢ АРАСЫНДА адам баласы (да) қылынған. Адам баласында (тақ) үстінде аталарымыз, ЕР, АЛЫП ұлұқ билеушілеріміз БОДЖМАН қаған, АСЫЛ ІСТЕНМӘН ЖАБҒЫ, ҚО – ЗҰҚҚҰЛ ҚАҒАН, МӘУКҮН ҚАҒАН, АРЫСЛАН БЕК ЙҰҒҰРҰШ (уәзір), ТОНҚ БЕК ҚАҒАН ТЕКТЕС ЕР БЕКТЕР отырған. Отырып, түрүк халқының елін, билік-заңын ұстай берген, құрып-нығайта берген.

2. Төрт бұрыш түгел (аталарымызға) жау болған. Әскер жүргізіп төрт бұрыштағы халықты түгел алған, түгел бейбіт қылған, бастының басын идіріп жүгіндірген, тізелінің тізесін бүктіріп шөкелеткен, ілгері (шығыста) – Қадырақан тауына дейін, кері (батыста) – Темір қақпаға дейін (түрүк халықтарын) қондырған. ЕКЕУІНІҢ арасында

3. ИЕ, ҰЛЫ, АСЫЛ, КӨК (ұлы) ТҮРҮК осылай отырар екен. Дана қаған болған. Алып қаған болған. Бұйрұғы (лауазым) да дана болған екен, алып болған екен. Бектері де, халқы да түзу (бұзық емес) болған. Сондықтан да елді сонша ұстап сұраған (билеген) екен. Елді ұстап, билік-заңын жасаған, нығайтқан. (Сөйтіп аталарым) өз ажалдарынан (Тәңіріге)



4. kergek bolmys<sup>2</sup>. Joŷçy, syŷytçy ðŷire, kün tüuyysyqda, BÖKLİG çöllig il, tabyaç, tüpüt, apar, pürüm, qyrqyz, üç quryqan, otüz tatar, qytajn, tataby – bünça büdün kelipen syŷtamys, joŷlamys<sup>2</sup>. Antay külig qaŷan ermıs. Anta kısire inisi qaŷan

5. bolmys<sup>2</sup> erinç, oŷuly ta qaŷan bolmys<sup>2</sup> erinç. Anta kısire inisi eçisin teg qylynmaduq erinç, oŷuly qaŷyn<sup>2</sup> teg qylynmaduq erinç. Biligsiz qaŷan olürmys<sup>2</sup> erinç. JABANLYQ qaŷan olürmys<sup>2</sup> erinç. Bŷjrüqy jeme biligsiz ermıs erinç, OSYNÇA, ASYNÇ-ASYNÇ, JABANÇ-JABANÇLYQ ermıs erinç.

6. Begleri, büduny tüzsiz üçün, tabyaç büduny tebligın körilig üçün, arymaqçys<sup>2</sup>yn<sup>2</sup> üçün, inili-eçili KİRTİKSÜRTÜKİN üçün, beglig-büdünlyŷ joŷşürtüqyn<sup>2</sup> üçün, türük büduny illedük ilin YÇGANÜ ydmys<sup>2</sup>,

7. qaŷanladuq qaŷanyn jiturü ydmys<sup>2</sup>. Tabyaç büdunyqa beglik ŷry oŷuly<sup>2</sup> qül bolty, silik qyz oŷuly<sup>2</sup> küŷ bolty. Türük begleri türük atyn<sup>2</sup> yty, tabyaçŷy begler, tabyaç atyn tütypan, tabyaç qaŷanyqa

4. керек (қайтыс) болған. Жоқ (жерлеу) рәсімін жасаушы, жоқтаушы, жылап-сықтаушы алдан – күн шығыстан – БӨКЛІ шөліндегі ел, табғаш (қытай), тибет, апар(авар), пұрұм (аурұпа <апұрұпа// (а)пұрұм(а)), қырғыз, үш құрықан, отыз татар, қытайн, татабы – осынша халық келіп, жылап-сықтаған, жоқ (жерлеу, азалы ас) рәсімін жасаған (жоқтаған). Осындай даңқты қаған болған. Содан кейін інісі қаған

5. болған екен, ұлы да қаған болған екен. Содан кейін інісі ағасындай болмаған екен, ұлы әкесіндей болмаған екен. Надан қаған отырған екен. Жаман(ды) қаған отырған екен. Бұйрұғы да надан болған екен, осынша, аса-аса жаман-жаман(ды) болған екен.

6. Бектері, халқының пиғыл, ниеті дұрыс болмағандығынан, табғаш (қытай) халқының тепкісіне бағынғандығынан, арбауына алданғандығынан, ағалы-інілінің ҚЫРТЫС-ҚАНДЫҒЫНАН, бекті-халықтының жауласқандығынан түрүк халқы ел еткен елін ШЫҒАНДАЙ тастап жытқан,

7. қаған сайлаған қағанын жітіре тастаған, зытқан. (Солай барған) табғаш халқына (әкесі) бекзат ер баласымен құл болды, (анасы) сұлу қыз баласымен күң болды. Түрүк бектері түрүк атын тастап, табғаштық бектер – табғаш атын тұғынып, табғаш қағанына



8. körmis, elig jyl işig-küçig birmis. Ilgerü – kün tüuyysyqda – Böklig qayanyqa tegi sülejü birmis. Quryyarü Temir qaryuqa tegi sülejü birmis. Tabyaç qayanyqa ilin-törtisün aly birmis. Türuk qara qamüy

9. büdüny ança tımis: «İllig büdün ertim, ilim amty qany? Kimke ilig qazyanür men?», – tır ermıs, «Qayanlyy büdün ertim, qayanym qany? Ne qayanqa işig-küçig bürürmen?», – tır ermıs. Ança tip, tabyaç qayanyqa jayy bolmys<sup>2</sup>.

10. Jayy bolyp, itinü, jaratünü ümm, adüq, jana içikmis. Bünça işig-küçig birtükgerü saqynmaty türuk büdüny: «Ölurejin, ürüysyratajyn», - tır ermıs, joqadı baryr ermıs. Üze türuk Täñirisı, türuk ydüq Jiri-

11. Süuby ança tımis: «Türuk büdüny joq bolmazün,- tıjın, - büdün bolcün» - tıjın, qayym İterıs qayanyy, ögim İlbilge qatünuy Täñiri töpesinte tıtyp, jöggerü kötürmis erinç. Qayym qayan jiti jegirmi erin tyşyqmys<sup>2</sup>. «Tyşyra

12. joryjür» - tıjın kü esidip, balyqdaay tayyqmys, taydaay inmis. Tırilip jetmis er bolmys<sup>2</sup>. Täñiri küç birtük üçün, qayym qayan süsi böri teg ermıs, jayysy qojn teg ermıs. Ilgerü, quryyarü sülep, tırmıs, qobyrat(myş). (Qa)müyü

8. бағынған, елу жыл іс-күшін берген. (Сөйтіп) ілгері – күн шығыста – Бөккі қағанына дейін жорық жасай берген. Кері қарай Темір қақпаға дейін жорық жасай берген. Табғаш қағанына (өзінің түрүк халықтарының) елін-билігін алып бере берген. (Содан соң) түрүк қара бұқара

9. халқы былай деген: – Елді халық едім, елім енді кәні? Кімге елді құрып орнатамын? – дер екен, – Қағанды халық едім, қағаным кәні? Қандай қағанға іс-күшімді берермін? – дер екен. Осылай деп, табғаш қағанына (қайта) жау болған.

10. Жау болып, (ел болып) құрылып нығая алмай, қайта бағынған. (Бұдан кейін) бұнша іс-күшті беруді қаламай түрүк халқы: – Өздерімізді өздеріміз жояйық, ұрықсыз қалдырайық, – дер екен, (сөйтіп) жоғалуға бет алған екен. Үс(т)те түрүк Тәңірісі – аспаны, түрүктің қасиетті Жері-

11. Суы былай деген: – Түрүк халқы жоқ болмасын, – деп, – Халық болсын, – деп, әкем Ілтеріс қағанды, шешем Ілбілге қатынды Тәңірі төбесінде ұстап, жоғары көтерген екен. Әкем қаған он жеті ерімен (үкіметке бағынудан бас тартып) сыртқа шыққан. «Сыртта

12. жорықта жүр» деген хабарды есітіп, қаладағы тауға шығыпты, таудағы төменге түсіпті. Жиылып (бәрі) жетпіс ер болған. Тәңірі күш бергендіктен, әкем қағанның әскері бөрідей болған, жауы қойдай болған. Ілгерілі-кейінді (шығысқа-батысқа) жорық жасап, жинаған, көбейт(кен). (Бар)лығы

13. jeti jüz er bolmys<sup>2</sup>. Jeti jüz er bol-  
yp, elsiremıs, qağansyramys<sup>2</sup> bñdñnyy,  
kñnedmıs, qñladmys<sup>2</sup> bñdñnyy, tñrñk  
tñrñsñn yçñnymys<sup>2</sup> bñdñnyy eçñm-apam  
tñrñsñnçe jaratmys<sup>2</sup>, boşyñrmys<sup>2</sup>. Tñlñs,  
tardñš (bñdñnyy anta etmñš),

14. jabyñy, šadyy anta bermıs. Bñrñje  
tabyaç bñdñny jayy ermıs. Jyraja baz  
qağan – toqñz oññz bñdñny jayy ermıs.  
Qyrqyz, qñryqan, otñz tatar, qytajn, ta-  
taby – qop jayy ermıs. Qañym qağan  
bñnça...

15. qyryq artñq(y jñt)ñ joly sñlemıs,  
jegñrmñ sñññs sñññsmıs, tññrñ jarylqadñq  
ñdñn ñllñgñ ñlsñretmıs, qağanyyyy  
qağansyratmys<sup>2</sup>, jayyy baz qylmys<sup>2</sup>,  
tizlñgñ sñkñrmıs, bašlyyyy jñkñntñr(mıs).  
Qañym qağan ñnçe ñlñgñ),

16. tñrñg qazyanyyp, ñça barmys<sup>2</sup>. Qañym  
qağanqa bašlajñ baz qağanyy balbal  
tñkmıs. Ol tñrñde ñze eçñm qağan olñrty.  
Eçñm qağan olñrypan, tñrñk bñdñnyy  
JÄNEÇE, ANÇA-ANÇAÇA ñtdñ, ñgñttñ,  
çyñajnyy (baj qylty, azyy ñkñsqylty).

13. жеті жүз ер болған. Жеті жүз  
ер болып елсіреген, қағансыраған  
халық - елді, күнденген, құлданған  
халық - елді, түрүк билік-заңын  
тәрк еткен халық - елді ағамыз –  
ұлұқ билеушіміздің билік - заңынша  
орнатқан, ой-таным, үгіт-насихат,  
дәстүр-салтын жүргізген. Төліс,  
тардұш (елдік құрылымдарды, оның  
халықтарын сонда құрған),

14. (оларға) жабғысын, шадын сонда  
берген. Беріде (оңтүстікте) табғаш  
халқы жау болған. Алыста, шет-  
те (солтүстікте) Баз қаған – тоғыз  
оғыз халқы жау болған. Қырғыз,  
құрықан, отұз татар, қытайн, татабы  
– бәрі түгел жау болған. Әкем қаған  
бұнша (халықты бағындырып ел ету  
үшін)

15. қырық (жет)і жолы жорық жасаған,  
жиырма соғыс жүргізген, Тәңірі  
жарылқағандықтан елдіні елсіреткен,  
қағандыны қағансыратқан, жауды  
бейбіт, тату қылған, тізеліні шөктірген,  
бастыны жүгіндір(ген. Әкем қаған  
осынша елді,)

16. билік-заңды орнатып, қайтыс  
болған (тура мағынасы: (жаны) ұша  
барған-ұшып кеткен). Әкем қағанға  
(басын) бастап Баз қағанның бал-  
балын қойған. Ол (кездегі) билік  
үстінде ағам қаған отырды. Ағам  
қаған отырып, түрүк халқын жәнеше,  
осынша-осыншаша нығайтты, көтер-  
ді, кедейді (бай қылды, азды көп  
қылды).



17. Eçim qayan olürtüqda, özim tardüş  
büdüny tize şad ertim. Eçim qayan birle  
ilgerü – AJAŞ QONQ İLİNKİ İGİTÇİSİ  
SARYĞ ÖGÜZ, Şantūj jazyqqa tegi  
süledimiz, qūryarū – Temir qaryuqa tegi  
süledimiz, Kögmen aša qy(rqyz jiriñe  
tegi süledimiz),

18. qamūyy biş otüz süledimiz, üç  
jegirmi sūñüşdimiz, illigig ilsiretdimiz,  
qayanlyyyy qayansyratdymyz, üzligig  
söktürtimiz, başlyyyy jüküntürtimiz.  
Türgis qayany türükümüz (büdünym erti.  
Bilmedükün)

19. üçün, bizñe jañyllıqyn<sup>2</sup> üçün qayany  
ölti. Būjrūqy, begleri jeme ölti. On oq  
büdüny emgek körti. «Eçümüz-apamyz  
tütmys Jir-Sūub idisiz bolmazün», - tijin,  
YZ, QYRQYZ BÜDÜNYĞ İTTÜ, KÜN  
ÜÇÜN, JARATT, ŪQÜN ÜÇÜN  
SÜLEDİMİZ.

20. Barys beg erti. Qayan at būnta biz  
birtimiz. Siñlim OTÜQ ÜNCÜJYĞ  
birtimiz. Ōzi jañylty, qayany ölti. Būdūny  
kūñ, qūl bolty. «Kögmen Jiri-Sūuby idisiz  
qalmazün» tijin, yz, qyrqyz бүдүнүy  
jarat(yp keltimiz, ilin)

21. jana birtimiz. Ilgerü Qadyraқан  
jyşyū aša, ASYZ SARYĞ ÖGÜZGEÇE

17. Ағам қаған отырғанда, өзім  
тардұш халқы үстінде шад едім. Ағам  
қағанмен бірге ілгері (шығыста) –  
АЙАУЛЫ ҚОНҚ (ХҰН) ЕЛІНІҢ  
НЫҒАЙТУШЫСЫ, КӨРКЕЙТУШСІ  
САРЫ ӨЗЕН-ДАРИЯСЫ, Шантұн  
жазығына дейін жорық жасадық,  
кейін қарай (батыста) – Темір қақпаға  
дейін жорық жасадық, Көгменнен  
аса қы(рғыз жеріне дейін жорық  
жасадық),

18. барлығы жиырма бес жорық  
жасадық, он үш соғыс жүргіздік, елдіні  
елсіреттік, қағандыны қағансыраттық,  
тізеліні шөктірдік, бастыны жүгін-  
дірдік. Түргеш қағаны түрүгіміз (хал-  
қым еді. Білмегендігі)

19. үшін, бізге жаңылып жазғандығы  
үшін қағаны өлді. Бұйрұғы, бектері  
де өлді. Он оқ халқы бейнет көрді.  
«Аталарымыз-ұлұқ билеушілеріміз  
тұтынып ұстаған Жер-Су иесіз болма-  
сын» – деп ЫЗ, ҚЫРҒЫЗ ХАЛҚЫН  
ҚҰРУ, БІРІКТІРУ ҮШІН, ОРНАТУ  
(ҰЛЫ ҚАҒАНАТ) ҮШІН ЖОРЫҚ  
ЖАСАДЫҚ.

20. (Оларда) Барыс бек еді. (Оған)  
қаған атын бұнда біз бердік.  
Қарындасым, ОТАУ БИБІСІН (де)  
бердік. (Елдің) өзі жаңылды, қағаны  
өлді. Халқы күн, құл болды. «Көгмен  
жері-суы иесіз қалмасын» – деп, ыз,  
қырғыз халықтарын құр(ып келдік,  
елін)

21. қайта бердік. Ілгері (шығыста) –  
Қадырақан тауынан аса, АСЫЛ САРЫ

büdünyy anča qontürtymyz, anča itdimiz. Quryyarı KENĞÜU ARYS, SAMŪURQANT, Tarmanqa tegi türük büdünyy anča qontürtymyz, anča itdimiz. Ol ödke qül qüllyy bolmys<sup>2</sup> ertı, (kün küñlig bolmys<sup>2</sup> ertı, inisi eçisin bilmez ertı, oğuly qanyn bilmez ertı).

ӨЗЕНГЕ ШЕЙІН халықты осынша қондырдык, осынша етіп игердік, көтердік. Кейін қарай (батыста) – КЕҢГҮУ АРЫС (// ҚАҢҒУ АРЫС – ҚАҢЛЫ-ОҒЫЗ ХАНДЫҒЫ), САМАРҚАНТ, ФЕРҒАНАҒА дейін түрүк халықтарын осынша қондырдык, осынша етіп игердік, көтердік. Ол заманда күл күлды болған еді, (күң күнді болған еді, інісі ағасын білмес еді, ұлы әкесін білмес еді).

22. Anča qazyanmys<sup>2</sup>, itmis ilimiz, törümüz ertı! Türük, oğuz begleri, büdüny, büny esidıñ! Üze Täñiri basmasar, asyra Jir tilinmeser, türük büdüny, ilinjin, törünjin kim arytaty?! (Türük büdüny,)

22. Осылай етіп орнатқан, көтерген еліміз, билік - заңымыз еді! Түрүк, оғыз бектері, халықтары, бұны есітіндер! Үс(т)тен Тәңірі – аспан баспаса, ас(т)тан Жер айрылмаса, түрүк халқы, еліңді, билік-заңыңды кім ірітеді, арытады?! (Түрүк халқы),

23. ökün! Körgünjin üçün igidmis bilge qayanyña, ermıs, barmys<sup>2</sup> edgü ilinje kentü janyltyy, JABANÇLYQ DŽEK KELİRTİĞ, DŽANQ ERTTİRTİĞ, MERT ERTTİRTİĞ, SYRT ERTTİRTİĞ! Jaraqlyy qantan kelip, JYDŽYRTA eltdi?! Sünjüglig qantan kelipen, süre eltdi?! Ydūq Ötükön jynš (baryyña bardyy).

23. өкініп ойлан! Табғашқа (қытайға) бағынғаның үшін, көркейткен, нығайтқан дана қағанына, (оған) ерген, барған игі еліңе өзін жазып-жаңылдың, ЖАМАН(ДЫ), ЖАМАНШЫЛЫҚТЫ ЖЕК (ШАЙТАН) КЕЛТІРДІҢ, ҚЫРҒЫН, СОҒЫС ЖАСАТТЫҢ, (ОНЫ) МЕРТ ЕТКІЗДІҢ, СЫРТ БОЛДЫРТТЫҢ! Қару-жаракты қайдан келіп, ЖЫРЫП әкетті?! Сүңгілі қайдан келіп, сүре тартып әкетті?! Қасиетті Өтүкен тауына (барудай бардың).

24. ilgerü baryyña bardyy. Quryyarı baryyña bardyy. Bardūq jirde edgüg ol erinç: qanyñ süubça jügürti, sünjökün tayça jatdy, beglik üry oğulyñ qül bolty, silik qyz oğulyñ küñ bolty! Bilmedük üçün, (jabançlyquynyn üçün eçim qayan uça bardy).

24. (Ілгері (шығысқа) барудай бардың. Кейін қарай (батысқа) барудай бардың. Барған жердегі тапқан игілігің мынау екен: қаның суша ақты, сүйегің тауша жатты, бекзат ер балаң күл болды, сұлу қыз балаң күң болды!



25. Başlajū qırqyz qayanyū balbal tıkdım. «Türük bñdñnyū aty-küsı joq bolmazñn<sup>2</sup>» tıjın, qañym qayanyū, ðgım qatñnyū kõtürmıř Tañırı, il birıgme Tañırı: «Türük bñdñny aty-küsı joq bol(mazñn)» tıjın, özımın ol Tañırı)

26. qañan olürtdy erınc. Neñ jyls<sup>2</sup>yū bñdñnqa olürmadym. İcıre ařsyz, tyřyra tonsyz, JABASY ARTYSYCYR, JABANZ, JABANDŽ-JABANDŽLYQ bñdñnta üze olürtym. İnım Kültıgın bırle sözleřdımız. «Qañymyz, eçımız qaz(ñanmyř bñdñn aty-küsı joq bolmazñn)»

27. tıjın, türük bñdñny ücün tñn üdymadym, күntüz olürmadym. İnım Kültıgın bırle, ekı řad bırle ölü-jıtü qazñantym. Ança qazñanyp TÛTASYQ, BİRİKİNCİ, ESLES İL İTT<sub>5</sub>ÜKİNCİ bñdñnyū ot-sñub qylmadym. Men (özım qañan olürtñqyma jır sañı)

28. barmyř bñdñn ölü-jıtü, jadañyn-jalañyn jana keltı. «Bñdñnyū ğıdeñın» tıjın jyrarū oñız bñdñny tapa, İlgerü qytajñ, tataby bñdñny tapa, bırgerü tabyaç tapa ùlñy sü ekı jegırmı... (sñññřdım. Anta)

Білмегендігінен, (жамандығыңнан ағам қаған (да) қайтыс болды).

25. (Басын) бастап қырғыз қағанының балбалын қойдым. «Түрүк халқының аты, даңқы жоқ болмасын» – деп, әкем қағанды, шешем қатынды көтерген Тәңірі, ел берген Тәңірі: «Түрүк халқы аты, даңқы жоқ бол(масын)» – деп өзімді ол Тәңірі)

26. қаған отырғызған еді. Не бір дыйлы халыққа (қаған) отырмадым. Іші ассыз, сырты тонсыз (киімсіз), жапасы АРТЫСЫСҚАН, НАШАР, ЖАМАН-ЖАМАН(ДЫ) халықтың үстінде (таққа) отырдым. Інім Күлтегін екеуіміз сөйлестік (кеңестік, бір пікірге келдік). «Әкеміз, ағамыз құ(рып орнатқан түрүк халқының аты, даңқы жоқ болмасын)»

27. деп, түрүк халқы үшін түн ұйықтамадым, күндіз отырмадым. Інім Күлтегінмен бірге, екі шадпен бірге өліп-өшіп орнаттым. Осынша құрып-орнатып, ТҰТЫП ОТЫРҒАН, БІРІККЕН, ДОСТАС ЕЛ ЕТКЕН халықты от-су (қарсы) қылмадым. Мен (өзім қаған отырғанымда жер сайын)

28. барған халық өліп-өшіп, жаяу-жалаңаш қайта келді. Халықты көтерейін деп солтүстікке, оғұз халқына қарай, ілгері (шығысқа) қытайн, татабы халықтарына қарай, бері қарай (оңтүстікке) табғашқа қарай үлкен (ауыр) әскермен он екі (рет соғыстым. Содан)

29. kǐsire Tǎñrǐ jarylqazũ, qũtym bar ũcũn, ũlũgĩm bar ũcũn, ōlteĉĩ bũdũnyy tĩrĩgĩrũ ģĩttĩm, jalaŋ bũdũnyy tonlyy, ĉyŋajŋ bũdũnyy baj qyltym, az bũdũnyy ũkũš qyltym, yŋyr ellĩgde, (yŋyr qaŋanlyyda jeg qyltym, tōrt bũlũndaqy)

29. кейін Тәңірі жарылқап, (өзімнің) құт-бағым барлығынан, үлүк-үлесім барлығынан, (келешекте) өлмекші халықты тірілте көтердім, жалаңаш халықты тонды (киімді), кедей халықты бай қылдым, аз халықты көп қылдым, ығыр, егескен елдіктегілерді, (ығыр егескен қағандықтағыларды қайырымды, жақсы қылдым, төрт бұрыштағы)

30. bũdũnyy qop baz qyltym, jaŋys<sup>2</sup>yz qyltym, qop maŋa kōrtĩ. Isĩg-kũĉĩg bĩrũr bũnĉa tōrũg qazyanyy, ĩnĩm Kũltĩgĩn ōzĩnĉe kergek bolty. Qaŋym qaŋan ũĉdũqda, ĩnĩm Kũltĩgĩn jĩ(tĩ jašda qalty. On jašda)

30. халықты түгел тату, бейбіт қылдым, жаусыз қылдым, барлығы маған бағынды. Ис-күшті берер осынша билік-заңды құрып, орнатып, інім Күлтегін өз ажалынан қайтыс болды (тура мағынасы: жаны Тәңіріге) керек болды). Әкем қағанның (жаны көкке) ұшқанда (қайтыс болғанда), інім Күлтегін же(ті жаста қалды. Он жаста)

31. Ŭmaj teg ōgĩm qatũn qũtyŋa ĩnĩm Kũltĩgĩn er at bolty. Alty jegĩrmĩ jašyŋa eĉĩm qaŋan ĩlĩn, tōrũsĩn anĉa qazyanty. Alty ASYZ ARYS ALĉŪNQ TABY, SART, QOQANQ, BŪQAR, SARYĜ NOĜAD, SOĜŪD, D<sub>2</sub>AQ tapa sũledĩmĩz, bũzdymyz. Tabyaĉ Oŋ tũtũq bĩs t(ũmen sũ keltĩ, sũŋũsdĩmĩz).

31. Ұмайдай (Хауа анадай) шешем-қатынның – құт-бағына інім Күлтегін ер атанды (атын алды). Он Алты жасында ағам қағанның елін, билік-заңын сонша құрып, орнатты. Алты АСЫЛАРЫС АЛШЫН ТАБЫ, САРТ, ҚОҚАН, БҰҚАР, САРЫ НОҒАЙ, СОҒДЫ, ДАҚҚА (АДАЙҒА) қарай жорық жасадық, қираттық. Табғаш Оң тұтұқ (бастап) елу мың (әскер келді, соғыстық).

32. Kũltĩgĩn jadaŋyn, oplajũ tegdĩ. Oŋ tũtũq joryĉyn<sup>2</sup>, jaraqlyy elĩgĩn tũtdy. Jaraqlyydy qaŋanqa anĉũlady. Ol sũg anta joqqyšdymyz. Bĩr otũz jašyŋa ĉaĉa sãŋũnke sũŋũšdĩmĩz. Eŋ ĩlkĩ, Tadyqyn Ćoryŋ boz(atyy bĩnĩp tegdĩ, ol at anta)

32. Күлтегін жаяу, омыраулай, опыратиді. Оң тұтұқтың бастаушысын, қару-жарақтыларын (өз) қолымен ұстады Қару-жарақтыларды қағанға еншілеп олжа салды. Ол әскерді сонда жоқ қылдық. Жиырма бір жасында Чача сәңүнмен соғыстық. Ең ілкі, Тадықын Шордың боз (атын мініп тиді), (ол ат сонда)



33. ölti. Ekinti, Yšbara Jamtaryñ ARYNČY boz atyñ biniñ tegdi, ol at anta ölti. Üçünči, Jigın Silig begiñ kidiñlig toryy at biniñ tegdi. Ol at anta ölti. Jaraqynta, jalmasynta jüz artuq oqun ũrtu. Jizki bašyña bir teg(ürmedi)...

34. tegdükin, türük begleri, qop bilirsiz! Ol süg anta joqqyšdymyz. Anta kisire Jir Baj arqū-Ūlūy Irkin jayy bolty. Any jainyyp Törgi Jaryūn költe büzdymyz. Ūlūy Irkin az qyjna erin tezip bardy. Kültigin (alty otüz)

35. jašyña qyrqyz tapa süledimiz. Stüñüg batymy qaryy sökipeñ, Kögmen jyšyy tüuğa joryp, qyrqyz büdünyy ŪDŪRTA, DŽODŪRTA, SYDYRTA basdymyz. Qağanyñ<sup>2</sup> birle Süña jynšda stüñüşdimiz. Kültigin Baj aruqun(yñ aq adyryy)

36. biniñ oplaju tegdi. Bir erig oqun ũrtu, eki erig ũdyšyrū sančdy. Ol tegdükde Baj arquñyñ aq adyryy ũdlyqyn<sup>2</sup> s<sup>2</sup>yju ũrtu. Qyrqyz qağanyñ<sup>2</sup> ölürtimiz, ilin altymyz. Ol jylqa tür(gis tapa Altūn jynšy)

37. tüuğa, Ertis ögüzig keče, jorydymyz. Türgis büdünyy ODŽDŽODŪRTA, ŪDŪRTA, SYDYRTA basdymyz. Türgis qağany süsi Bolčuda otča, BORANČA kelti, süñüşdimiz. Kültigin bašy boz at biniñ tegdi. Bašy boz k ...

33. өлді. Екінші, Ышбара Йамтардың АРЫНШЫ боз атын мініп тиді, ол ат сонда өлді. Үшінші, Йегін Сіліг бектің ер-тоқымды торы атын мініп тиді, ол ат сонда өлді. Қару-жарағына, сауытына жүзден артық оқ тиді. Ізгі басына бір (де оқ) тиг(ізбеді).

34. (Оның жауға қалай) тигенін, түрүк бектері, бәрің түгел білерсіздер! Ол әскерді сонда жоқ қылдық. Одан кейін Бай арқұ (ұлы арғын) жері—Ұлұқ Еркін жау болды. Аны (өзенінен) қайтып, Төргі Йарғұн көлде қираттық. Ұлұқ Еркін аз ғана сарбазымен қашып кетті. Күлтегіннің (жиырма алты)

35. жасында қырғызға қарай жорық жасадық. Сүңгі бойы қарды бұзып, Көгмен тауынан өте жортып, қырғыз халқын ШАБУЫЛДАЙ, ЖОЯ, СЫДЫРТА бастық. Қағанымен Сұңа тауында соғыстық. Күлтегін Бай арқұқ (ның (ұлы арғынның) ақ айғырын)

36. мініп омыраулай, опыра тиді. Бір ерін оқпен атты, екі ерін кезекпе-кезек шанышты. Ол шабуылда Бай арқұқ ақ айғырының жамбасын сындыра ұрды. Қырғыз қағанын өлтірдік, елін алдық. Сол жылға тү(ргешке қарай Алтын (Алтай) тауына)

37. шыға, Ертіс дариясын кеше, жорық жасадық. Түргеш халқын (да) (дүниеден) ОЗДЫРА ЖОЯ, ШАБУЫЛДАЙ, СЫДЫРТА бастық. Түргеш қағанының әскері Болшұда отша, боранша келді, соғыстық. Күлтегін Башғұ боз атты мініп тиді. Башғұ боз к...



38. tütüzt(y). Ekisín ÖZİ ERTİS ÖĞİZKE  
YTYP, BATYLTZYDY. Anta jana kīrīp,  
tūrgīs qayany būjrūqy Yz tūtūqūy elīgīn  
tūtdy. Qayany anta ölürtīmiz, ilīn  
altymyz. Qara tūrgīs būdüny qop ičīkdī.  
Ol būdünyū Tabarda qo(ntūrtymyz. Jana  
joryp)

39. «SART, SARYĠ NOĠAD, D<sub>5</sub>AQ  
būdūn(y)n İtejīn», - tījīn Jīnčūu ögüzīg  
keče, Temīr qapyqqa tegī süledīmiz. Anta  
kīsire qara tūrgīs būdüny jayy bolmyš  
KEDĠÜUERİS tapa bardy. Bizīj sü aty  
tūrūq, azūqy joq ertī. JABANLYQ kīsī er  
...

40. alp er bīzīje tegmīš ertī. Antay ödke  
ökünīp, Kültīgīnīg az erīn İrtürü ytt<sub>5</sub>ym-  
yz. Ültūy sūñūš sūñūšmīš. Alp Šalčy aq  
atyn<sup>2</sup> bīnīp tegmīš. Qara tūrgīs būdünyū  
anta ölürmīš, almyš. jana joryp...

41. bīrle, (Q)ūšū tūtūq bīrle sūñūšmīš,  
erīn qop ölürmīs, ebīn bary(myn<sup>2</sup> qaly)  
Сондай-ақ осы кітаптың 12-бөлімінде дүниеден өткен жанға аза тұту мәселесі де ашып айтылған. Онда әкенің балаға, баланың әкеге, бауырдың бауырға, ананың қызға, қыздың анаға қанша күн аза тұтып, діни рәсімдерін өтеу керек екендігі де ашып айтылған. Түркі халықтарындағы марқұмның жетісін, қырқын һәм жылын беру секілді дәстүрлердің зороастрлық танымдармен астарласып жатқанын аңғару қиын емес.

Авеста – діни жоралғыларды насихаттайтын киелі кітап қана емес, сонымен бірге көне аңыз-әпсаналар мен хикаяларды қамтыған, өзіндік ұйқасқа құрылған жазба жәдігер. Заратуштраның айтқан даналық сөздері, негізінен, 8-9 буынды (кейбір жерлері 11-12 буынды) жыр жолдарынан тұрады. Әрі аруз емес, кәдімгі буын ұйқасы. Авестаның төртінші кітабы (72 тараудан тұратын) Заратуштраның айтқан сөздерінен тұратынын, үшінші бөлігі 22 бөлімнен тұратын Яшттардың мадақ жырлары екенін ескерсек, онда Авестаны өлеңмен өрілген киелі кітап деуге де негіз бар.

Ал Жақсылық (Аһура Мазда) пен жамандықтың (Ангра Маню) бітіспес тартысы, әлемнің жаратылуы, жер бетін мұз басуы, жан-жануарларды қолға үйрету, алғаш қала, қамал салу секілді оқиғалармен бірге, Жәмиид,

<sup>5</sup> Яғни, үйді қоритын ит.

<sup>6</sup> Материалды әлемнің жаратушысы.

<sup>7</sup> Яғни, қасиетті.



*Афрасияб, Гештасб секілді кейіпкерлердің бой көрсетуі бұл киелі кітапта фольклортанушылардың да үлесі бар екендігін аңғартса керек.*

*Адамзат тарихындағы ең көне жазба ескерткіштердің қатарынан саналатын Авеста – осы уақытқа дейін қазақ тіліне толық тәржімаланған жоқ. Біз «Ұлы дала жауһарлары» атты антологияны құрастыру барысында түркілік танымға, қазақы ұғымға жақын тұстарын ғана аударып бердік. Вендидатты аудару барысында Нашим Рази<sup>8</sup> баспаға дайындаған үш томнан тұратын Тегеранда басылған кітап пайдаланылды. Заратуштраның даналық сөздерін аударуда авестанушылар Армин Кисрауи мен Фируз Азәр Кишасбтың еңбектері басшылыққа алынды. Ал мәтіннің негізгі дереккөзі ретінде 1889 жылы Карл Ф.Гелднер<sup>9</sup> жариялаған мәтін алынды.*

*Төменде Авестаның Вендидат һәм Заратуштраның даналық сөздерінен тұратын Яиттың кейбір бөлімдері аударылып берілді.*



---

<sup>8</sup> *Нашим Рази. Вендидат: Ғанун-е зедд-е диу. I – III жилд. Тегран: Фикр-е руз, 1376ж.*

<sup>9</sup> *Karl F. Geldner. Avesta the Sacred books of the parsis. Stuttgard: W.Kohlhammer, 1889.*

## АУДАРМАСЫ

I ФРӘГӘРД<sup>0</sup>

(Аһура Мазда<sup>11</sup> жаратқан он алты елдің атауы мен белгісі және сол елдерде Аһриманның апаттарды жаратуы).

1. Аһура Мазда Спитама-Заратуштраға: «Ей, Спитама-Заратуштра, егер мен жанға жылу сыйлайтын жерді жаратпағанымда, ешбір жерде көңілді болмас еді. Ей, Спитама-Заратуштра, расында да, мен жанға жылу сыйлайтын жерді жаратпағанымда мына материалды әлемнің халқының бәрі Ирануиж<sup>12</sup>ға қарай ағылатын еді.

2. <sup>13</sup>

3. Мен, Аһура Мазда, ең алғаш жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым (жанға) жайлы Дайтие<sup>14</sup>дегі Ирануиж болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню<sup>15</sup> сол жерде рауизита жыланы<sup>16</sup> мен диюдін қысын да жаратты.

4. Ол жерде он ай қыс, екі (ай) жаз болады, осы (он айда) су қатып, жер мұздап, өсімдіктер үседі.

Ол жер – қыстың ортасы, ол жер – қыстың жүрегі, ол жерде қыста алыс жерлердің бәрін топан су басады.

5. Мен, Аһура Мазда, екінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым Соғдылардың мекені Гауа болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде қан қақсататын төрт аяқты шыбын<sup>17</sup>ды жаратты.

6. Мен, Аһура Мазда, үшінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым батыл да ержүрек халқымен Мару<sup>18</sup>ды жараттым.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде қанішер, бас кесер және құлақсыз (күнәһарларды) жаратты.

7. Мен, Аһура Мазда, төртінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым сұлу, керемет Балхты жараттым.

<sup>10</sup> Бөлім.

<sup>11</sup> Мейірімді жаратушы.

<sup>12</sup> Арийлардың алғашқы мекені.

<sup>13</sup> Біздің қолымыздағы қолжазбада бұл бөлім дұрыс сақталмаған.

<sup>14</sup> Бүгінгі Амудария өзені.

<sup>15</sup> Жауыз рух.

<sup>16</sup> Аждаһа немесе үлкен қызыл жылан.

<sup>17</sup> Маса, шіркей.

<sup>18</sup> Бүгінгі Мерв.



Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде бәрәуәрә<sup>19</sup>, әусаза<sup>20</sup> және нурту<sup>21</sup>ды жаратты.

8. Мен, Аһура Мазда, бесінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым Мару мен Балхтың ортасында орналасқан Нисайа<sup>22</sup> болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде имансыз күнәні жаратты.

9. Мен, Аһура Мазда, алтыншы жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым өлім сәті келген уақытта үйді босататын Герат болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде көз жасы мен қайғыны жаратты.

10. Мен, Аһура Мазда, жетінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым кірпілер демалатын Уэкирিতә<sup>23</sup> болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде Кершасбқа жабысқан Ханансаити періні жаратты.

11. Мен, Аһура Мазда, сегізінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым жайылымы мол Уруэй болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде барлық жерге тарайтын күнәһарларды жаратты.

12. Мен, Аһура Мазда, тоғызыншы жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым Уһиркана<sup>24</sup> жерлерінен Хнинта болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде тәубесіз күнәһарлар мен кунмәрзилар<sup>25</sup>ды жаратты.

13. Мен, Аһура Мазда, оныншы жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым әдемі Һарахуаити<sup>26</sup> болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде өлікті жерлейтін<sup>27</sup> тәубесіз күнәһарларды жаратты.

14. Мен, Аһура Мазда, он бірінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым салтанатты һәм тамаша Һайтуманти болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде сиқыршы күнәһарларды жаратты.

<sup>19</sup> Шағатын жәндіктер.

<sup>20</sup> Улы өсімдік.

<sup>21</sup> Мағынасы анық емес, не жәндік, не улы өсімдіктермен қоректенетін жануар.

<sup>22</sup> Бүгінгі Түркіменстан жерінде орналасқа көне мекен.

<sup>23</sup> Бүгінгі Кабул болуы мүмкін.

<sup>24</sup> Бүгінгі Каспий жағалауындағы Горган (Астрабад) қаласы.

<sup>25</sup> Гомосексуалистер.

<sup>26</sup> Ғалымдардың айтуынша, Ауғаньстанның оңтүстік жағындағы Қандағардың төңірегіндегі мекен.

<sup>27</sup> Мұнда өлікті яғни өлген адамды жерге көметіндерді айтып отыр. Зороастр дінінің дәстүрі бойынша, өлген адам жерге көмілмейді, көмсе күнә саналады.



15. Осы (сиқыршы) сол жерден (Һилмандтан) табылады. (Оларды) табу қиындық туғызбайды. Сондықтан да (Һилманд халқы) құдіретті сиқыршылыққа жүгінеді.

Онда (сиқыршылардың) сиқыршылары бар.

Олар онда тасбақа мен шегіртке (секілді) зиянкес, жаман, бұзық істерді жа-сау үшін жиналады.

16. Мен, Аһура Мазда, он екінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым үш тайпа<sup>28</sup>лы Рей болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде есепсіз имансыздарды жаратты.

17. Мен, Аһура Мазда, он үшінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым жеңімпаз әрі батыл Чахр болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде өліктерді өртейтін тәубесіз күнәһарлар тұрады.

18. Мен, Аһура Мазда, он төртінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым Жылан Даһакты өлтірген Фаридун туған төрт бұрышты Уәринә болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол мемлекетте әдеттен тыс еттекірлер мен аритекті еместерді қаптағты.

19. Мен, Аһура Мазда, он бесінші жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым Үндістанның шығысындағы Батхар жақтағы Һапта-Һинду<sup>29</sup> болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде уақыттан тыс (келетін) еттекірлер мен қатты ыстықты жаратты.

20. Мен, Аһура Мазда, он алтыншы жаратқан әдемі жерлерім мен қалаларым (адамдар) басшысыз әрі патшасыз өмір сүретін Ранг бұлақтарына жақын (жер) болатын.

Сонда өлімге құштар Ангра Маню сол жерде диюдін қысы мен зілзаланы жаратты.

21. Бұлардан басқа берекелі, қадірлі, жақсы, әдемі қалалар мен жерлер де бар.

## 2 ФРӘГӘРД<sup>30</sup>

I. (Жәмшидтің Аһура Маздамен сөйлескені; Жәмшид пайғамбарлықты қабылдамағаны; Һурмуздың оның материалды әлемін тәрбиелеуге және жабдықтау туралы ұсыныс жасауы; Жәмшид материалды өмір мен жерді кеңейтеді; Топан (су) мен оның салдары).

1. Заратуштра Аһура Маздадан: «Ей, Аһура Мазда! Ей, Минуи! Ей, ең пәк! Ей, Материалды әлемнің төрешісі! Ей, қасиетті! мен Заратуштрамын, менен басқа

<sup>28</sup> Кейбір ғалымдар үш тайпаға арилықтар, турандықтар және самдықтарды жатқызған.

<sup>29</sup> Бүгінгі Пенжаб.

<sup>30</sup> Бөлім.



қандай адам баласымен сөйлесіп, (кімге) Заратуштра-Аһура дінін үйреттің?», – деп сұрады.

2. Сонда Аһура Мазда: «Ей, Ашу-Заратуштра! Мен, Аһура Маздамын, адам баласының ішінен әдемі отар малы бар Жәм<sup>31</sup>мен сөйлесіп, (оған) Заратуштра-Аһура дінін үйреттім», – деді.

3. Сонда оған: «Ей, Заратуштра! Мен, Аһура Маздамын, дайын бол! Ей, көркем мінезді Жәм, Йунғһананың баласы, Менің дінімді насихаттаушы және таратушы бол!», – дедім.

Сол сәтте көрікті Жәм: «Ей, Заратуштра! Мен дінді таратып, насихаттау үшін жаратылған әрі үйретілген жоқпын», – деп жауап берді.

4. Ей, Заратуштра, мен Аһура Маздамын, сонда оған: «Ей, Жәм, егер менің дінімді насихттауға, таратуға дайын болмасаң, онда менің әлемімді аскақтат! Ендеше менің әлемімді қуанышқа бөле! Менің әлемімді асыра, сақта, қорға!», – дедім.

5. Көрікті Жәм маған сонда: «Ей, Заратуштра! Мен сенің әлемінді аскақтағам! Мен сенің әлемінді қуанышқа бөлеймін. Сенің әлемінді асыраймын, сақтаймын әрі қорғаймын! Менің билігімде суық та, ыстық та, ауру да, өлім де болмайды», – деп жауап берді.

6. (Аһриман Жәмшидке): «Дио қалаған ойды айт. Содан кейін ер жеткен (мақтауға лайықты Йунғһананың Жәмін мадақтаймыз). Халықты басқарды. Аяқ астынан өз тілінің кесірінен қадір-қасиетінен айырылып (күнәһар болды). Өз (ісінен) қор болды. Сол (ісінен) опат болды», – деді.

7. Мен, Аһура Мазда, оған екі нәрсені, (яғни) алтын мүйіз бен алтынмен апталған қамшыны бердік. (Міне) енді Жәм патшалықтың иесі.

8. Жәм патшалығына үш жүз қыс<sup>32</sup> болды. Мына жер жануарларға, халыққа, иттерге, құстарға, қызыл жалынды отқа толды. Сонда үй жануарлары мен халық үшін (тұратын) жер болмады.

9. Сонда Жәмге: «Ей, Йунғһананың көрікті Жәмі! Мына жер жан-жануарларға, үй малдарына, халыққа, итке, құстарға, жалындаған қызыл отқа толып кетті. (Бірақ) үй жануарлары мен адамдар (тұратын) жер табылмауда», – деп ескерттім.

10. Сонда Жәм күннің жартысында күн сәулесіне қарай асықты да, алтын мүйізді жерге қадап, алтын қамшымен (сабалап): «Ей, құрметті Спиндармат! Үй жануарлары мен адамдардың жүріп-тұруы үшін кеңейіп, үлкей!», – деді.

11. Содан Жәм жерді бұрынғы қалпынан үштен бірге үлкейтті. Үй жануарлары мен адамдар қалауынша жүріп тұратын болды. Армандары орындалды.

<sup>31</sup> Яғни, Жәмшид

<sup>32</sup> Жыл, яғни үш жүз жыл.

12. Жәм патшалығына алты жүз қыс<sup>33</sup> болды. Мына жер жан-жануарларға, үй малдарына, халыққа, итке, құстарға, жалындаған қызыл отқа толып кетті. Үй жануарлары мен адамдардың қалуы үшін орын қалмады.

13. Сонда Жәмге: «Ей, Йунғһананың көрікті Жәмі! Мына жер жан-жануарларға, үй малдарына, халыққа, итке, құстарға, жалындаған қызыл отқа толды! Үй жануарлары мен адамдардың қалуы үшін орын қалмады», – деп ескерттім.

14. Сонда Жәм күннің жартысында күн сәулесіне қарай асықты да, алтын мүйізді жерге қадап, алтын қамшымен (сабалап): «Ей, құрметті Спиндармат! Үй жануарлары мен адамдардың жүріп-тұруы үшін кеңейіп, үлкей!», – деді.

15. Содан Жәм жерді бұрынғы қалпынан үштен бірге үлкейтті. Үй жануарлары мен адамдар қалауынша жүріп тұратын болды. Армандары орындалды.

16. Жәм патшалығына тоғыз жүз қыс<sup>34</sup> болды. Мына жер жан-жануарларға, үй малдарына, халыққа, итке, құстарға, жалындаған қызыл отқа толып кетті. Үй жануарлары мен адамдардың қалуы үшін (тағы да) орын қалмады.

17. Сонда Жәмге: «Ей, Йунғһананың көрікті Жәмі! Мына жер жан-жануарларға, үй малдарына, халыққа, итке, құстарға, жалындаған қызыл отқа толды! Үй жануарлары мен адамдардың қалуы үшін орын қалмады», – деп ескерттім.

18. Сонда Жәм күннің жартысында күн сәулесіне қарай асықты да, алтын мүйізді жерге қадап, алтын қамшымен (сабалап) (қасиетті сөздерді тілге алып<sup>35</sup>, жалынып, ел үшін ана жердің үлкейуін сұрады): «Ей, құрметті Спиндармат! Үй жануарлары мен адамдардың жүріп-тұруы үшін кеңейіп, үлкей!», – деді.

19. Содан Жәм жерді бұрынғы қалпынан (тағы да) үштен бірге үлкейтті. Үй жануарлары мен адамдар қалауынша жүріп тұратын болды. Армандары орындалды.

20. Содан кейін Жәмнің әділеттілігінің арқасында мың қыс өтті. Осы уақыт аралығында дүниеде туралық пен пәктік орнады.

21. Дайити<sup>36</sup>дің жағасында Ирануиж деген (жерде) әдемі отар малы бар Жәмшид ең жақсы ерлердің арқасында жиналыс өткізді.

II. (Ирануижда Аһура Мазданың Құдайлармен бірге Жәмшидпен сөйлесіп, оны қар мен топан судан қалай алып шығу туралы сұхбаттасқаны).

Дайити (өзенінің) бойындағы Ирануиждағы мәжіліске әділ Аһура Мазда мейірімді құдайлармен бірге келді.

Дайити (өзенінің) бойындағы Ирануиждағы мәжіліске әдемі отар малы бар Жәмшид ең жақсы ерлермен бірге келді.

<sup>33</sup> Жыл, яғни алты жүз жыл

<sup>34</sup> Жыл, яғни тоғыз жүз жыл.

<sup>35</sup> Яғни, дұға жасап.

<sup>36</sup> Кейбір деректерде Сырдария өзені екендігі айтылады.



22. Сонда Аһура Мазда Жәмге: «Ей, Йунғананың көрікті Жәмі! Мына материалды әлемге жаман қыс келіп, жан алушы қыс болады. Мына материалды дүниеге жаман қыс жетеді. Биік таудан қар бұлыттары келіп, Аридуи өзенінің тереңдігіндей қар түседі», – деді.

23. Ей, Жәм! Жануарлардың үштен бірі ғана аман қалады: биік таулар және өзен жағалауларындағы қауіпсіз жерлерде.

24. Ей, Жәмшид! Қыс пен топанға дейін бұл қыстақ жап-жасыл, абадан. Бірақ бірінші көп жауын (жауады), содан кейін қар (түседі), қар мен су араласып, мына материалды әлемнің ойранын шығарады. Бүгінде жануарлардың тұяқтарының іздері жатқан жерлерден одан кейін ешбір жануар көрінбей қалады.

25. Ендеше атқа мінетіндей көлемдіктегі төрт жақты<sup>37</sup> Уэр<sup>38</sup>ді жаса да, ішіне жан-жануарлардың, үй малдарының, халықтың, иттердің, құстардың, жалындаған қызыл оттың тұқымынан сал.

26. Сол жерде ұзындығы мың қадам болатын су ағызып қой. Алтын түстес, жегенге зиян емес құстарды судың айналасына орналастыр. Сонда тұру үшін үйлер, бөлмелер, қабырғалар, қорғандар тұрғыз.

27. Сонда мына жердегі ең әдемі, ең жақсы, ең үлкен деген (нәрселердің) еркек, ұрғашысының тұқымынан сал.

(Сондай-ақ) мына жер бетіндегі ең үлкен, ең әдемі, ең жақсы деген пайдалы жануарлардың барлық түрлерінің тұқымынан сал.

28. Мына жер бетіндегі ең әдемі, ең үлкен және ең жақсы деген өсімдіктердің тұқымынан сонда таста.

(Және) мына жер бетіндегі ең дәмді, ең тәтті, ең жақсы деген тамақтардың тұқымдарынан сал. Уэр үйлерінің айналасына соларды жұбымен (еркек-ұрғашы) таста.

29. Олардың арасында Ангра Маину<sup>39</sup>дің адамға салған (жаман) белгілерінен саналатын бүкір, бедеу, тентек, жынды, өтірікші, қортық, тісі қисық, алапес болмасын.

30. Заманауи (салынған) ауыл<sup>40</sup>ды(н) біріншісін тоғызға, ортасын алтыға, соңғысын үшке бөл.

Ең үлкен мәхәллаға ер-әйелден болған мың адамның ұрығын таста<sup>41</sup>;

Ортасына алты жүз, соңғысына үш жүз<sup>42</sup>.

Уэр үйлерін алтын соқамен жаса, және күннің көзі түсіп тұру үшін үйлерден есік пен терезе шығар.

<sup>37</sup> Яғни, төрт бұрыш.

<sup>38</sup> Зороастр діни аңыз бойынша Жәмшидтің адамдар мен жануарларды суық қыстан аман алып қалу үшін салған жері.

<sup>39</sup> Зұлым рух.

<sup>40</sup> Яғни, Жәмшид салдыртқан Уэр қамалы.

<sup>41</sup> Яғни, орналастыр.

<sup>42</sup> Адамды орналастыр.

31. Содан кейін Жәм: «Аһура Мазда айтқан Уәрді қалай тұрғызамын», – деген ойға қалды. Сонда Аһура Мазда Жәмге: «Ей, Йунғананың көрікті ұлы Жәм! Адамдардың балшықты илегеніндей, (сен де) мына жерді екі өкшеңмен таптап, екі қолыңмен езе бер», – деді.

32. Содан соң Жәм Аһура Мазданың айтқанындай жасай бастады. Адамдардың балшықты илегеніндей, жерді екі аяғымен таптап, екі қолымен езе берді.

33. Жәм кеңдігі атқа мінетіндей көлемдіктегі төрт бұрышты Уәрді тұрғызды. Сонда жан-жануарлардың, үй малдарының, халықтың, иттердің, құстардың, жалындаған қызыл оттың тұқымынан отырғызды.

34. Ұзындығы мың кадам болатын өзен ағызды. Алтын түстес, жегенге зиян емес құстарды судың айналасына орналастырды. Сонда тұру үшін үйлер, бөлмелер, қабырғалар, қорғандар тұрғызды.

35. Сонда мына жердегі ең әдемі, ең жақсы, ең үлкен деген (нәрселердің) еркек, ұрғашысының тұқымынан салды.

(Сондай-ақ) мына жер бетіндегі ең үлкен, ең әдемі, ең жақсы деген пайдалы жануарлардың барлық түрлерінің тұқымынан салды.

36. Жер бетіндегі ең әдемі, ең үлкен және ең жақсы деген өсімдіктердің тұқымынан тастады.

(Және) мына жер бетіндегі ең дәмді, ең тәтті, ең жақсы деген тамақтардың тұқымдарынан салды. Уәр үйлерінің айналасына соларды жұбымен (еркек-ұрғашы) отырғызды.

37. Олардың арасында Ангра Маину<sup>43</sup>дің адамға салған (жаман) белгілерінен саналатын бүкір, бедеу, тентек, жынды, өтірікші, қортық, тісі қисық, алапес еместерді орналастырды.

38. Заманауи (салынған) ауыл<sup>44</sup>ды(ң) біріншісін тоғызға, ортасын алтыға, соңғысын үшке бөлді. <sup>1</sup>

Ең үлкен мәхәллаға ер-әйелден болған мың адамның ұрығын тастады<sup>45</sup>;

Ортасына алты жүз, соңғысына үш жүз<sup>46</sup>.

Уәр үйлерін алтын соқамен жасады, және күннің көзі түсіп тұру үшін үйлерден есік пен терезе шығарды.

39. Заратуштра (Аһура Маздандан): «Ей, материалды әлемнің төрешісі! Ей, қасиетті! Ей, Аһура Мазда! Жәм тұрғызған Уәр үйлеріне жарық қайдан түсетін», – (деп сұрады).

40. Сол сәтте Аһура Мазда: «Өзі жасаған жарық түсетін. Барлық жарық жоғарыдағы шексіз жарық беретіннен түсетін. Барлық жарықты сыйлаушы төменге де жарық сыйлайды.

<sup>43</sup> Зұлым рух.

<sup>44</sup> Яғни, Жәмшид салдыртқан Уәр қамалы.

<sup>45</sup> Яғни, орналастыр.

<sup>46</sup> Адамды орналастыр.



Себебі (үйдің) ішіне күн, ай және жұлдыз шығып-батқанында (жарық) түсетін еді», – деп жауап берді.

41. Оларға бір күн бір жылдай түйілді. Олар әр қырық жылда екі ер, екі әйел дүниеге келді<sup>47</sup>. Жан-жануарлар да осы тәртіппен өмір сүрді. Осылайша Жәм тұрғызған үйлерде (осы тәртіп сақталды).

42. Заратуштра (Аһура Маздадан): «Ей, материалды әлемнің төрешісі! Ей, Қасиетті! Жәм тұрғызған Уэр үйлерінде маздаизм дінін кім насихаттады?», – деп сұрады. Сонда Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Каршипта құсы», – деді.

43. Заратуштра (Аһура Маздадан): «Ей, материалды әлемнің төрешісі! Ей, Қасиетті! Олардан кім төреші, кім діни көсем болды?», – деп сұрады. Сол сәтте Аһура Мазда: «(Ей,) Заратуштра, сен және (сенің) ұлың Уруэтәт», – деп жауап берді.

### 3 ФРӘГӘРД<sup>48</sup>

(Жердің қай жерлері көңілді әрі бақытты?)

1. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Әуелі мына жердің қай жерлері көңілді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра!

Күдіксіз, иманды адам (киелі) шөп қолында, барсам<sup>49</sup> қолында, сүт(тің ыдысы) қолында (өзінің) діни құлшылықтарын бар дауысымен айтып, жазық даланы сыйлаған Меһр<sup>50</sup> мен шөбі шүйгін жайылымды берген Рам<sup>51</sup>ға жалынып-жалбарынатын жер», – деп жауап берді.

2. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші мына жердің қай жерлері көңілді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Күдіксіз, иманды адам отпен, отар-табынмен, әйелмен, баламен, жақсы адамдармен және жануарлармен үй салатын жер»<sup>52</sup>, – деп жауап берді.

3. Сондай-ақ сол үйде көп отар (қой), көп табын (мал), көп жайылым, көп ит, көп әйел, көп бала-шаға, көп от, (яғни) жақсы өмір сүру үшін қажетті заттардың бәрі (болады).

<sup>47</sup> Яғни, әр қырық жылда екі жұп (екі бала, екі қыз) дүниеге келді.

<sup>48</sup> Бөлім.

<sup>49</sup> Барсам – зормоастрлық діни жоралғыда еолданылатын майда шыбықтар.

<sup>50</sup> Митра деп те аталады. Меһр – достық пен күн сәулесінің құдайы.

<sup>51</sup> Рам – жайылым жерлердің құдайы.

<sup>52</sup> Яғни, үйдің ішін балаға толтырып, мал ұстап, адамдармен жақсы қарым-қатынаста болған жер.

4. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші мына жердің қай жерлері көңілді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Күдіксіз, (адам) дәнді-дақылдарды мен жеміс беретін ағаштарды көп отырғызатын жер», – деп жауап берді.

5. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші мына жердің қай жерлері көңілді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Майда тұяқ (мал) пен ірі кара көп туатын жер», – деп жауап берді.

6. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші мына жердің қай жерлері көңілді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Майда тұяқ (мал) пен ірі қараның көп сиетін жері», – деп жауап берді.

II. (Қандай іс-әрекеттер жерге көңілсіз күй алып келеді?)

7. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Әуелі қай жерде жер өзін бақытсыз сезінеді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Өтірікші диюлардың жер астына бірге асығып кіретін Аризура<sup>53</sup> тауы<sup>54</sup>, күдіксіз, ең жаман жер», – деп жауап берді.

8. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші қай жерде жер өзін бақытсыз сезінеді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Күдіксіз, өлген адамдардың мүрделері мен ит өлекселерінің көмілген жері, күдіксіз, ең жаман жер», – деп жауап берді.

9. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Үшінші қай жерде жер өзін бақытсыз сезінеді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Күдіксіз, адамның мәйіттеріне толтырылған дәхме<sup>55</sup>, күдіксіз, ең жаман жер», – деп жауап берді.

<sup>53</sup> Зороастр діни сенімі бойынша үңгірлі тауларға айналған дию.

<sup>54</sup> Яғни, тамұқ дарбазасы.

<sup>55</sup> Зороастр дінінде дүниеден өткен адамдарды көмбестен, олардың мәйіттерін қолдан жасалатын үлкен тастарға қалдырады. Дәхме деп мәйіт қалдырылатын сол жерді айтады.



10. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Төртінші қай жерде жер өзін бақытсыз сезінеді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Аһриман<sup>56</sup>ның індері, күдіксіз, ең жаман жер», – деді.

11. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Бесінші қай жерде жер өзін бақытсыз сезінеді?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Иманды адам өз әйелімен, баласымен жарты жолда адасып кетіп, айқайлап жылап, былғанған топырақ», – деді.

III. (Қашан және қандай істермен жерді бақытқа бөлеуге болады?)

12. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Әуелі қандай адам мына жерді қатты қуанышқа бөлей алады?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Жерден иттің өлекселері мен адамның мәйіттерін қазып алған адам<sup>57</sup>, күдіксіз, (жерді қуанышқа бөлейді)», – деп жауап берді.

13. Ей, материалды әлемнің төрешісі!

Ей, қасиетті!

Екінші қандай адам мына жерді қатты қуанышқа бөлей алады?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра! Мәйіттерді тазарту үшін дәмелерді құрып, (қайта) қиратқан адам», – деп жауап берді.

## 12 ФРӘГӘРД<sup>58</sup>

1. «Егер әкесі немесе анасы қайтыс болса, ұлы әкесі үшін, ал қызы анасы үшін қаншалықты аза тұтуы керек? Діндарға қанша (уақыт), ал күнәһар адамға қанша (уақыт)?».

Аһура Мазда: «Діндар үшін отыз күн, күнәһар үшін алпыс күн», – деп жауап берді.

2. Ей, Мейірімді...

үйді қалай тазартамын? Қалай тазарған болып есептеледі?

Сонда Аһура Мазда: «Олар денелерін үш рет жусын, киімдерін үш рет (жусын) және үш рет Гаттарды оқысын.

<sup>56</sup> Зұлым рух.

<sup>57</sup> Зороастр діни сенімінде мәйіттер жерді ластайды деп (жерге) көмілмейді.

<sup>58</sup> Бөлім.



(Содан) кейін от ардақталсын, барсам<sup>59</sup> таратылсын, (сосын) таза сулар босатылсын, содан кейін үй тазарады, оған су кіретін болады, өсімдік өнетін болады, емшаспандан ішінде болады<sup>60</sup>, ей, Спитама – Заратуштра!», – деп жауап берді.

3. Егер бала дүниеден өтсе, немесе қыз дүниеден өтсе, әке ұлы үшін, ана қызы үшін қанша уақыт қалады?

Қанша (уақыт) діндарлар үшін, қанша (уақыт) егер күнәһарлардан болса?

Сонда Аһура Мазда: «Діндарлар үшін отыз (күн), алпыс (күн) күнәһарлар үшін», – деп жауап берді.

4. (Төртінші бөлім екінші бөлім сияқты).

5. Егер бауыр дүниеден өтсе, немесе қарындас (әпке) дүниеден өтсе, бауыр қарындас (әпке) үшін, қарындас (әпке) бауыр үшін қанша (уақыт) қалады?

Діндарлар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сонда Аһура Мазда: «Діндарлар үшін отыз (күн), күнәһарлар үшін алпыс (күн).

6. (Алтыншы бөлім үшінші, төртінші бөлім сияқты).

7. Егер үй иесі (еркегі) немесе үйдің ханшайымы (әйелі) қайтыс болса, олар қанша (уақыт) қалады<sup>61</sup>?

Діндарлар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сонда Аһура Мазда: «Қыздары<sup>62</sup> мен ұлдары діндарлар үшін алты ай, күнәһарлар үшін он екі ай (аза тұтады)<sup>63</sup>», – деп жауап берді.

8. (Екінші бөлім сияқты).

9. Егер атасы дүниеден өтсе, немесе әжесі дүниеден өтсе, ұл немересі атасы мен әжесі үшін, (ал) қыз немересі әжесі үшін қанша (уақыт) қалады<sup>64</sup>?

Діндарлар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Жиырма бес (күн) діндарлар үшін, елу (күн) күнәһарлар үшін», – деп жауап берді.

10. (Екінші бөлім сияқты).

11. Егер немере ұл дүниеден өтсе, не немере қыз дүниеден өтсе, атасы немере баласы үшін, әжесі немере қызы үшін қанша (уақыт) қалады<sup>65</sup>?

Діндарлар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Діндарлар үшін жиырма бес (күн), күнәһарлар үшін елу (күн)», – деп жауап берді.

<sup>59</sup> Барсам – зороастрылық діни жоралғыда қолданылатын майда шыбықтар.

<sup>60</sup> Емшаспандан тазарға үйге кіретін болады.

<sup>61</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?

<sup>62</sup> Тұрмысқа шықпаған қыздары.

<sup>63</sup> Яғни, сол үйдің тұрмысқа шықпаған қыздары мен ұлдары ата-анасы үшін діни жөн-жоралғыны орындайды.

<sup>64</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?

<sup>65</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?



12. (Екінші бөлім секілді).

13. Егер немере туысы (ағасының баласы) қайтыс болса, немесе немере туысы (әпкесінің баласы) қайтыс болса, олар қанша уақыт қалады<sup>66</sup>?

Діндарлар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Жиырма (күн) діндарлар үшін, қырық (күн) күнәһарлар үшін», – деп жауап берді.

14. (Екінші бөлім секілді).

15. Егер әкесінің бауыры (немесе анасының бауыры, яғни нағашысы) дүниеден өтсе, немесе әкесінің қарындасы (әпкесі) (немесе анасының сіңлісі (әпкесі), дүниеден өтсе, қанша күн қалады<sup>67</sup>?

Діндардар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Діндарлар үшін он бес (күн), күнәһарлар үшін (отыз) күн», – деп жауап берді.

16. (Екінші бөлім сияқты).

17. Егер немере туыс (әкесінің бауырының ұлы) (немесе нағашысының ұлы) қайтыс болса, немесе немере қарындасы (әкесінің бауырының қызы) (немесе нағашысының қызы) қайтыс болса, қанша күн қалады<sup>68</sup>?

Діндардар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Діндарлар үшін он (күн), күнәһарлар үшін жиырма (күн)», – деп жауап берді.

18. (Екінші бөлім сияқты).

19. Егер ағайыны (әкесінің бауырының баласының баласы) (немесе нағашысының баласының баласы) дүниеден өтсе, немесе туысқан қарындасы (ағасының қарындасының (әпкесінің) қызының қызы) (немесе нағашы әпкесінің қызының қызы) дүниеден өтсе, қанша күн қалады<sup>69</sup>?

Діндардар үшін қанша (уақыт), күнәһарлар үшін қанша (уақыт)?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Діндарлар үшін 5 (күн), күнәһарлар үшін 10 (күн)», – деп жауап берді.

20. (Екінші бөлім секілді).

21. Егер қандас біреу қайтыс болса, мейлі басқа дінге (Мазда Яснадан басқа) сенсін, (немесе) басқа сенім иесі болсын, Спинта – Минудан қаншалықты тура үлес алады, қаншалықты жанама үлес алады?

<sup>66</sup> Яғни, немере бауырлар үшін қанша күн аза тұтылады?

<sup>67</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?

<sup>68</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?

<sup>69</sup> Яғни, неше күн діни жөн-жоралғыны ұстанады?

13 ФРӘГӘРД<sup>70</sup>

1. (Кірпіні өлтірген адамның күнәсі мен жазасы. Даланың тышқанын<sup>71</sup> өлтірген адамның сауабы).

1. Макдис Мину<sup>72</sup> жаратқандарының ішінен біреуі, Спинта-Мину жаратқандардың ішінен (біреуі) түннің жарымынан күн шыққанша оның мың дүресі Аһриман<sup>73</sup>ға жетеді (ме)<sup>74</sup>?

2. Сонда Аһура Мазда: «Былапыт тілді халық дужә деп атайтын Уэнһапара (деп аталатын) қара (пузә) түсті тікенді, оны Макдис Мину<sup>75</sup> жаратқан, (сондай-ақ ол) Спинта-Мину жаратқан жаратылыстардың бірі, түннің жарымынан таң атқанша оның мың соққысы Аһриманға дейін жетеді<sup>76</sup>.

3. Ей, Спитама-Заратуштра, былапыт тілді халық дужә деп атайтын Уэнһапара (деп аталатын) қара (пузә) түсті тікенді<sup>77</sup> біреу өлтіретін болса, (егер) өмірінде күнәсіне өкініп, тәубаға келмеген болса, (онда) (жасаған күнәсі) оның тоғыз ұрпағына дейін жетеді, Чинуэт<sup>78</sup> көпірінен қиналып өтеді<sup>79</sup>.

4. Ей, Астуманд дүниесінің жаратушысы<sup>80</sup>, ей, Ашу! Уэнһапара (деп аталатын) қара түсті тікенді, жаман тілді халық (оны) дужә деп атайтынды<sup>81</sup> біреу өлтіретін болса, оның жазасы не болмақ?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен мың рет, тәубаға келушінің аспабымен мың рет ұрылады», – деді.

5. Ангра-Минудың жаратқанының біреуі, Аһриман жаратқандарының ішінен (біреу) түннің жарымынан күн шыққанша оның мың соққысы Спинта-Мину<sup>82</sup>ға дейін жетеді (ме)<sup>83</sup>?

<sup>70</sup> Бөлім.

<sup>71</sup> Мұнда тасбақаны айтып отыр.

<sup>72</sup> Қайырымды рух.

<sup>73</sup> Жауыз рух.

<sup>74</sup> Яғни, Қайырымды рухтың жаратқандарының ішінен кім түннің жарымынан таң атқанша Аһриманның мың жаратқандарын өлтіруге шығады?

<sup>75</sup> Қайырымды рух.

<sup>76</sup> Заратуштра діні бойынша қайырымды рух жаратқан жаратылыстардың бірі кірпі жауыз рух жаратқан жаратылыстарды жояды деген сенім бар.

<sup>77</sup> Мұнда кірпіні айтып отыр.

<sup>78</sup> Чинуэт – жерасты патшалығына алып баратын көпір.

<sup>79</sup> Заратуштра сенімі бойынша, кімде-кім кірпіні өлтіретін болса, сол жасағанына өкініп тәубаға келмесе, соның кесірі тоғыз ұрпағына дейін жетеді әрі жерасты патшалығына апаратын көпірден қиналып өтеді.

<sup>80</sup> Материалды әлемнің жаратушысы.

<sup>81</sup> Мұнда кірпіні айтып отыр.

<sup>82</sup> Қайырымды рух.

<sup>83</sup> Яғни, жауыз рухтың жаратқандарының ішінен кім түннің жарымынан таң атқанша қайырымды рухтың мың жаратқандарын өлтіруге шығады?



6. Сонда Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра, былапыт тілді халық Зәирим Йәке деп атайтын Зәирим Йәнгурә деп аталатын диюды<sup>84</sup>, себебі оны Аһриман жаратқан, Аһриман жаратқандардың қатарынан саналады, түннің жарымынан таң атқанша (өлтірсе), оның мың соққысы Спинта-Минуға дейін жетеді<sup>85</sup>.

7. Ей, Спитама-Заратуштра, былапыт айтушы халық Зәирим Йәке деп атайтын Зәирим Йәнгурә деп аталатын диюды<sup>86</sup> (кімде-кім өлтіретін болса), (онда ол) оймен де тәубе, іс жүзінде де тәубе, сөз жүзінде де тәубе жасаған болып есептеледі және (оның бұл ісі) оның ойының да төлемі, сөзінің де төлемі (және) ісінің де төлемі болмақ<sup>87</sup>», – деді.

II. (Иттің түрлерін өлтіргеннің жазалары, Чинуэт көпірін қорғайтын екі ит, итті жаралағанның немесе өліміне себепші болғанның діни үкіммен қамшымен жазалау үкімі).

8. Кімде-кім мал қоритын итті, ауыл итін<sup>88</sup>, (мейлі) аң аулайтын не тәрбиеленген (болсын), олар осы күнәдан айқайлап, ұлитын болса, оның жаны басқа әлемге өткенде үрейлі ну ормандағы ауру қасқырдай (жалғыз) болады.

9. Оның жаны дүниеден өткеннен кейін, үрейлі һәм қайғылы әлемде оған пишупаненің екі иті<sup>89</sup> де қайғы-мұңға батқан оған көмек қолын созбайды.

10. Кімде-кім мал қоритын итке зақым келтірсе, не оның құлағын кессе, не аяғын сындырса, кенет ит есінен танса, (соның кесірінен) отар малға ұры немесе қасқыр тисе, (содан бар) жарарын алып кетсе, (зақым жеткізген адам) отар иесінің шығынын өтейді және істеген ісіне өкінуі қажет, (оның) құны істеген ісінің пиғылына байланысты.

11. Кімде-кім ауыл иті<sup>90</sup>не зақым келтірсе, не оның құлағын кессе, не аяғын сындырса, кенет ит есінен танса, (соның кесірінен) отар малға ұры немесе қасқыр тисе, (содан бар) жарарын алып кетсе, итке (зақым жеткізген адам) отар иесінің шығынын өтейді, (оның) құны істеген ісінің пиғылына байланысты.

12. Ей, Астуманд дүниесінің жаратушысы<sup>91</sup>, ей, Ашу<sup>92</sup>!

<sup>84</sup> Мұнда тасбақаны айтып отыр.

<sup>85</sup> Яғни, кімде-кім түннің жарымынан таң атқанша тасбақаны өлтіретін болса, оның қайырымы қайырымды рухтан болады.

<sup>86</sup> Яғни, мұнда кірпіні айтып отыр, яғни, орналастыр.

<sup>87</sup> Заратуштра сенімі бойынша, кімде-кім тасбақаны өлтіретін болса, ол өзінің күнәларын жуып-шайған болып есептеледі.

<sup>88</sup> Яғни, үйді қоритын ит.

<sup>89</sup> Яғни, Чинуэт көпірін қорғайтын екі ит.

<sup>90</sup> Яғни, үйді қоритын ит.

<sup>91</sup> Материалды әлемнің жаратушысы.

<sup>92</sup> Яғни, қасиетті.

Кімде-кім мал қоритын итке қарумен зақым жеткізетін болса, (ит) есінен танса, (содан) жаны тәнінен ажыраса, оның жазасы не болмақ?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен сегіз жүз рет ұрады, өкінушінің қамшысымен сегіз жүз рет ұрады», – деді.

13. Ей, мейірімді...

Кімде-кім ауыл ит<sup>93</sup>ін қарумен соғатын болса, (ит) есінен танса, (содан) жаны тәнінен ажыраса, оның жазасы? не болмақ?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен жеті жүз рет ұрады, тері қамшымен жеті жүз рет ұрады», – деді.

14. Ей, мейірімді...

Кімде-кім аң аулайтын итті қарумен зақымдаса, (ит) есінен танса, (соңында) жаны тәнінен айырылса, оның жазасы не болмақ?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен алты жүз рет ұрады, тері қамшымен алты жүз рет ұрады», – деді.

15. Ей, мейірімді... кімде-кім иттің күшігін зақымдаса, (ит) есінен танса, (соңында) жаны тәнінен айырылса, оның жазасы не болмақ?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен бес жүз рет ұрады, тері қамшымен бес жүз рет ұрады», – деді.

16. Кірпіге де сондай<sup>94</sup>, Визу итіне де сондай<sup>95</sup>, тісі өткір шиебөріге де сондай<sup>96</sup>, қу түлкіге де сондай<sup>97</sup>, су итінен басқа, Спинта-Мину иттерінің барлық түрлеріне де сондай<sup>98</sup>.

III. (Құқығы шектелген яғни өзінің қорықшылығын толық орындай алмайтын иттердің діни үкімдері мен жазалары. Итке жаман тамақ беретін адамның жазасы мен үкімі, қамшымен ұру жазасы).

17. Ей, Астуманд дүниесінің жаратушысы<sup>99</sup>, ей, Ашу<sup>100</sup>!

Мал қоритын иттің заңды орны қайда<sup>101</sup>?

Сонда Аһура Мазда: «Ұры немесе қасқырдан отарды қору үшін бір йуж йәсти<sup>102</sup> қашықтыққа дейін болуы керек», – деді.

18. Ей, мейірімді...

<sup>93</sup> Яғни, аула қоритын ит.

<sup>94</sup> Яғни, кірпіні өлтіргенге де 15-баптағыдай жаза қолданылады.

<sup>95</sup> Яғни, итті өлтіргендей жаза қолданылады.

<sup>96</sup> Яғни, итті өлтіргендей жаза қолданылады.

<sup>97</sup> Яғни, итті өлтіргендей жаза қолданылады.

<sup>98</sup> Яғни, итті өлтіргендей жаза қолданылады.

<sup>99</sup> Материалды әлемнің жаратушысы.

<sup>100</sup> Яғни, қасиетті.

<sup>101</sup> Яғни, мал қоритын ит қаншалықты қашықтықта мал қору керек?

<sup>102</sup> Он алты мың қадам.



Ауыл иті<sup>103</sup>нің заңды орны қайда<sup>104</sup>?

Сонда Аһура Мазда: «Ұры немесе қасқырдан қору үшін үй немесе ауылдан бір мың үлкен қадамға дейін болуы керек», – деді.

19. Ей, мейірімді...

Қаңғыбас иттің заңды орны қайда<sup>105</sup>?

Сонда Аһура Мазда: «Мұндай иттің шаруашылықта пайдасы жоқ, өзіне тамақ тауып жеу үшін қанша алысқа кетсе, кете берсін<sup>106</sup>», – деді.

20. Ей, Астуманд дүниесінің жаратушысы<sup>107</sup>, ей, Ашу<sup>108</sup>!

Егер кімде-кім мал қоритын итке жаман тамақ беретін болса, оның бұл қылығы үшін қанша күнә (жазылады)?

Сонда Аһура Мазда: «Оның күнәсі мына материалды дүниеде ең үлкен отбасының отағасына жаман тамақ бергенімен бірдей болады», – деді.

21. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім үй-аула қоритын итке жаман тамақ беретін болса, оның бұл қылығы күшін қанша күнә (жазылады)?

Сонда Аһура Мазда: «Оның күнәсі мына материалды дүниеде орташа отбасының отағасына жаман тамақ бергенімен бірдей болады», – деді.

22. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім қаңғыбас итке жаман тамақ беретін болса, оның бұл қылығы күшін қанша күнә (жазылады)?

Сонда Аһура Мазда: «Оның ақиқаты мынада..., мына материалды дүниеде үйге диуана әсрауан<sup>109</sup> келсе, оған жаман тамақ берсе, (күнәсі) сонымен бірдей болады», – деді.

23. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім күшікке жаман тамақ беретін болса, оның бұл қылығы үшін қанша күнә (жазылады)?

Сонда Аһура Мазда: «Мынадай... мына материалды дүниеде, бір кәметке толмаған жас бала діндарлықты әдетке айналдырса, сол балаға жаман тамақ бергенімен бірдей», – деді.

24. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім мал қоритын итке жаман тамақ беретін болса, оның жазасы қандай?

<sup>103</sup> Яғни, аула қоритын ит.

<sup>104</sup> Яғни, мал қоритын ит қаншалықты қашықтықта мал қору керек?

<sup>105</sup> Яғни, мал қоритын ит қаншалықты қашықтықта мал қору керек?

<sup>106</sup> Яғни, бұл ит түрінің белгілі бір қоритын аймағы жоқ.

<sup>107</sup> Материалды әлемнің жаратушысы.

<sup>108</sup> Яғни, қасиетті.

<sup>109</sup> Діндар.

Сонда Аһура Мазда: «Ондай жағдайда сол дене (мына) жазаға лайық: аттың қамшысымен екі жүз рет ұру, (сондай-ақ) өтінушінің құралымен екі жүз рет ұру (керек)», – деді.

25. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім ауыл иті<sup>110</sup>не жаман тамақ беретін болса, оның жазасы қандай?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен тоқсан рет ұру, (сондай-ақ) өтінушінің құралымен тоқсан рет ұру (керек)», – деді.

26. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім қаңғыбас итке жаман тамақ беретін болса, оның жазасы қандай?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен жетпіс рет ұру, (сондай-ақ) өтінушінің құралымен жетпіс рет ұру (керек)», – деді.

27. Ей, мейірімді...

Егер кімде-кім күшікке жаман тамақ беретін болса, оның жазасы қандай?

Сонда Аһура Мазда: «Аттың қамшысымен елу рет ұру, (сондай-ақ) өтінушінің құралымен елу рет ұру (керек)», – деді.

28. Ей, Спитама-Заратуштра!

Мына материалды әлемде Спинта-Мину<sup>111</sup> жаратқандардың ішінен осы ит тез қартаяды, (және) аш болса да тамақ жеп тұрғанның қасында тұра береді. (Сондықтан да) өзіңізбен бірге итке рұқсат етілген сүт, май, етті алып барыңыз.

IV. (Өздерінің міндеттерін орындай алмайтын, яғни үре алмайтын, иісті ажырата алмайтын, себепсіз адам мен жануарларды тістейтін иттерге қатысты заңдар, үкімдер және жазалар)

Ей, материалды дүниенің төрешісі, ей, Ашу!

Егер маздапараст<sup>112</sup>ың үйінде ит үре алмаса немесе құтырса, олар маздапараст болғандықтан да олар не істеуі қажет?

30. Сол сәтте Аһура Мазда: «Оның (иттің) мойнына ағаштан жасалған қарғыбау, ал (тұмсығына) тұмылдырық байлану керек. Сосын оны қатты бір қадаға, немесе жұмсақ екі қадаға жақсылап байлап қою керек».

31. (Және) оны екі жағынан жақсылап байлау қажет, оны жоғарыдан да екі жағынан мықтап байлау керек. Олай жасамаған күнде үре алмайтын немесе құтырған ит адамды немесе (басқа) жануарды тістеп алуы мүмкін. (Егер) тістеп алған жағдайда ол әдейі жасалған қылмыс ретінде жазаланады.

32. (Егер) екінші рет жануарды тістесе...

(Егер) адамды бірінші рет жараласа, оң құлағын кеседі;

<sup>110</sup> Яғни, аула қоритын ит.

<sup>111</sup> Қайырымды рух.

<sup>112</sup> Маздаға сенуші, діндар.



(Егер) екінші рет жануарды тістесе...

(Егер) адамды екінші рет жараласа, (онда) сол құлағын кеседі;

33. (Егер) үшінші рет жануарды тістесе...

(Егер) үшінші рет адамды жараласа, оң аяғын кеседі;

(Егер) төртінші рет жануарды тістесе...

(Егер) адамды төртінші рет жараласа, сол аяғын кеседі.

34. Бесінші рет жануарды тістесе...

Бесінші рет адамды жараласа, оның құйрығын кеседі

Оны екі жағынан жақсылап байлап қояды;

Оны жоғарыдан да екі жағынан мықтап байлау керек. Олай жасамаған күнде үре алмайтын немесе құтырған ит адамды немесе (баска) жануарды тістеп алуы мүмкін. (Егер) тістеп алған жағдайда ол әдейі жасалған қылмыс ретінде жазаланады.

35. Ей, мейірімді....

Егер бір маздапараст<sup>113</sup>ың үйінде бір иіс сезу қасиетінен айырылса маздапараст не істеуі қажет?

Сол сәтте Аһура Мазда: «Оны Ашу<sup>114</sup> адамды емдегендей емдеу қажет».

36. Ей, мейірімді....

Егер (емдеуді) қаласа, бірақ (амалын) табалмаса, маздапараст қандай шара жасауы керек?

37. Сол сәтте Аһура Мазда: «Оның (иттің) мойнына ағаштан жасалған қарғыбау, ал (тұмсығына) тұмылдырық байлану керек. Сосын оны қатты бір қадаға, немесе жұмсақ екі қадаға жақсылап байлап қою керек».

38. Егер байламаса, (содан) иіс сезімін жоғалтқан ит шұңқырға, немесе шұқанаққа, не жарға, не өзенге, не су жағасына құлап, жараланса, (соның кесірінен) өлсе, онда олар жазалануы керек<sup>115</sup>.

V. (Иттің сипаты. Қасқыр туралы).

39. Ей, Заратуштра, мен, Аһура Мазда, өзі киімді, өзі аяқ киімді, ояу, сергек, өткір тісті, ауыл мен малды қору үшін адамның жолдасы болған итті жараттым.

Мен, Аһура Мазда, мен итті жараттым және ауыл мен малды қору үшін оны үлкен денелі, күшті әрі өте сергек етіп (жараттым).

40. Ей, Спитама-Заратуштра, дауыс оны ояту үшін. Сол (дауыстан) ауылдар мен қыстақтарға ұры (түспеуі) немесе қасқыр (тимеруі) бір нәрсе алып кетпеуі үшін<sup>116</sup>.

<sup>113</sup> Маздаизм дініне сенуші.

<sup>114</sup> Діндар.

<sup>115</sup> Осы бөлімде құтырған ит пен иіс сезу мүшесінен айырылған ит туралы айтылады. Заратуштра сенімі бойынша, ешбір жағдайда да итті өлтіруге болмайды, тіпті құтырса да оны емдеу талап етіледі.

<sup>116</sup> Яғни, ауылға не қыстаққа ұры түсіп, қасқыр тимеруі үшін де итті үретін етіп жараттық дегені.



Қасқырларды өлтіруші, қасқырларды жұлмалаушы.

(Жемтігінің соңына түсіп) қан қақсатушы қасқырлар көп.

41. Ей, мейірімді....

Ей, Ашу! Ей, Аһура Мазда!

Екі қасқырдың қайсысы өлтірілуге лайық?

Еркек ит пен ұрғашы қасқырдан пайда болғаны ма, әлде ұрғашы қасқыр мен еркек иттен бе?

Сол сәтте: «Ей, Ашу-Заратуштра! Расында да сол екі қасқырдың ішінде өлімге лайығы ұрғашы ит пен еркек қасқырға қарағанда еркек ит пен ұрғашы қасқырдан пайда болғаны өлімге лайығырақ.

42. Сондай иттер<sup>117</sup> мал, аула, қаңғыбас және тәрбиеге үйретілген<sup>118</sup> иттерді өлтіреді, (олар) ауылдар мен малдарды опат етуші.

Сондай (иттер) басқа иттерге қарағанда түлік малды ойрандаушы, жаман, жауыз (болып келеді).

43. Ойрандаушы иттер<sup>119</sup> ауылдар мен малдарға шабуылдайды.

Сондай (иттер) басқа иттерге қарағанда түлік малды ойрандаушы, жаман, жауыз (болып келеді).

VI. (Иттің сипаты және әртүрлі топтағы, сатыдағы адамдардың мінездерімен сәйкес келетін иттер туралы)

44. Бір итте сегіз түрлі мінез-құлық бар:

- діндар адамның (мінезі) секілді мінезі бар;
- жауынгердің (мінезі) секілді мінезі бар;
- шопанның (мінезі) секілді мінезі бар;
- қызметшінің<sup>120</sup> (мінезі) секілді мінезі бар;
- ұрының (мінезі) секілді мінезі бар;
- дисудың<sup>121</sup> (мінезі) секілді мінезі бар;
- жеңіл жүрісті әйелдің (мінезі) секілді мінезі бар;
- жас нәрестенің (мінезі) секілді мінезі бар.

45. Бір мубәд<sup>122</sup> секілді (бөлек) тамақ жейді;

- бір мубәд секілді қанағатшыл (келеді);
- бір мубәд секілді қарапайым (келеді);

<sup>117</sup> Яғни, еркек ит пен ұрғашы қасқырдан пайда болған ит.

<sup>118</sup> Яғни, аң аулауға арналған ит.

<sup>119</sup> Яғни, еркек ит пен ұрғашы қасқырдан пайда болған ит.

<sup>120</sup> Немесе әншінің.

<sup>121</sup> Түнде аң аулаушының.

<sup>122</sup> Зороастр дінінің рухани көсемі.



- бір мубәд секілді аз қалайтын және (тегін) жол көрсетуші (келед);  
Осының бәрі бір мубәдтің мінезіне ұқсайды.

- бір жауынгер секілді алдында жүреді;  
- бір жауынгер секілді мал үшін жанын пидә етеді;  
- бір жауынгер секілді үйдің алды-артын (қориды);  
Осының бәрі бір жауынгердің мінезіне ұқсайды.

46. Бір ауыл адамы яғни шопан секілді аз ұйықтайды, ұйқысы сергек;  
- бір ауыл адамы яғни шопан секілді үйден бірінші шығады;  
- бір ауыл адамы яғни шопан секілді үйдің алды-артын (қориды);  
Осының бәрі бір ауыл адамының яғни шопанның мінезіне келеді.

- бір қызметші<sup>123</sup> секілді дауыс шығарады;  
- бір қызметші секілді жақындағанды жаралайды;  
- бір қызметші секілді үй мен тамағы болмашы;  
Осының бәрі бір қызметшінің мінезіне ұқсайды.

47. Ұры секілді қараңғыны қалайды;  
- ұры секілді түнде жорытады;  
- ұры секілді оңай тамақ тауып, жейді;  
Осының бәрі ұрының қылығына ұқсайды.

- Дису<sup>124</sup> секілді қараңғылықты жақсы көреді;  
- дису секілді түнді жақсы көреді;  
- бір дису секілді азығын оңай тауып, жейді;  
Осының бәрі дисудың қылығына ұқсайды, осылар бір дисудың мінезіне келеді.

48. Жеңіл жүрісті әйел секілді дауыс шығарады;  
- жеңіл жүрісті әйел секілді жақындағанды жаралайды;  
- жеңіл жүрісті әйел секілді арзымаған тамағы мен үй бар;  
Осының бәрі бір жеңіл жүрісті әйелдің мінезіне келеді.  
- Жас бала секілді көп ұйықтайды;  
- жас бала секілді еркелегенді ұнатады;  
- жас бала секілді айналада секіріп ойнағанды жақсы көреді;  
Осының бәрі бір жас баланың мінезіне ұқсайды.

<sup>123</sup> Әнші.

<sup>124</sup> Түнде аң аулаушы.

VII. (Өлген соң иттердің жаны қайда барады? Жұмак – иттердің мекені. Маздаист<sup>125</sup>ардың үйлерін қоритындар, ауыл мен малды қоритындар. Құндыз және оның киесі, құндызды өлтіргеннің жаман қатты салдары).

49. Менің<sup>126</sup> үйлерімнен (мейлі) мал қоритын ит болсын, мейлі мал қоритын ит болсын оларға (олардың үйіне) баратын болса, оларды қуып жібермесін.

Егер ауыл қоритын ит пен мал қоритын ит болғанда Мазда<sup>127</sup> жаратқан жерде менің үйім берік әрі нық тұрмас еді<sup>128</sup>.

50. Ей, материалды әлемді жаратушы! Ей, Ашу!

Егер ұрғашы ит өлетін болса, оның денесі бұзылып, шірісе, (егер еркек ит болса) оның ұрығы кеуіп кетсе, олардың жаны қайда барады?

51. Сонда Аһура Мазда: «Ей, Спитама-Заратуштра, тамшылар (үлкен) суға қосылады. Онда сол екеуінен<sup>129</sup> екі құндыз пайда болады. Мың еркек ит пен мың ұрғашы иттен бір жұп яғни бір еркек, бір ұрғашы құндыз пайда болады.

(Кімде-кім сол) құндызды өлтірсе, құрғақшылық болады», – деді.

52-54. 52, 53, 54-бөлімдер 9-фрәгәрдтің 53, 54, 55-бөлімдерімен сәйкес келеді.

55. Құндызды өлтірген (адам) өлтіріліп немесе (елден) қуылмайынша сол жерге өсімдік шығып, қайта гүлденбейді.

Немесе сол қасиетті құндыздың жанын үш күн, үш түн бойына шоқ пен от секілді, жайылған барсам<sup>130</sup> секілді, тазарған қылша секілді құрметтелмейінше (құрғақшылық бола береді).

56. Содан кейін ғана сол жерде, сол ауылда тоқшылық пен молшылық болады;

содан ем-шипа болып, денсаулық (жақсарады);

содан тыныштық, бақ-береке келеді;

содан ауылшаруашылық дамиды.

<sup>125</sup> Яғни, маздаға иман келтіргендер.

<sup>126</sup> Яғни, мазда дінін ұстанатындар.

<sup>127</sup> Құдай.

<sup>128</sup> Зороастр дінінде итгі куу күнә саналады. Егер ит болмағанда менің үйім ұры-қарылардан аман қалмас еді деген мағынада.

<sup>129</sup> Яғни, еркек және ұрғашы иттен.

<sup>130</sup> Зороастр дінінің діни жоралғыларында қолданылатын жұқа шыбықтар.



15 ФРӘГӘРД<sup>131</sup>

I. (Өлімнің себебіне теңесетін<sup>132</sup> бес үлкен күнә. 1. Зороастр дінінен басқа дінді насихаттау. 2-3. Итке жаман тамақ беру, итке жаман қарау. 4-5. Етеккірі келген әйелмен және аяғы ауыр әйелмен жақындасу).

1. Егер бір мына материалды әлемде жанағы істердің бірін жасайтын болса, кейін тәубеге келмесе, өтемін өтемесе, сол (жасаған) істерінің кесірінен күнәһар болады<sup>133</sup>.

2. Сонда Аһура Мазда: «Ей, Ашу-Заратуштра, (олар) бесеу. 1. Халық тап болатын сол істердің біріншісі – Ашудың адамын<sup>134</sup> басқа дінге, басқа ілімге қарай үгіттеу. (Осыдан) хабардар болып, өз ақылымен<sup>135</sup> осы істерді істейтін болса, (онда) күнәһар болады<sup>136</sup>.

3. Халық тап болатын сондай істердің екіншісі – мал қоритын итке немесе аула қоритын итке қатты сүйек лақтыру немесе ыстық тамақ беру.

4. Егер (сол) сүйектер иттің тісін сындыратын болса немесе сол ыстық тамақтан тісі не тілі күйіп, жарақаттанатын болса не өлсе, осы жасаған ісі үшін күнәһар болады<sup>137</sup>.

5. Халық тап болатын сондай істердің үшіншісі – ұрғашы буаз итті ұру, не қуу, жеку, не аяғын сындыру.

6. Егер сол ит жарға, шұқанаққа, құдыққа, суға, өзенге құласа, содан жарақаттанса немесе өлсе, сол жасаған ісі үшін күнәһар болады<sup>138</sup>.

7. Халық тап болатын тағы бір істердің төртіншісі – етеккірі келген, былғанған әйелмен (жақындасып) ұрығын төксе, сол жасаған ісі үшін күнәһар болады<sup>139</sup>.

8. Халық тап болатын сондай істердің бесіншісі – сүті келіп тұрған не келмеген екіқабат әйелмен (жақындасып) ұрығын төксе, сол (әйелге) зиян тисе, (немесе) соның кесірінен өлсе, сол жасаған ісі үшін күнәһар болады<sup>140</sup>.

<sup>131</sup> Бөлім.

<sup>132</sup> Яғни, өліммен бірдей.

<sup>133</sup> Яғни, өлік секілді болады.

<sup>134</sup> Зороастр дініндегі адамды.

<sup>135</sup> Яғни, ондай істің күнә екендігін біле тұрып, әдейі жасайтын болса.

<sup>136</sup> Немесе өлікке тең болады.

<sup>137</sup> Немесе өлікке тең болады.

<sup>138</sup> Немесе өлікке тең болады.

<sup>139</sup> Немесе өлікке тең болады.

<sup>140</sup> Немесе өлікке тең болады.

## ЯСНА

Жиырма тоғызынша гат<sup>141</sup>

1. Ей, Жаратушым, жаратылған рух Сенің құзыретінде шағымданады: «Неге мені жараттын? Қандай адам менің болмысымды жаратты? Барлық жерді жауыздық, зұлымдық, қатігездік, тонау мен арсыздық басты, Сенен басқа демеушім жоқ, сондықтан да медет беруші ғана мына тығырықтан алып шыға алады. Маған (тура жолды) көрсет».

2. Сол кезде әлемді жаратқан Аһура Мазда, Ашадан: «Сен мына әлем халқына көмек қолын созып, медет беретін қандай көшбасшыны білесің? Біз (оған) әлемді абаттандырып, әділдікті тарататын күш-қуат бермекші едік. Ей, Аша, мына әлем мен әлем халқынан жеккөрініш пен ашу-ызаны жойып, адасушылар мен жамандық жасаушылар әскерін талқандай алатын қандай адамды әлемнің көшбасшысы ретінде таныстыра аласың?», – деп сұрады.

3. (Сонда) Аша, Аһура Маздаға: «Әлем үшін жаратылатын сол көсем немесе қолбасшы, әділетсіз әрі зұлымдық жасаушы емес, (қайта) мейірімді әрі жомарт жан екені күмәнсіз. Мына әлемде өсіп-өрбитін адамдардың арасынан жақсылық жасаушыларды жамандық жасаушылардан қорғайтын жанды көріп тұрған жоқпын. Расында да біз көмек қолын созатындай ол алып күштің иесі болуы керек», – деп жауап берді.

4. Бұрынғы нәпсіқұмарлар мен пұтқа табынушылардан болған істерді, сондай-ақ келешекте сол тарапынан болатын дүниелерді де Аһура Мазданың білетіндігінде ешбір күмән жоқ, себебі бұл істердің жалғыз әділ төрешесі Аһура Мазда, сондықтан да оның қалауымен болатындықтан да, Одан дән ризамыз.

5. Сондықтан да мен және жанды жаратушы екеуіміз зор құрметпен, қолымызды жайған (созған) калпы Аһура Мазданы мадақтап, қашанда жақсылық жасаушылар, діндарлар мен олардың көсемдеріне апат келмесін, дұшпандар мен жамандық жасаушылардың шабуылынан пана болсын деп сұраймыз.

6. Сол сәтте өзінің білімімен өмірлік күш-қуат сыйлайтын Аһура Мазда: «Дүниенің басшысы (деуге) лайық біреуді немесе пәктік пен тазалықтың нышанына айналған діни көсемге қолдау білдіретін көшбасшыны танымайсың ба? Мен оны әлемнің қарауылы әрі дүние сұлулығының сәулетшісі ретінде бекітетін едім», – деді.

7. Аһура Мазда өзінің сөзін: «Жүректерге ләззат сыйлайтын жанға жайлы әсем әуенді әлемнің дамуы және арман-тілегі Ашамен бірдей жақсы ойлы адамдар үшін жаратпадым ба?», – деп жалғастырды. Содан кейін Аһура Мазда Уһуманаға немесе өзінің киелі ақылына қарата: «Халыққа көмек қолын созып, адасушылықтан қайтаратын сенің ойындағы адам кім?», – деді.

8. (Аһура Мазда:) (Менің ойымша) Тәңірдің жарлықтарына мойынсұнатын,

<sup>141</sup> Өсиет.



қасиетті дәстүрді жалғастыратын жалғыз адам – Заратуштра-Спитама. Мазданың мадақ әндерін (насихаттап), қасиетті дәстүрді үйрететін (адам), тек қана сол. Біз оның жұмысын жеңілдету үшін оған жүректерді елжіретіп, ынтықтыратын шешен тіл мен көркем сөз сыйлаймыз», – деді.

9. Сонда жанды жаратушы бар дауысымен: «Сонда мен ешбір себепсіз әлсіз біреудің қорғанышын (билігін) қабылдап, соның сөзіне құлақ асуым керек пе?! Алайда мен өзінің күш-қабілетімен мені қорғап-қолпаштайтын бейбіт сүйгіш хәм күдіретті адамды арман едім», – деп айқайлады.

10. «Сондықтан да, Ей, Аһура Мазда! Ей, Аша! Сендерден сұрайтыным, оған рухани байлық пен күшті денсаулық сыйландар! Ей, Уһумана! Сен де Заратуштраға әлемге тыныштық пен бейбітшілік сыйлайтын терең ақыл мен ұшқыр сана бер! Ей, Мазда<sup>142</sup>! (сонда ғана) мен Заратуштраны әлемнің ең лайықты адамы әрі өзімнің көшбасшым ретінде мойындаймын», – деді.

11. Жанды жаратушы: «Ей, Мазда! Кім бізге әділдікті, мейірімділік пен жақсы ойды сыйлайды? Мұған<sup>143</sup> дардың жиынын, діннің негізін, сенің дәстүрінді кім қабылдайды? Міне, енді бізді қолдап-қолпаштап, қол ұшын созатын (көшбасшы) келді, біз де (онын) қызметшісі болуға дайынбыз», – деп сөзін жалғады.

### Ашу Заратуштраның халыққа алғашқы үгіт-насихаты

#### Отызыншы гат<sup>144</sup>

1. Енді ақиқатты тындағысы келген адамдар үшін даналық пен туралықты пір тұтқан әрі жақсы ой мен ақиқаттың кеніші болған Аһура Маздadan (бірнеше) сөз айтпақшымын. Ендеше соның көмегімен жарқыраған Фирдаус сарайына жол табуыңызға тілектеспін!

2. Ей, адамдар, келіңіздер мына сөздерге құлақ түріңіздер, мына жарқын ойларға бөленіңіздер, әлі мүмкіндік бар кезде әрбір ер мен әйел жақсылық<sup>145</sup> пен жамандықты<sup>146</sup> айыра білуі керек. Аһура Мазданың көмегінің аркасында тура жолға қарай қадам басыңыздар!

3. Егіз туған екі күш, әубаста адамның санасында болатын. Біріншісі – Спинта Мину, яғни ойдағы, сөздегі және істегі жақсылық; екіншісі – Ангру Мину, яғни ойдағы, сөздегі және істегі жамандық. Осы екеуінің арасынан дана жақсылықты, (ал) надан жамандықты таңдайды.

4. Осы екі күш бір-біріне жеткен уақытта барлық пен жоқтық (әрекет пен тыныштық) айқындалды. Жамандық жолға түскендер ең жаман өмірге, (ал)

<sup>142</sup> Ұлы дана!

<sup>143</sup> Зороастр дінінің рухани көсемдері.

<sup>144</sup> Әсиет.

<sup>145</sup> Мазданың дінін.

<sup>146</sup> Шайтанның жолын.

жақсы жолдағылар ең жақсы һәм бақытты өмірге жолығады, бұл барлық (әрекет) жалғаса береді<sup>147</sup>.

5. Осы егіз екі күштің ішінен надан жаман істерді, (ал) ақылды тәңірдің қалауынан болған жақсы һәм тура істерді таңдады. Жақсылықты мейірімді ақыл иесі мен құдайшыл жан таңдайды<sup>148</sup>.

6. Осы екі күштің арасынан надандар жаманнан жақсыны айыра алмайды. Өтірікшілер мен бәлеқорлармен кеңесіп отырған уақытта өтірікші дию жетіп келеді де, олардың санасына ең жаман ойларды салады, содан жаман ойларын жүзеге асыру үшін ашу мен күшке жүгінеді, солардың кесірінен адамдардың өмірі бүлінеді.

7. Кімде-кім құдайдың құдіреті, жақсы ой және әділдікпен жолдас болса, мейірім мен әділдік періштесі оның болмысына жол ашады. Жақсы жолды таңдағаны үшін қуанышқа бөленіп, оның сыйлығына ие болады. Екі дүниеде де бақытқа кенеледі.

8. Аһураның қарғысы күнәһарларға жеткен уақытта жаман жазаның өзі де жетіп келеді. Сонда әлемді тазалықтың күші басады. Соңында құдай жолының жеңісімен жақсылық жамандықты жеңеді, (ал) өтірік шындықтың тұтқынына айналады.

9. Біз әлемді абаттандырып, алға жетелейтін, басқаларға туралықтың жолын көрсетіп, діндарлықты үйрететін адамдардың қатарынан болуды қалаймыз. Жүрек пен ойдың (ақыл мен сезім) басшылығында даналықтың мәйегіне жетуімізде Мазданың өзі жар болсын!

10. Жамандық жасаушылар өздерінің ауыр жазаларын алған уақытта өкінетін болады, (содан) олардың ойлары мен жүректері жақсылыққа қарай ойысады, сонда таза ақыл оларға қол ұшын беруге асығады және тура жолды табуда оларға көмектеседі.

11. Ей, халайық! Егер Мазданың мәңгілік заңынан хабардар болғандарыңызда, мына дүниенің тура жақсылығының сыйы мен қисық жамандығының зиянын біліп, қашанда күндеріңізді жақсылықпен өткізуге тырыса-тын едіңіздер.

<sup>147</sup> Өтірік пен жаман істерді қалағандар ең жаман өмірдің қиыншылықтарына, ал туралық пен жақсы істі қалағандар рух тыныштығына кенеледі. Бұл әрекет өмірдің соңына дейін жалғаса береді.

<sup>148</sup> Яғни, өтірікті қалайтындар жайман істі таңдайды, ал пәк гәуһарға ие болған жан бұл дүниеге алданбастан, туралықты таңдады. Сондықтан да кімде-кім кәміл иманмен құдайдың разылығы үшін жақсы істерді жалғастыра бергісі келсе, туралықты таңдайды.



Отыз бірінші гат<sup>149</sup>

1. Ей, халайық! Бүгінге дейін ешкім естімеген бір хабарды жеткіземін. Жамандық істеушілер мен өтірікшілер бұл хабарды естіген бойда қобалжи бастайды. Ал жүрегінде шынайы иман барлар естіген бойда қуана бастайды.

2. Халыққа ең тура жолды таңдап беру қиын іс. Мен, Заратустра, сендерді басқару үшін жіберілдім. Тура куәлік беру мен шындықты айтып басқару – Аһура Мазданың (қасиеттерінің) бірі, сондықтан да Мазданың қасиетті дәстүрін бәріміз бірге ұстанатын болайық.

3. Мен сендерді Аһура Мазданың жақсылық жасаушылар мен жамандық істеушілердің сыйы мен жазасы туралы хабардар етемін. Сондай-ақ, Мазда дінінің жолымен жүрген жанның соңында неге қол жеткізетіні туралы айтамын. Мазда оларды маған өз сөзімен үйретіп, әлемдегілерге жеткізуімді тапсырды.

4. Сондықтан да мен Аһура Маздадан мынаны (өтініп) сұрар едім: Халыққа өмірдің ең жақсы жолын түсіндірудей жауапты істе мені қашанда қолдауын, сондай-ақ, тәңірдің махаббаты мен әділдігі және даналығының арқасында жалғаншылардың айла-шарғысымен күресте күш-қуат беруін сұраймын.

5. Ей, Аһура Мазда! Ашаның сәулесінде маған ең дұрыс жолды көрсет, өзім де сол жолға қадам басайын және қуаныш сыйлайтын (сол жолдың) сыйы туралы халықты хабардар етейін. Сондай-ақ әлем халқының келешектегі жағдайынан маған хабар бер!

6. Кімде-кім халыққа дұрыс жолды нұсқаса және Мазданың мәңгілік қуанышты хабары туралы мәлімет берсе, жақсылықтың ең қымбат сыйлығына ие болады және жақсылықтың сәулесі есептелетін Аһураның күші қолына түсіп, (қуанышқа) кенеледі.

7. Ей, Мазда! Ей, Ұлы дана! Алғашқы күннен бастап болмысты өз нұрыңмен жарыққа бөледің, өз ақылыңның күшімен бәрін бір жүйеге түсірдің. Ей, барлық халде бірдей күй кешкен жан! Бәрімізге таза иман (беріп), пәк нұрға бөле.

8. Ей, Мазда! Бар ақылыммен терең ойға батып, жүрек көзімен сені іздегенімде барлық болмыстың басы һәм соңы, ұшқыр ой мен даналықтың кеніші, туралық пен пәктікті жаратқан әрі әлем халқының істерінің әділ төрешісі Өзің екендігіңе көзім жетті.

9. Ей, Аһура Мазда! Материалды әлем мен даналықты жаратқан Сенсің! Әлем халқына жақсылық пен жамандықты да жаратқан Сенсің! Біреу өз қалауымен туралыққа қарай асықса, ендігі бірі надандыққа талпынады.

10. Осы екі жолдың ішінен кімде-кім ізгі ойға талпынып, жақсылық жағында болса, (онда ол) тура жолды таңдайды. (Ал), кімде-кім арам ойлы бо-



лып, жамандықты жан сүйсе, қиыншылық пен ауыртпашылыққа тола жолды таңдайды.

11. Ей, Мазда! Өз даналығыңмен біздің тәнімізге жан сыйлаған алғашқы күні-ақ бізге жамандықтан жақсылықты айыратын терең ақыл мен таза күш-қуат бердің. Біздің топырақ тәнімізге жан мен рухты енгізген уақытыңда сөйлеу мен жасау қабілетін сыйладың. Әркім өзінің еркін ойлы қалауымен өзі дұрыс деп тапқан жолмен жүреді.

12. Сондықтан да әубастан-ақ адам (баласы) туралықтың не өтіріктің тарапында немесе даналық пен надандықтың жағында болады. Соның негізінде жүрек қалауы һәм өз сана-сезімінің арқасында өзінің көзқарасын қалыптастырады. Алайда, адам (баласы) жол таңдауда екіұшты ойға салынып, сергелдеңге түспеуі үшін де Аһураның қасиетті ақылы да қоса келді<sup>150</sup>.

13. Аһура Мазда адамдардың әшкере һәм құпия істерінен хабардар. Үлкен-кіші барлық күнәларды өзінің жарық көздерімен көреді және өзінің мәңгілік заңдарымен барлық істерге лайықты сыйы мен жазасын береді.

14. Ей, Аһура! Адамдардың өткен һәм келешектегі амалдарынан (толық) хабардар болғым келеді. Діндарлар мен игі жақсылардың істеген істерінің мына дүние һәм о дүниедегі сыйы мен сауабын, (ал) күнәһарлар мен жаман пиғылдылардың тартатын жазасын білгім келеді.

15. Аһура Мазда, сөз жоқ, адамдардың өткен һәм болашақта жасайтын істеген істерінің сыйын (немесе жазасын) береді. Өтірік пен жаман істерді таратағындардың жазасы не болмақ? Сондай-ақ әділ көшбасшы мен иманды адамдардың арасына от салатыннан басқа жұмысы жоқ адамдардың жазасы қандай болмақ?

16. Әрбір дана (адам) үйлердің, қалалардың және елдердің бақытты болуы үшін адамдардың арасына туралықты жаюға тырысады және олардың тура жолмен жүруіне мүдделі болады. (Міне) сондай адам Аһура Мазданың (адамы) болып есептеледі.

17. Мына екеуінің қайсысы ұлық? Туралықты ұстанған дана адам ба әлде, өтірік пен адасушылыққа қадам қойған ба? Ендеше адам абыржып қалған уақытта дана (адам) басқаларға тура жолды көрсетуі керек. Ей, Аһура Мазда! Бізге тура жолды танушылардың қатарынан болуды нәсіп ет!

18. Ешқашанда өтірікшілер мен адасушылардың сөзі мен тәлім-тәрбиесіне құлақ аспандар. Себебі ондай адамдар үй, шаһар және елдің берекесін қашырады. Ендеше оларды өздеріңнен алыс ұстап, жақындауына жол бермендер.

19. Ей, халайық! Даналар мен игі жақсылардың сөздеріне құлақ салыңдар! Себебі олардың тәлім-тәрбиесі мен сөздері рух пен өмірге күш-қуат сыйлайды. Ей, Аһура Мазда! Сен қаншалықты барлық нәрседен хабардар болып, тура және

<sup>150</sup> Яғни, жаратылды.



кисык жолда жүргендердің сыйы мен жазасын өзің жақсылап бергеніңмен де, даналар өздерінің күш-қуаты мен нұрларының арқасында жүректерге жол табатын шешен тілдерімен тура дәстүрді (жолды) насихаттап, бақытқа қол жеткізе алады.

20. Туралықтың соңынан жүрген адам екі дүниеде де қуаныш пен бақыт сарайына қол жеткізеді. Алайда, өтірікшілер мен адасушылар қараңғы түнек сарайында өкінішпен құса жұтып, ұзақ уақыт қалады. Осы екі топ та өздерінің жазалары мен сыйларын өз істерімен жасап, өз қолдарымен алып келеді.

21. Кімде-кім терең ой мен жақсы ісінің арқасында Аһура Маздаға жетсе, (сол адам) шынайы кемелдікке, мәңгілікке, тазалық пен пәктікке, рухани байлыққа бөленеді. Сондай адам Аһураны армандаушылардың, достарының қатарынан орын алады.

22. Кімде-кім зерек әрі дана болса, өзінің көркем мінезінің арқасында ақиқатқа қол жеткізеді. Сондай адам рухани байлығы мен көркем сөздерінің арқасында тура дәстүрді (жолды) қолдап, Аһура Маздаға жан-тәнімен беріледі де, халықты шынайы қолдаушылардың қатарынан саналады.









...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс  
...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс

16 *...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*

*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*

17 *...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*

Jpr. Mfa. 464 M14. — 2) P.V. has another word. —  
3) K3b. Br. a. M13 Pa. M3.s. L4a.1.a. Bri. Dht. Os. Pta  
(in this original 'u' after 'l' struck out); ...  
Mfa, ... K3a; ... Pto.

17 1) Jpr. Mfa. M14. Bri. L1.s.; ... K3a.3b. Br. M13.  
Pa. Pta. M3; ... Pto. — 2) Jpr. Mfa. K3a.  
Pa. Jb. Ls. Dht.; ... Br. K3b. M13. M3. Pa. Pta;  
... Kio. — 3) ... Mfa. Jpr. Kio. Ls. Bri;  
... Br. K3b. M13.4. Dht.; ... Pto. Pta; ...  
Os. L1.; ... K3a; ... Pa. M3; ... Bri.  
Ms. Os. L1.s.

18 1) All Mfa., exc. Jpr. Pto. Jb. 270 — 2) Jpr. Mfa. Pta.  
Pto. M14. Kio; ... K3a.3b. Br. M13. Pa. M3. — 3) Jpr.  
Mfa; ... K3a.3b. Br. M13. Pa. Pta. M3. Bri; ...  
... Kio. Br. Ms. Os. — 4) K3a.3b. Br. M13.4. Pa.  
Pta. Os. L1.s.; ... Jpr. Mfa; ... Pto.

19 1) Mfa K3b. Br. M13.4. Pa. Pta. Bri. L1.s.; ...

...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс 18

...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс  
...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс

19 *...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*

20 *...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*  
*...уған қымыс үйіне қарай бұл қымыс*

Jpr. Br; ... K3a. — 2) Jpr. Mfa; ... K3a.3b.  
Br. M13.4. Pa. Pta; ... Pro; ... Bri. Dht. Os.  
Ms. L1.s.; ... M3. — 3) Jpr. Mfa. Pro. L4a.s. Bri.  
Mfa; ... M14. Ks. Br. Dht; ... Br. M13. M3.  
Pa. Pta; ... K3a.3b; ... Os. L1. —  
4) ... Jpr. Mfa. Br. a. K3b. Pa (in this | appended). 10.  
M13.4. Pta. M3.s. Jb. Ls. Bri. Os; ... Ba. Dht. L1;  
... K3a; not translated in P.V.

1) Pro. L4a.s. M14. Bri. Dht. Kio; ... Os. Ms. 20  
L1; ... Jpr. K3a.3b. Br. M13.s. M3. Pa. Pta;  
... Mfa. — 2) demut K3b. Br. Pa. M13. M3. —  
3) cf. V. 27,14.

2.

1) Jpr. Mfa. Os. Ms. L1.s.; ... Br. K3b. M13.4. 1  
Pa.10. L4a. Pta; ... K3a. — 2) ... Br. M13. K3b. Pa.  
Bri. L1.s.; ... Pa. Os. Ms; ... Jpr. Mfa.



...  
: ...

7 ...

8 ...

' ...

...  
...  
...

' ...

' ...

...  
...

9 ...

...  
...  
...

...  
...

6 1' Jpt. Mfa Pro. L4a. M1a, the rest ...

7 1) Jpt. Br. M13.4 Pa. K3a.3b. L4a; ...  
Ba K1o. Oa L1.2; ...  
2) all Mes., exc Brt ...

8 1) Mfa. Ba K1o. La. Dht. M2 Oa, ...  
K3a.3b. M13 Pa Pta. L4a.1 Brt; ...  
Mfa L4a. ...  
K3a.3b. Brt M13. Pa. Brt. L1.2. -- 3) Jpt. Mfa.  
K3a.3b.10. Brt M13. Pa Pta. L4a.2. Brt; ...  
M2. L1. -- 4) Jpt Mfa. K3a. Pa. Pta. Brt. L1.2, ...  
P1o Jb; ...  
M13.4. Pa. Pta. M3.2. Brt. Oa L1.2 append ...  
Mfa has ...  
pr. m, then struck out and appended again sec. m., it is  
wanting in Jpt. -- 6) Mfa Jpt. M14. L4a; ...  
K3a.3b. Pa L1.2, ...  
M13. Brt, ...  
M3. Pa. Pta. Brt. L1.2; ...  
Jpt in ...  
3) ...  
Jpt. Mfa. K3a.3b. Brt. M13.4 M3. Pa. Pta. (Jpt); ...  
Oa. Pr. -- 9) Jpt and the rest, exc. Mfa ...

9 1) Jpt. P1o. M14 K1o. L1.2. Dht. Oa Ma. Pr append

...  
...

' ...

...  
...

' ...

...  
...  
...

' ...

' ...

9 ...

...  
...  
...

...  
...

... which is wanting in the rest. -- 2) here K3a. M13 also.

3) K3a abbrev up to Par. 11. -- 4) Br.2. K3b.10. Pta.  
M13.4 La. Oa. Dht. ...  
Mfa has ...  
Brt (La.  
Brt; ...)

1) ...  
M13.4. Brt give the text of Farr. 10 and 11 without P.V. --  
2) Jpt. K3b.10. Brt. M13. Pa. M3.2. L1.2. Brt (Mfa. Jpt);  
...  
3) ...  
4) Jb. Brt. K1o. Oa.  
L1.2; ...  
K3b. Pa. M3. Dht; ...  
5) Jpt (Mfa). M13. Brt.  
K3b. Pa. Brt. L1.2; ...  
6) (Mfa) P1o. M14.  
Brt. Dht. K1o. Ms. L1.2; ...  
7) ...  
8) Jpt. M13. Brt. Pa.10. K3b (Mfa) and  
P.V.; ...  
9) Jpt.  
P1o. M14. K1o. Brt. L1.2 (Mfa); ...  
10) (Mfa) Jpt. P1o. M14; ...  
Ba. K1o. L1.2. Brt. Dht; ...















7 7  
 7 7  
 8 8  
 9 9

Mft (at .. on crasure); **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K37. — 10) K5. P14. Mft. a. J6.7. Ht. L13.1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** P11. L3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1 (but in this ᠮ struck out) K4. Cr. L2; Ja has **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** and above the line ᠮ

7 1) K5. P14; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** — 2) Ja. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** — 3) Ja.3.6. K5.4. S1. Mft. Ht. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** P14. Mft. L13. 4) Ja. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** — 5) Ja.6.7. K5. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. K37. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Cr. 6) Ja. K5. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L13. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L1.3. P.V. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** — 7) P14. S1. Mft. a. K4. J5.6.7. Ht. P6 L13.1.2. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Pd. Cr. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5 J3. L3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja. — 8) S1. P11. Mft. K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J7. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5.37. P14. Mft. Pd. P6; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja. Cr. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6. Lba. — 9) **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J6.7. L13. Oa. K11; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. Pd. K37. Cr. B1. L1.2. Oa; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6.7. Ht. L13. K11; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** P11. K10; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L17. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja. but **ᠮ** is struck out. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L3 (**ᠮ** is written above this sec. m.).

8 1) P14. S1. Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja.3. K5 in this 6 appears above the line). P11. 2) Ja. Mft. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. K37. Pd. L2, so too P14, but in this the first ᠮ is added sec. m.; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3.7. Ht. K11, **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5. — 3) Ja.3. K5. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6.7. Ht. L13. K11. — 4) **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6. K11, **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4. — 5) Ja.3.6. K5. S1. Mft. a. Ht; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L13. — 6) Ja. K5. S1. Mft. a. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6.7. Ht. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K37. Cr. — 7) **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4. — 8) Ja.6. K5.4. S1. Mft. a. Ht. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Pd. Cr. — 9) Ja.3. K5. Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J7. K11. — 10) Ja.3.6.7. P14. Mft. K4.37. Pd. Ht. K11. Cr. O1.2. L13.1.2; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L20; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5. L3. — 11) Mft. a. S1. J5. Pd. Ht. K11. B1. B2. B3. L2.3. Oa; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J7; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L13. O1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K37; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja. K5.4. P14. Cr. P1. L1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6. — 12) P14. S1. Mft. Pd. K37.11. Ht. L13. P6. B3. Oa; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja.3. K5; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J7. B1. L1.2. B2; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L20. — 13) Ja. K5.4. P14. S1. P11. Mft. a. Ht. L13.1.2.3. B1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6.7. Lba. Cr. Pr. — 14) Ja.6.7. K5.11. Ht. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** P11; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** P14. Mft. Pd. K37. Cr. L1.2; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1. Lba.

9 1) **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft. a. — 2) Ja. S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3. P11. L3. — 3) K5.4. P14. Mft. a. Pd; Ja **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** (above ᠮ appears **ᠮ** and **ᠮᠮ** is corrected to ᠮ); **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3. P11; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J7. K11; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. L13.2. B2. B1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J8; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L20; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Cr. — 4) Ja.6. L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J7. Lba. 5) J3.6. Mft. Pd. K37. Lba. L13.1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J3.7. K5.4.11. P14. S1. Ht. Mft. B1. Oa. L2. — 6) Ja.3.6.7. K5.4.11. S1. Mft. a. Ht. L13. Oa; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L2.3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Lba. Cr. Pr. — 7) **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J7. L13. — 8) Ja.3. K5. P14. S1. Mft. L1.2.3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Mft (after ᠮ in this Mft. is added above the line). K4.11. Ht. L20; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J6.7. L13. Pd; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** B1. — 9) P14. Mft. a. J6.7. P6. Ht. Oa. L1.2.3; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** S1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L20; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** L13; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ja; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Cr. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5.6. P11; J3 defective. — 10) Ja. K5.4. P14. S1. Mft. a. **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Ht. J7. O1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** J5.6. Lba. L17.20; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** Cr. Pr. — 11) P14. Mft. a. J6. Lba. P6. O1.2. K10. B1; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K4; **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** K5. S1. J3.7. Ht. B2. L1.2.3; Ja has **ᠮᠮᠤᠯᠠᠮᠤᠯᠠᠮᠤ** corrected





















16 **Құрғандық** <sup>3</sup>ағартушылық <sup>4</sup>сұлулық <sup>5</sup>құрғандық <sup>6</sup>құрғандық <sup>7</sup>құрғандық <sup>8</sup>құрғандық <sup>9</sup>құрғандық <sup>10</sup>құрғандық <sup>11</sup>құрғандық <sup>12</sup>құрғандық <sup>13</sup>құрғандық <sup>14</sup>құрғандық <sup>15</sup>құрғандық <sup>16</sup>құрғандық <sup>17</sup>құрғандық <sup>18</sup>құрғандық <sup>19</sup>құрғандық <sup>20</sup>құрғандық

17 **Құрғандық** <sup>3</sup>ағартушылық <sup>4</sup>сұлулық <sup>5</sup>құрғандық <sup>6</sup>құрғандық <sup>7</sup>құрғандық <sup>8</sup>құрғандық <sup>9</sup>құрғандық <sup>10</sup>құрғандық <sup>11</sup>құрғандық <sup>12</sup>құрғандық <sup>13</sup>құрғандық <sup>14</sup>құрғандық <sup>15</sup>құрғандық <sup>16</sup>құрғандық <sup>17</sup>құрғандық <sup>18</sup>құрғандық <sup>19</sup>құрғандық <sup>20</sup>құрғандық

18 **Құрғандық** <sup>3</sup>ағартушылық <sup>4</sup>сұлулық <sup>5</sup>құрғандық <sup>6</sup>құрғандық <sup>7</sup>құрғандық <sup>8</sup>құрғандық <sup>9</sup>құрғандық <sup>10</sup>құрғандық <sup>11</sup>құрғандық <sup>12</sup>құрғандық <sup>13</sup>құрғандық <sup>14</sup>құрғандық <sup>15</sup>құрғандық <sup>16</sup>құрғандық <sup>17</sup>құрғандық <sup>18</sup>құрғандық <sup>19</sup>құрғандық <sup>20</sup>құрғандық

19 **Құрғандық** <sup>3</sup>ағартушылық <sup>4</sup>сұлулық <sup>5</sup>құрғандық <sup>6</sup>құрғандық <sup>7</sup>құрғандық <sup>8</sup>құрғандық <sup>9</sup>құрғандық <sup>10</sup>құрғандық <sup>11</sup>құрғандық <sup>12</sup>құрғандық <sup>13</sup>құрғандық <sup>14</sup>құрғандық <sup>15</sup>құрғандық <sup>16</sup>құрғандық <sup>17</sup>құрғандық <sup>18</sup>құрғандық <sup>19</sup>құрғандық <sup>20</sup>құрғандық

J5. Bbr. Sa. -- 4) Әр Мфа. К4. -- 5) К5. S1. Mfr.; <sup>10</sup>ағартушылық  
Ja; <sup>11</sup>ағартушылық Mfr.; <sup>12</sup>ағартушылық Mfa. Pd. -- 6) Mfr. a. Jpr. K4.  
Pd. P6; <sup>13</sup>ағартушылық Pt4. J6. Hr.; <sup>14</sup>ағартушылық Ja.3. K5.15.11. S1.  
Bbr.; <sup>15</sup>ағартушылық J7.1. L13.1.2.5. Sa. Dh1. Sa. Oa; <sup>16</sup>ағартушылық K37;  
<sup>17</sup>ағартушылық J7.1. L13.1.2.5. Sa. Dh1. Sa. Oa; <sup>18</sup>ағартушылық K37;  
J3; <sup>19</sup>ағартушылық C1; <sup>20</sup>ағартушылық Mfa. Jpr. -- 8) Ja. K5.4. Pt4.  
Mfr.a. Jpr.; <sup>9</sup>ағартушылық J3; <sup>10</sup>ағартушылық J6.7. Hr. L13; <sup>11</sup>ағартушылық Pd;  
<sup>12</sup>ағартушылық S1. -- 9) <sup>13</sup>ағартушылық Ja. -- 10) Pt4. S1. Mfr.  
K37. L1; <sup>14</sup>ағартушылық Ja.3. K5.4. Mfa. L13. -- 11) Ja.6.  
S1; <sup>15</sup>ағартушылық J5. Mfr. Pd; <sup>16</sup>ағартушылық Jpr. K4; <sup>17</sup>ағартушылық K5.

1) Әр Мфа. К4. -- 2) Ja.6. S1. Mfr.a. <sup>3</sup>ағартушылық K4; <sup>4</sup>ағартушылық J3.7. Hr. -- 3) J6.7.1. Hr. C1. K11. Lba. L13.17.20.1.2.3. Dh1. Bbr. Sa; <sup>5</sup>ағартушылық S1. J5; <sup>6</sup>ағартушылық Pt4. J3. Mfa. Jpr.; <sup>7</sup>ағартушылық Ja. K5.4; in Mfr. a or a is erased. -- 4) <sup>8</sup>ағартушылық J3.4. -- 5) Ja. S1; <sup>9</sup>ағартушылық J3. -- 6) Ja. S1; <sup>10</sup>ағартушылық J6; <sup>11</sup>ағартушылық J3. P11. -- 7) <sup>12</sup>ағартушылық J3.4. -- 8) Ja.3. Mfr.a. Jpr. K4. Pd. L1. Bbr.; <sup>13</sup>ағартушылық K5.11. Pt4. S1. J6.7. Hr. L13.2.

1) Ja.3. K5. Mfr. Bbr. L1.2.3; <sup>2</sup>ағартушылық S1. Mfa. K4. J6.7. Lba. L13.1; <sup>3</sup>ағартушылық Jpr. -- 2) K5.4. Pt4. J3; <sup>4</sup>ағартушылық Ja. Pd; <sup>5</sup>ағартушылық J6. -- 3) K5.4. S1. Pt4. Mfr.a. Jpr.; <sup>6</sup>ағартушылық Ja; <sup>7</sup>ағартушылық J3.6.7. Hr. K11. L13.1.2.3. Sa. -- 4) J3.6.7. Mfr. Jpr. Pd. K37. Hr. L13; <sup>8</sup>ағартушылық Mfa; <sup>9</sup>ағартушылық Pt4. K11; <sup>10</sup>ағартушылық S1; <sup>11</sup>ағартушылық K5; <sup>12</sup>ағартушылық

<sup>13</sup>ағартушылық K4. C1; Ja. ha. <sup>14</sup>ағартушылық J3.4. Pt4. J3.7. Mfa. Jpr. L1.2.3. -- 2) K5; <sup>3</sup>ағартушылық Ja. <sup>4</sup>ағартушылық L13. C1. -- 4) K5; <sup>5</sup>ағартушылық Ja. <sup>6</sup>ағартушылық L1.2. -- 5) <sup>7</sup>ағартушылық J3.4. -- 6) all Mfr., exc. K4 <sup>8</sup>ағартушылық Pt4. Mfr.a. J6.7. Hr. L13. Oa; <sup>9</sup>ағартушылық Ja. S1.2. L1.3. <sup>10</sup>ағартушылық K37. Dh1. Bbr. L1. -- 8) K5. L17. Ja and the rest <sup>11</sup>ағартушылық K11. -- 9) <sup>12</sup>ағартушылық L1; <sup>13</sup>ағартушылық Sa. L1.

1) S1. L2; the rest <sup>2</sup>ағартушылық Ja.6.7. K5. Pt4. Mfr.a. Hr. L13.1.2; <sup>3</sup>ағартушылық S1; <sup>4</sup>ағартушылық J3.4. P11; <sup>5</sup>ағартушылық Jpr. K9. Sa. L3; <sup>6</sup>ағартушылық K4. 3) <sup>7</sup>ағартушылық Ja. K5.4.37. Pt4. Mfr.a. Jpr. Pd. C1; <sup>8</sup>ағартушылық S1. J5.6.7. Hr. K11. L13.1.2.3. Oa; <sup>9</sup>ағартушылық J3. K15. -- 4) <sup>10</sup>ағартушылық K4. -- 5) <sup>11</sup>ағартушылық Mfa. Jpr. J6. -- 6) Ja. K5.4. Pt4. Mfr.a. Jpr. P6; <sup>12</sup>ағартушылық S1.2. J3.5.6.7. Hr. L13.1.2.3. K37. -- 7) Ja. S1; <sup>13</sup>ағартушылық J3. L3.

1) Әр Мфа. Jpr. K4. 2) Ja.3. K5.4. Pt4 (in this <sup>3</sup>ағартушылық is written sec. m. below the line). S1. Mfr.a. Jpr. and P.V.; <sup>4</sup>ағартушылық K6; <sup>5</sup>ағартушылық J6.7. Hr. Lba. Oa. L3; <sup>6</sup>ағартушылық L13; <sup>7</sup>ағартушылық P6. K10. Dh1. Sa. L1; <sup>8</sup>ағартушылық S1. L1; <sup>9</sup>ағартушылық J. V. 29,7. -- 3) K5.4. Mfr.a. L1.2. -- 4) <sup>10</sup>ағартушылық S1; <sup>11</sup>ағартушылық J6; <sup>12</sup>ағартушылық Hr. L13; <sup>13</sup>ағартушылық Ja; <sup>14</sup>ағартушылық J5.6. Sa. Sa. L1. -- 4) <sup>15</sup>ағартушылық

1) Әр Мфа. Jpr. K4. 2) Ja.3. K5.4. Pt4 (in this <sup>3</sup>ағартушылық is written sec. m. below the line). S1. Mfr.a. Jpr. and P.V.; <sup>4</sup>ағартушылық K6; <sup>5</sup>ағартушылық J6.7. Hr. Lba. Oa. L3; <sup>6</sup>ағартушылық L13; <sup>7</sup>ағартушылық P6. K10. Dh1. Sa. L1; <sup>8</sup>ағартушылық S1. L1; <sup>9</sup>ағартушылық J. V. 29,7. -- 3) K5.4. Mfr.a. L1.2. -- 4) <sup>10</sup>ағартушылық S1; <sup>11</sup>ағартушылық J6; <sup>12</sup>ағартушылық Hr. L13; <sup>13</sup>ағартушылық Ja; <sup>14</sup>ағартушылық J5.6. Sa. Sa. L1. -- 4) <sup>15</sup>ағартушылық





## ХУАСТУАНИФТ

Адам баласы жаратылғаннан бастап құдайға жалбарынып, құлшылық етіп келеді. Жер жүзіндегі адамзат атаулының құдайға жасаған гибадаттары әртүрлі болғанымен де, негізгі мақсаттары жаратушыға жалбарынып дұға оқу арқылы жақсылықты тілеу, жамандықтан құтылу. Құдайдың рақымшылығымен күнәсінен арылу. Бұл бүкіл дінге ортақ ұғым. Осындай діни дұғалардың бірі манихейлік қоғамнан жеткен «Хуастуанифт» еді.

Бұл дұға ең алғаш көне иран тілінде жазылған. Кейіннен ежелгі түркі халықтарының арасына манихей дінін тарату қажеттілігінен манихей және көне ұйғыр жазуын қолдана отырып, түркі тіліне аударылады. «Хуастуанифт» дұғасының түпнұсқасы табылған жоқ. Тек Лондон және Берлин мұражайларындағы манихей әрпімен жазылған екі нұсқа мен Петербург қаласында сақтаулы ұйғыр әрпімен хатқа түсірілген бір нұсқа ғана біздің заманымызға дейін жетті. Аталған үш нұсқа да толық емес. Әрқайсысында «Хуастуанифт» дұғасының кейбір бөлімдері ғана келтірілген. Мәселен, Берлинде сақтаулы тұрған нұсқада мәтіннің бастапқы бөлігі берілсе, Петербургтегі нұсқада дұғаның жалғасы жазылған. Ал Лондондағы жазбадан «Хуастуанифт» мәтінінің жоғарыдағы екі нұсқада жоқ тарауларын табуға болады.

«Хуастуанифт» дұғасының мәтінін ең алғаш неміс ғалымы А.Грюнведел 1907 жылы Тұрфанға жасаған экспедициясы кезінде табады. Бұл нұсқа «Берлин нұсқасы» деп аталады. Түрколог ғалым А. Лекок 1911 жылы оның мәтінін, транскрипциясын, немісше жолма-жол аудармасын және түсіндірмесін жазып жариялайды<sup>151</sup>. Ал Лондондағы қолжазба А.Стейннің қолына 1907 жылы Духуан қаласында түседі. Бұл қолжазбаны да Альберт Лекок ағылшын тіліне аударып, түсіндірмесін жазып, транскрипциясымен қоса жарыққа шығарады<sup>152</sup>. Грюнведел тапқан мұрадан гөрі Стейннің қолжазбасы анағұрлым толығырақ. Петербургтегі үшінші нұсқа А.А.Дьяков тарапынан 1908 жылдың он бесінші тамызында Тұрфан маңындағы Астана елді мекенінен табылады. Осы нұсқаның факсимилесін, немісше аудармасын, түсіндірмесін жазған В.В.Радлов 1909 жылы зерттеуін көпшілік қауымға ұсынады<sup>153</sup>. Осы еңбектен кейін неміс ғалымы Мюлер, Лекок және Радлов арасында көне ұйғыр жазба ескерткіштері мен «Хуастуанифт» дұғасы жөнінде үлкен ғылыми тартыс басталады. Бірін-

<sup>151</sup> Chustuanift, ein Sündenbekenntnis der Manichäischen Auditores. Gefunden in Turfan / Chinesisch Turkistan/. Von Dr. Le Coq. Berlin, 1911.

<sup>152</sup> Dr. Stein's Turkish Khuastuanift from Tun-Huang being a confession-prayer of the Manichæan Auditores. Edited and translated by A.V. Le Coq. JRAS, April, 1911. VIII. P.277-314.

<sup>153</sup> Chuastuanit, das Bussgebet der Manichæer. Herausgegeben und übersetzt von W/Radloff. St.-Petersbourg, 1909.

бірі сынап, қателіктерін көрсетіп мақалалар жазады. Сынның арқасында олардың әрқайсысы өз міндерін жөндеп, зерттеу еңбектерін қайта қарайды. Мәселен, Радлов Лекоктың еңбегін пайдалана отырып, өзінің «Хуастуанифтке» арнаған еңбегін толықтырады<sup>154</sup>. Ежелгі түркі тілінде жазылған көненің көзі «Хуастуанифт» жайында түрколог ғалым С.Е.Маловтың да зерттеуі жарияланады<sup>155</sup>. Ал 1963 жылы Л.В.Дмитриева жоғарыда айтылған нұсқаларды салыстыра отырып, өзінің ғылыми зерттеуін ұсынады<sup>156</sup>.

Манихейлік құлшылыққа арналып жазылған «Хуастуанифт» дұғасы қай уақытта жазылғаны нақты белгісіз. Дұғаның тіліне, стиліне қарап В.В.Радлов мұраны біздің дәуіріміздегі V ғасырда аралас түркі тілінде жазылған деп топшылайды. Дұғаның діни болғанымен де, әдеби құндылығы жөнінде С.Е.Малов: «Ол – Орта немесе Орталық Азияда пайда болған ежелгі түркі әдебиетінің ең көне ескерткіштерінің бірі. Ескерткіш Орта Азияға (Өзбекстан мен Қазақстанға) Ислам дінін таратушылардың қолынан аман қалды», – деп жазады<sup>157</sup>.

«Әдеби жәдігерлер» сериясы бойынша қазақ тілінде алғаш жарияланып отырған «Хуастуанифт» мәтінін біз Л.В.Дмитриеваның еңбегі бойынша беріп отырмыз. Л.В.Дмитриева өз еңбегінде А.Лекок, В.В.Радлов, С.Е.Малов зерттеулеріне талдау жасап, мәтін жолдарын өз орындарына өте мұқияттылықпен қоя білген. Бұл жөнінде ол: «Алғашқы 39 жол берлиндік нұсқадан алынды. Одан кейінгі 40-48-жолдарды берлиндік және лондондық нұсқаларды салыстыра отырып қойғанымызбен де, көбіне берлиндік мәтін пайдаланылды. 49-73-жолдар тұтастай лондондық жазбадан алынып, тек бірнеше фрагменттері ғана ленинградтық мұрамен салыстырылып берілді. Ал қалған 74-221 –жолдарда тұтастай ленинградтық нұсқа қолданылды», – деп көрсетеді<sup>158</sup>. Дұғаның алдыңғы 73 жолы манихей әрпімен хатқа түссе, 74-221-жолдар көне ұйғыр жазуымен жазылған.

«Хуастуанифт» дұғасы он бес бөлімнен тұрады. Әр бөлімде дұға қылушы адамзаттың жасаған күнәлары үшін тәубеге келіп, кешірім сұрайды. Дұғада жаратушыға деген сенім жойылып, құдайдың әмірі орындалмай, Тәңірінің бұйрығы өзгертілгені айтылады.

Бірінші бөлімде Хормузта жер бетіне түсіп, жауыздықпен күрескені, Шмнудың Хормузтаны басынан жаралап жеңгені, адам баласы құдайды

<sup>154</sup> Nachträge zum Chuastuanit /Chuastuanvt/ dem Bussgebet der Manichäer. /Hörer/. Изв. АН, серия VI, СПб., 1911. С.867-896.

<sup>155</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 108-130.

<sup>156</sup> Дмитриева Л.В. Хуастуанифт (Введение, текст, перевод) // Тюркологические исследования. М. – Л., 1963. С. 214-233.

<sup>157</sup> Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. М.-Л., 1951. С. 108.

<sup>158</sup> Дмитриева Л.В. Хуастуанифт (Введение, текст, перевод) // Тюркологические исследования. М. – Л., 1963. С. 215.



ұмытып, түрлі күнәлардың ортасында қалғаны, Раимаст баласының манихей жолын ұстанғандардың атынан дұға етуі жазылған.

Екінші бөлімде Күн мен Ай құдайларының ұлықтығы, олардың іс-әрекеттері, Күн мен Айдың манихей дінінде алар орны, адамдардың бұл екеуіне сенбей, олар жөнінде жаман сөз айтқаны, сол үшін күнәһар болғаны айтылады.

Үшінші бөлімде Хормузта құдайдың бес көмекші құдайы жөнінде сөз болады. Бес құдайдың қызметі айтылып, адамдар оларға сенбегені, Хормузтаның көмекшілерінің алдында пенденің тілмен, қолмен, тіпті он төрт мүшенің барлығымен күнә жасағанына Раимаст баласы қатты өкінеді.

Төртінші бөлім құдайдың елшісі деп саналған – бұрхандарға, хабаршысы – рухтарға, Хормузтаның әскерлері – бес жеңіл құдайларға арналған.

Бесінші бөлім жер бетіндегі тіршілік иелері (адам, жануар, құс, балық, өсімдік) жөнінде болады. Оларға түрлі қиыншылықтар көрсетіп күнәлі болған адамзат үшін дұға етіледі.

Алтыншы бөлімде он түрлі күнә іс айтылады.

Жетінші бөлімде автор манихей жолын ұстанғандардың хақ жолдан тайып, шайтанға сәжде қылғанына, оларға арнап құрбандық шалғанына өкініп, тәубеге келеді.

Сегізінші бөлімде қасиетті жазу жайында, нұр мен зұлымдықтың араласып кеткені баян етіледі.

Тогызыншы бөлімде он уәде еске алынып, дұға қылушы адамдардың жамандық істегеніне пұшайман болады.

Оныншы бөлімде төрт тәңір – Зерван, Күн, Ай және Хормузта, сондай-ақ бұрхандар мадақталады.

Он бірінші бөлімде қасиетті жазу жайында айтылып, адамдардың бес жеңіл құдайға қарсы әрекетімен жазықты болғаны айтылады.

Он екінші бөлім ораза тұтуға арналады.

Он үшінші бөлім құлшылық туралы жазылған.

Он төртінші бөлім құрбандық шалу баяны.

Он бесінші бөлім – қорытынды, автор адам баласы (манихей жолын ұстаушылар) жасаған барша күнәлар үшін дұға қылып, тәубеге келеді. Сонымен қатар Ботурмуш тархан «Хуастуанифті» жазып немесе көшіріп біткені жөнінде мәлімет береді.

«Хуастуанифті» дұғасы – түркі әдебиеті мен діндер тарихын зерттеуде аса құнды жәдігер. Бір қоғамның наным-сенімін, мифтік аңыз-әңгімелерін, діни ұстанымын көрсететін бұл мұра әлі де толық зерттеле қойған жоқ.

Төменде «Хуастуанифті» дұғасы Л.В.Дмитриева құрастырған мәтін бойынша қазақшаға аударылып беріліп отыр. Ал жәдігердің асылмәтіні Л.Ю.Тугушевтің еңбегінен алынды.

АУДАРМАСЫ

1. Хормузта тәңірі бес тәңірі
2. менен барлық зұлымдық жаратушысына қарсы
3. соғысқалы (аспаннан осы жаққа) келді.
4. (Ол) зұлым иесі Шмнудын
5. бес түрлі жақтасымен соғысты.
6. Тәңірлер мен албастылар, жарық пен
7. қараңғылық араласты. Хормузта тәңірі
8. ұланы бес тәңірі мен біздің жанымызбен бірге
9. зұлым албастылармен соғысып, бастан жаралы
10. болды. Сондай-ақ барлық зұлымдық жаратушылар
11. тойымсыз, ұятсыз, ашкөз албастылармен бірігіп
12. жүз қырық түмен (болды). Зұлымдық албастылары
13. біліксіз болып, өздері көңілсіз (сезімсіз)
14. қалды. Олар (өздері) туып, жаратылған
15. мәңгі тәңірі жерін ұмытып кетті.
16. Жарық тәңірлерден айырылды (жырақтады). Онан
17. соң, бар тәңірім, зұлымдық
18. иесі Шмну өзімізді,
19. ақыл-ойымызды азғырды.
20. Біліксіз, ақымақ болғанымыз үшін.
21. Барлық жарық жандардың негізіне,
22. Таза және пәк Азруа тәңіріге қарсы шығып,
23. жазықты болдық. Қателестік.
24. Жарық пен қараңғылық, құдайлар мен
25. албастылар негізі (сол) деген едік.
26. Тірілкенді тәңірі тірілтеді, өлтіргенді
27. тәңірі өлтіреді деген едік. Жамандық-
28. жақсылықтың барлығын сол тәңірі жаратмыш
29. деген едік. Мәңгілік тәңірлерді
30. жаратқан сол деген едік. Хормузта
31. тәңірі мен Шмну ағалы-інілі
32. деген едік. О, тәңірім, айтқан сөзде,
33. тәңіріге қатысты, білмейтін күнәлар бар.
34. Біз астамшыл, әдепсіз сөздер айттық.
35. Осылайша кешірілмейтін жазықты (күнәлі) болған
36. едік. Тәңірім, енді мен, Раймаст
37. перзенті, өкінемін, жазықтан босатуыңды
38. өтінемін. Манастар ғирз-а



39. Құтлұғ падс. Екінші (Екінші бөлім): сондай-ақ,
40. Күн, Ай тәңіріге және екі жарық ордасы
41. ішінде болғандар тәңіріге. Барлық
42. бұрхандардың таза есімдерінің, ізгілік
43. жасайтын рухтарының, жер-су,
44. жарықтың иелері тізіліп
45. тәңіріге барар жолға беттейді. Алдыңғы (бірінші)
46. есік (соған алып барар жол) – Күн мен Ай тәңірі. Бес
47. құдайды жіберу үшін, жарық пен қараңғыны
48. ажырату үшін толық болып туады.
49. Төрт бұрышқа жарық шашады. Тәңірім,
50. осыларды білместен
51. Күн мен Ай тәңіріне, екі
52. жарық орда ішінде
53. болған тәңірлерге
54. нешеме жазықты болдық.
55. Сондай-ақ күшті, қуатты, артық
56. тәңірі деп тұрып бұған сенбедік.
57. Сонымен қатар, қаншама рет
58. ұятты, әдепсіз сөз
59. айттық... сонымен қатар,
60. Күн мен Ай өледі дедік.
61. Әлсіздігінен туар, батар, күшті
62. болса туып-батпас деген
63. едік. Өзіміз жайында
64. Күн мен Айдан артықпыз
65. деген едік. Бұл екі
66. білмей істеген күнәдан
67. босатуды өтінеміз.
68. Манастар ғирз-а
69. Үшінші: Бес тәңіріге
70. Хормузта тәңірі ұландарына:
71. бірі – Самал тәңірі, екіншісі –
72. Жел тәңірі, үшіншісі – Жарық
73. тәңірі, төртіншісі – Су тәңірі,
74. бесіншісі – От тәңірі. Олар зұлым албастылармен соғысып, жараланғандары
75. үшін қараңғылық тәңірлігіне қарсы бірігіп аттанды.
76. Олар осы жерде. Үстінде он қат көк, астында
77. сегіз қат жер бес тәңірі үшін тұр. Барлық жер үстіндегілер:
78. құт, қуаныш, өмір, тіршілік, күш, жарық,

79. тамыр мен негіз. Бес тәңір осылар. Тәңірім, аталған бес тәңіріні  
 80. білместен нешеме рет қателестік, оларды неше рет жаман, пасық ойлар-  
 мен жәбірледік.  
 81. Төрт жиырма (он төрт) түрлі мүшемізбен: он жылан басты  
 82. саусақтармен, екі кырық (отыз екі) тіспенен, тіршілік иелерін ас қылып,  
 83. тәңірлерді нешеме рет ашуландырдық, ауырттық (ренжіттік). Құрғақ жер-  
 ге,  
 84. бес түрлі тіршілікке, бес түрлі отқа, ағашқа  
 85. нешеме жазықты болдық. Енді, тәңірім, күнәмізді кешіруді өтінеміз.  
 86. Манастар ғирз-а. Төртінші: Тәңірінің  
 87. шабарман елшілеріне, бұрхандарға, шын жүрегімен берілген діндарларға  
 88. білместен нешеме жазықты болдық. (Оларды) тәңірінің шабарман  
 бұрхандары  
 89. деп, ізгілік қылушы діндар деп сенбедік. Егер тәңірі  
 90. атымен сөйлесе, надандықтан қарсы тұрдық.  
 91. Тәңірі атын атағанмен, (оның) заңын орындамадық. Тәңірім, енді  
 92. күнәмізді кешіруіңді өтінеміз. Манастар ғирз-а. Бесінші:  
 93. Бес түрлі тіршілік иелері: бірінші – екі аяқты кісілер, екінші –  
 94. төрт аяқты жануарлар, үшінші – ұшатын құстар,  
 95. төртінші – суда өмір сүретін жануарлар, бесінші – жерде бауырымен  
 96. жорғалайтындар. О, бар тәңірім, бұл бес түрлі  
 97. тірі, үлкенді-кішілі тіршілік иелерін нешеме қорқыттық,  
 98. үркіттік. Қаншама (оларды) ұрдық, кинадық,  
 99. зәбір көрсеттік, қаншама өлтірдік. Осыншама тіршілік  
 100. иелерінің алдында жазықты болдық. Тәңірім, енді күнәмізді  
 101. кешіруіңді өтінеміз. Манастар ғирз-а. Алтыншы:  
 102. Тәңірім, қаншама шын-өтірік сөз айтып, он  
 103. түрлі күнә қылдық. Нешеме жалғандық жасадық.  
 104. Тағы пайда үшін қаншама ант бердік, қаншама  
 105. адам жалған куә болды. Тағы қаншама адамды жазықсыз  
 106. қуаладық (соңына шам алып түстік). Қаншама сөз таратып, кінәсіз адам-  
 дарды  
 107. себепсіз қаралап көңіліміздегі (жүректегі) біліктілікті аздырдық.  
 108. қаншама сиқырлықпен айналысып, қаншама жанды-  
 109. жансыз тіршілік иелерін өлтірдік. Қаншама бұзықтық жасап, өтірік  
 айттық.  
 110. Қаншама өзімізге тапсырылған кісі аманатын жеп, Күн мен Ай тәңірі  
 111. сенбейтіндей күнә жасадық.  
 112. ұзын киімді жас адамдарға қаншама күнә жасап,  
 113. жаңылыстық, Қаншама тіршілік иелеріне кедергі



114. жасадық. Тәңірім, енді осы он түрлі күнәмізді  
 115. кешіруіңді өтінеміз. Манастар ғирз-а. Жетінші:  
 116. Сондай-ақ, кім күнә істерге бастайтын улы жолдарға бастаса, сол тамұқ  
 117. қақпасының алдына барады. Бірінші – жалған заңдар мен ережелерді  
 118. ұстанғандар. Екінші – албастылар мен жын-шайтандарға тәңір деп бас  
 ұрғандар.  
 119. Себебі олардың өздері күнәға батқандар. О, бар және шынайы тәңірім,  
 тура заңдардың иесі,  
 120. білмей және түсінбей пайғамбарлар мен құдай жолын ұстанған діндарлар  
 насихат айтқанда  
 121. оларды мойындамадық, тындамадық. Керісінше өз-өздерін «мен құдай  
 жолындамын», «мен құдай заңын уағыздаушымын» деген жалғаншылардың  
 122. сөздерін қабылдап, қаншама қателікке  
 223. ұрындық. Қаншама рет біз қателік жібердік, қаншама рет  
 124. қайырымдылық және көмек жасап жатырмыз деп ойлап қателікпен  
 құрбандық шалдық.  
 125. Қателікпен қаншама жаман қылықтар істедік, сондай-ақ албастылар мен  
 жын-шайтандарды  
 126. тәңір деп, тіршілік иелерін өлтірдік.  
 127. Пайғамбар екенін біле тұрып, оған сатқындық жасадық, ол туралы өсек  
 тараттық.  
 128. Жын-шайтанға сыйынып, одан алақан жайып құт сұрап, тәңір алдында  
 жазықты болдық.  
 129. Тәңірім, енді өкініп, өзіңнен күнәмізді кешіруіңді  
 130. өтінеміз. Манастар ғирз-а. Сегізінші:  
 131. Тәңірлік пен тура жолды, екі негіз (бастау) бен  
 132. үш мезгілді заңды білдік. Жарық негізі (бастауы) мен тәңірі жерін  
 (жұмақ),  
 133. Түнекті негіз (бастау) бен тамұқты жерді білдік.  
 134. Біз аспан мен жер жаратылмастан бұрын болғандарды біліп, Құдайлар  
 мен жын-шайтандар (бір-бірімен)  
 135. жарық пен қараңғылық секілді неге жауыққанын айттық.  
 136. Тәңірлікпен кім жаратқанын білдік және айттық, сондай-ақ Арқұн жері  
 137. жарық пен қараңғылық ажыратылғандай жоқ болғандығын сөйледік.  
 138. Одан кейін не болатынын білдік. Азруа тәңіріге,  
 139. Күн-Ай тәңіріне, құдіретті тәңіріге, пайғамбарларға  
 140. сендік және бағындық. Төрт тамғаны (белгіні)  
 141. жүрегімізге тамғаладық. Бірінші – махаббат, Азруа тәңірі  
 142. таңбасы. Екінші – сенім, Күн-Ай тәңірінің таңбасы. Үшінші –  
 143. қорқыныш, бес тәңірі таңбасы. Төртінші – біліктілік,



144. бұрхандар таңбасы. Тәңірім, біліктілігімізді, көңілімізді бұл төрт
145. түрлі тәңірлерден алыстатқандықтан,
146. тәңірі таңбасы бұзылған еді. Тәңірім, енді жазығымызды
147. кешіруінді өтінеміз. Манастар ғирз-а. Тоғызыншы:
148. Он түрлі сый тұттық: үшеуі – ауыздың, үшеуі –
149. жүректің, үшеуі – қолдың және біреуі қалған тіршілігіміз үшін
150. керек. Тәңірім, біліп-білмей тәкаппарлықпен
151. дос-жарандарымыздың көңілін бұзатын сөздерді айттық,
152. пайда үшін алдап малдарын алдық.
153. Он түрлі сыйды жасамадық және оны шектедік,
154. қысқарттық. Тәңірім, енді жазығымызды кешіруінді өтінеміз.
155. Манастар ғирз-а. Оныншы: Күніне төрт рет
156. Азруа тәңіріге, Күн-Ай тәңіріне, күшті тәңіріге,
157. біліктілігі (мақсаты) бір бұрхандарға (пайғамбарларға) мадақ-құл-

шылық

158. бар еді. Бірақ қорқынышты ұмытып, жалқаулықпен,
159. мадақ-құлшылықты орындамадық. Сондай-ақ жүрегімізді,
160. сезіміміз бен ақыл-ойымызды тәңіріге бағыштамадық. Сондықтан біздің мадақ-құлшылығымыз

161. тәңіріге жетпеді. Жер бетінде қалып қойды.
162. Тәңірім, енді жазығымызды кешіруінді өтінеміз. Манастар
163. ғирз-а. Он бірінші: Сондай-ақ жеті түрлі қасиетті
164. төре (заң) болды. Тағы, бес тәңірі жарығын
165. жинақтаған періштелер Ғроштағу мен Бдуағтар аспан тәңірінің
166. жіберушісі (елшісі) және босатушысы (жамандықтан құтқарушысы) еді.

(Олар) бес тәңірінің жарығын бізге бағыттап отырған еді.

167. Біз әртүрлі жолмен қасиетті төреге (заңға) кіргізулер жараттық (өзгертулер енгіздік).

168. Қиындықтар(дан қашып) және қажетті пайда үшін.

169. Жеті түрлі қасиетті заңды ұмыттық.

170. Тәңіріге барар жолда, (күнәдан) босану шағында біз бес тәңірі жарығын үй шаруашылығына

171. алмастырдық. Адамдарға зұлымдық жасадық, тіршілік иелеріне

172. жауыздық қылдық, төктік, шаштық. Тәңірі

173. жарығын жауыздық жеріне жібердік. Енді, Тәңірім, енді жазығымызды

174. кешіруінді өтінеміз. Манастар ғирз-а. Он екінші:

175. Бір жылда елу күн адал діндарларша «вусанти» болу

176. заңы бар еді. Тәңіріге бойұсынған түрде қасиетті аштық (ораза)

177. міндетті еді. Бірақ біз үй шаруашылығы үшін,

178. мал-мүлікті көбейту үшін, ауырлық пен қиыншылықтан қашып



179. опасыз және тойымсыз жын-шайтанның разылығы үшін, қорқынышсыз жүрегіміз

180. үшін, ерініп, жалқауланып, ерікті және еріксіз оразаны тұтпадық.

181. Егер ораза ұстасак, қасиетті заңда жазылғандай орындамадық.

182. Енді, Тәңірім, енді жазығымызды кешіруінді өтінеміз. Манастар

183. ғирз-а. Он үшінші: Ай тәңіріне күн сайын адал

184. діндарларға ұқсап сөзімізді, күнәмізді

185. кешіруін өтіну керек еді. Бірақ ерікті және еріксіз

186. ерініп, жалқауланып, (дүние) ісіне көңіл бөліп күнәдан

187. құтылуға бармадық (асықпадық). Тәңірім, енді жазығымызды кешіруінді

188. өтінеміз. Манастар ғирз-а. Он төртінші:

189. Бір жылда жеті рет құрбан шалу заңы бар еді. Бір айда бір рет

190. (құдай жолында, діни) нәзір (садақа, сый) беру бар еді. Сондай-ақ құрбандық кезінде ғибадатханада болып,

191. ораза ұстап, тәңірі мен бұрхандар алдында шын көңілмен

192. бір жылғы күнәмізді кешіруін өтінуіміз керек еді. Тәңірім,

193. жеті рет құрбандық шалуды ұмыттық, бір айда берілетін нәзірді

194. шын көңілмен орындамадық, бір жылда

195. болған күнәларымызды шын ықылас-пейілмен кешіруді сұрай алмадық.

196. Қаншама кемшіліктеріміз бен ағаттықтарымыз болды. Тәңірім, енді жазығымызды кешіруінді

197. өтінеміз. Манастар ғирз-а. Он бесінші: Күн

198. сайын қаншама жаман ойларды ойлаймыз, нешеме айтуға болмайтын

199. күнәлі сөздерді айтамыз, нешеме істеуге тыйым салынған күнәлі

200. істерді істейміз. Ақымақ істермен өзімізді өзіміз

201. қинаймыз. Күніге бізді ішкізіп-жегізген бес тәңірі жарығын

202. өз тәніміз бен жанымыздың «тойымсыздық» және «ашкөздік» деген жауымызға сүйіспеншілігіміз

203. арқылы аулақ жібердік. Сол үшін, тәңірім,

204. күнәмізді кешіруінді өтінеміз. Манастар ғирз-а.

205. Тәңірім, біз – кемшілікке толы жазықтымыз, қарыздармыз, берешекпіз.

Тойымсыз,

206. ұятсыз жын-шайтанға ілесіп жасаған ойымыз, сөзіміз, қылығымыз үшін.

207. Сондай-ақ көзіміз көріп, құлағымыз есітіп, тіліміз сөйлеп, қолдарымыз

208. ұстап, аяқтарымыз жүріп үздіксіз (күнәға) батамыз.

209. Бес тәңірі жарығын құрғақ жерде иеленіп, бес түрлі тіршілік иесін,

210. бес түрлі ағаш-шөпті (жоямыз). Осылай біз күнәліміз.

211. Он түрлі сыйды, жеті құрбандықты, үш таңбаны орындаушы

212. атын иеленгенмен, оларды орындамаймыз. Тағы жарық

213. тәңірлерге, қасиетті жазбаға, тәңір жолындағы және қасиетті жазбаны уағыздаушы адал діндарларға  
 214. қаншама жазықты болдык, жаңылыстык. Нешеме рет тәңірі айтқан  
 215. біліктілік (жолмен) жүрмей, тәңірлердің көңілін қалдырдык.  
 216. Сондай-ақ «вусанти» (оразасы) мен (ай сайын берілетін) нәзірді қасиетті жазбада жазылған заңша тұта  
 217. алмай, шектеп, қысқарттык. Күн сайын және  
 218. ай сайын күнә жасадык. Жарық тәңірлерден,  
 219. қасиетті жазбадан, адал діндарлардан күнәмізді кешірулерін  
 220. өтінеміз. Манастар ғирз-а. Ботурмыш тархан  
 221. түгетті (аяқтады) күнәлілердің өкініп айтқан сөзі «Хуастуанифтті».

### ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

1. hormuzta-h t(ä)ngri-ï biš t(ä)ngri-ï
2. birlä kam(a)γ t(ä)ngri-lär süzinlög(ü)n
3. jäkkä süngüşkälï-ï k[ä]ltï-ï-h
4. ïntï-ï anyk kylınçl(y)γ šmnuluγun
5. biš türlög jäklärlögün söngüşdi
6. t(ä)ngri-lï-ï j[jä]kli-ï j(a)rukly-y ol
7. ödün k(a)tyldy-y hormuzta t(ä)ngri-ï-h
8. oylan[y-y] biš t(ä)ngri-ï bïznïng üzüt(ü)müz
9. suin j[äk]lögün söngüşüp bal(y)γ bašl(y)γ
10. bolty-y. j(ä)mä kam(a)γ jäklär ul[uγ]lar
11. totunçsuz ovutsuz sok jäk [birlä?]
12. жүз artuky-y kyr[k t]ümän jäk [j(a)ulak?]
13. biligïngä-h katylp ögsüz köngül-
14. süz k(ä)ltï-ï. k(ä)ntü-ü tuγmyš kylınmyš
15. mängïgü t(ä)ngri-ï jirïn unytu-u ytddy-y.
16. j(a)ruk t(ä)ngri-lärddä atrylty-y. antadda-
17. ta baru t(ä)ngri-m jäk kylınçyngä-h
18. anyγ kylınçl(y)γ šamnu-u ögümüzni-ï
19. sakynçym(y)zny-y azγurdukyn a.k(?) k(?)..uun
20. biligsiz ögsüz boltukumuz [ü]çün.
21. kam(a)γ j(a)ruk üzütlärning t[özin]gä
22. [jil]tizï[ngä]. aryγ j(a)ruk äzrua t(ä)ngri-kän
23. [kä?] jazyntym(y)z jangyltym(y)z ärsär.
24. [jarukly-y] karaly-y t(ä)ng[rï]li-ï jäkli-ï-h
25. tözi-ï jiltizi-ï.. .. [tidim(i)z] ärsär.
26. tïrgüsdär t(ä)ngri-ï tïrgüdür?. ölürsär



27. t(ä)ngrī-ī ölüür t[iddīm]z ärsär. ädgüg
28. anyγay kop t(ä)ngrī-ī jaratmyš ol
29. tiddīm(ī)z ärsär. mängīgü-ü t(ä)ngrilärīg
30. [jara]t[y]γly-y ol tiddīm(ī)z ärsär. homuzta
31. [t(ä)ngrilī-ī š]mnuly-y inilī-ī inilī-ī ol
32. [tiddīm(ī)z] ärsär. t(ä)ngrīm suida baru-u
33. [b]ilmätän t(ä)ngrikā īgdäjü-ü muntay
34. uluy čulvu-u sav sözlädīm(ī)z ärsär
35. munday bu adunčsuz jazuk jaz(y)nt(y)m(y)z.
36. ärsär. t(ä)ngrīm amty-y m(ä)n raim(a)st(?)
37. f(ä)rzind ögü[nür m(ä)n jaz]ukda bošunu-u
38. ötünür m(ä)n. m(a)nastar hyrza-h
39. kutlu pads... ikintī-ī j(ä)mä
40. kün ai-i t(ä)ngrikā ikī-ī j(a)ruk ordu-u
41. ičrä oluruγma t(ä)ngrilärkä. kam(a)γ
42. burhanlaryng aryγ nomnung. ädgü-ü
43. kylynčl(y)γ üzütlärning. jir [suv?]
44. j(a)rukning tözi-ī jiltizi-ī tirmägüli
45. t(ä)ngrī-ī jiringärü-ü barsar öngü-ü
46. kapyyy-y. kün ai-i t(ä)ngrī-ī ol. Biš
47. t(ä)ngrīg bošuyaly-y j(a)rukuy k(a)ray
48. atyrγaly-y tägdä toly-y tägzinü-ü-r
49. tört-t bulunuguy(!) jaruty[r] t(ä)ngrīm
50. suida baru-u bil[mätin]
51. kün ai t(ä)ngrikā [ikī]
52. j(a)ruk ordu-u ič[rä]
53. oluruγma t(ä)ngrilär[kä]
54. näčä jaz(y)nt(y)m(y)z ärsä[r]
55. j(ä)mä kirtü ärklīg küčl(ü)g
56. t(ä)ngrī-ī tīpän kirtkü-ü-n-mäd(ī)m(ī)z
57. ärsär ... näčä öküş
58. j(a)ulak čulvu-u sav
59. sözläd(ī)m(ī)z ärsär ... j(ä)mä
60. kün ai ölüür tīd(ī)m(ī)z ärsär
61. .. ärks(ī)z(ī)n tuyar batar ärki-ī
62. bar ärsär tuymazun tīd-(ī)m(ī)z
63. ärsär ...k(ä)ntü özümünī-ī
64. küntä aida öngi-ī bīz
65. tīd(ī)m(ī)z ärsär ... bu-u ikintī
66. bilmätin jaz(y)nmyš jazukuy

67. boşunu-u ötünür bız
68. m(a)nastar hirza.. ...
69. üçünç j(ä)mä biş t(ä)ngrikā
70. horm(u)zta t(ä)ngrī oylanynya
71. bir tyntura t(ä)ngrī ikintī
72. jil t(ä)ngrī-ī ...üçünç j(a)ruk
73. t(ä)ngrī-ī ..törtünç suv t(ä)ngrī
74. bişinç oot t(ä)ngrī suin jäglügün  
söngüşüb bal(y)kdudyn
75. üçün k(a)raka katyltuyn üçün t(ä)ngrī jirngärü baru
76. umatyn bu jirdä ärür üz ä on kat gög äsrä
77. sägiz kat jir biş t(ä)ngrī üçün turur kamay jir üz ägi-ī
78. ning [kuty kyvy-y öngi-ī mängz]i öz i üz üti güči j(a)ruk
79. töz i jiltiz i b[i]ş [t(ä)ng]ri ol t(ä)ngrim suida baru biş t(ä)ngr(i)g
80. bilmätin anyy j(a)ulak biligin näçä sydym(y)z b(y)rt(d)y(m)y)z ärsär
81. tört j(i)g(i)rmī türlüg bas kylt(y)m(y)z ärsär on jylan basly(y)
82. ärngägin igi kyrk tisın tirig öz üg as ičgü
83. t(ä)ngrig näçä ačytd(y)m(y)z ačyrd(y)m(y)z ärsär kuruy öl jirgä
84. biş türlüg tynl(y)γ ka biş türlüg otka yyačka
85. näçä jaz (y)nt(y)m(y)z ärsär [ämti] t(ä)ngrim jaz ukda bosunu ötünür
86. bız m(a)nastar yirz a ...törtünç sügi t(ä)ngrī
87. j(a)lauačy buryan larka bujančy börtäči aryγ dıntar larka
88. bilmätin näçä jaz (y)nt(y)m(y)z ärsär j(ä)mä girtü t(ä)ngrī jalauačy buryan
89. tibän ädgü kylynčl(y)γ aryγ dıntar tib girtgünmäd(i)m(i)z ärsär t(ä)ngrī
90. nomyn söz jäsär biligsiz in ötrü üz äd(i)m(i)z ärsär nomu
91. törüg jadturmatyn tidt(i)m(i)z ärsär t(ä)ngrim ämti ögünürbız
92. jaz ukda bosunu [ötünür] bız m(a)nastar yirz bişinç
93. biş türlüg tynl(y)γ ka bir j(ä)mä igi adakl(y)γ gisi gä iginti
94. tört butluy tynl(y)γ ka üçünç uçuyma tynl(y)γ ka
95. törtünç suv ičrägi tynl(y)γ ka bişinç jirdägi bayryn
96. joryyma tynl(y)γ ka suida baru t(ä)ngrim bu biş türlüg
97. tynl(y)γγγ tural(y)γγγ uluyka gičiggä tägi näçä korpytd(y)m(y)z
98. ürgitd(i)m(i)z ärsär näçä urtumuz jontumuz ärsär näçä ačytd(y)m(y)z
99. ačyrd(y)m(y)z ärsär näçä ölürdümüz ärsär munča tynl(y)γ ka
100. tural(y)γ ka öz ötägči boltumuz t(ä)ngrim ämti jaz ukda
101. bosunu ötünür bız m(a)nastar yirz a altynç j(ä)mä
102. t(ä)ngrim suida baru sayynčyn söz in kylynčyn on
103. türlüg sui jaz uk kylt(y)m(y)z ärsär näçä igid igdäd(i)m(i)z
104. ärsär j(ä)mä näçä igdäjü antykd(y)m(y)z ärsär näçä igi d
105. gisi tanuky boltumuz ärsär j(ä)mä jaz uksuz gisig näçä



106. kuvlad(y)m(y)z ärsär j(ä)mä sau älitib sav g(ä)lürüb gisig näçä
107. gıgsürü söz lädim(ı)z ärsär göngülün biligin artatd(y)m(y)z ärsär
108. näçä jilüi jilüiläd(i)m(i)z ärsär j(ä)mä näçä ügüş tynl(y)yyy
109. tural(y)yyy ölürdümüz ärsär näçä täuläd(i)m(i)z gürläd(i)m(i)z ärsär
110. näçä auyng gisi uruncakyn jildim(i)z ärsär gün ai t(ä)ngri
111. tablamaz isig näçä [ıslä]d(i)m(i)z ärsär j(ä)mä ilgı öz ün
112. bu öz ün üz tintonluy üri lär öz bolub näçä jaz (y)nt(y)m(y)z
113. jangylt(y)m(y)z ärsär munça ügüş tynl(y)yy ka näçä üz buz
114. kylt(y)m(y)z ärsär t(ä)ngrim ämti bu on türlüg jaz uıda
115. bosunu ötünür biz m(a)nastar yirz a jitiñ
116. j(ä)mä suida baru igi a yuluy jol basynya tamu kabynya
117. az yuruly jol ka gim tisär bir igi d nomuy törüg
118. tutuyma iginti j(ä)mä jäggä içgäggä t(ä)ngri tibän jügünç
119. jügünümä suida baru t(ä)ngrim girtü t(ä)ngrig aryy nomuy
120. bilmatin ukmatyn burhanlar aryy dintar lar nomlasar
121. girtgünmädin tätrü janä igdäju t(ä)ngriçi m(ä)n nomcy m(ä)n
122. tigmägä artyz yb anyng sauyn alyb näçä jangylu baçay
123. baçad(y)m(y)z ärsär näçä jangylu jögüntümüz ärsär näçä jangylu
124. bosity bird(i)m(i)z ärsär j(ä)mä bujan bögtäg kylur biz tib jangylu
125. näçä aj(y)yy kylünç kylt(y)m(y)z ärsär j(ä)mä jäggä içgäggä
126. t(ä)ngri tibän tynl(y)yyy tural(y)yyy ölürib jügüntümüz ärsär j(ä)mä
127. burhan tibän igi d nomka tabynt(y)m(y)z uduntumuz ärsär
128. kut kolu jügüntümüz ärsär t(ä)ngrigä jaz ynyb jäggä
129. tabynt(y)m(y)z ärsär t(ä)ngrim ämti ögünürbiz jaz ukda bosunu
130. ötünürbiz m(a)nastar kirz a sägiz inç girtü
131. t(ä)ngriş aryy nomuy biltügümüz dä baru igi jiltiz ig üç
132. üç ödgı nomuy bilt(i)m(i)z j(a)ruk jiltiz in t(ä)ngri jirin
133. tünärig jiltiz in tamu jirin bilt(i)m(i)z jir t(ä)ngri joy
134. ärgän öngrä nä bar ärmis tibän bilt(i)m(i)z t(ä)ngrii jägli
135. nädä ötrü söngüşmiş j(a)rukly k(a)raly k(a)lty katylmyş jirig
136. t(ä)ngrig gim j(a)ratmyş tibän bilt(i)m(i)z j(ä)mä arkun jir
137. t(ä)ngri nädä ötrü jok bolıyñ j(a)rukly k(a)raly adr(y)lyayñ
138. antada gisrä nä bolıyñ tibän bilt(i)m(i)z äz rua t(ä)ngrigä
139. gün ai t(ä)ngri gä güçlüg t(ä)ngri gä burhan lar ya
140. ynant(y)m(y)z tajant(y)m(y)z n(i)yosäg boltumuz tört j(a)ruk tamya
141. göngülümüz dä tamkalad(y)m(y)z bir amranmak äz rua t(ä)ngri
142. tamkasy iginti girtgünmäg gün ai t(ä)ngri tamkasy üçünç
143. korkmak biş t(ä)ngri tamkasy törtünç bilgä bilig
144. burhanlar tamkasy t(ä)ngrim biligimiz ni göngülümüz ni bu tört
145. türlüg t(ä)ngri lärdä ayytd(y)m(y)z ärsär urnynta kamsatd(y)m(y)z


146. ärsär t(ä)ngri tamkasy buz ulty ärsär ämti t(ä)ngriñ jaz ukda  
 147. bosunu ötünür bız m(a)nastar yirz a tokuz unč  
 148. on č(a)ysab(y)t tutdukumuz ta baru üç ayz yn üç  
 149. göngülün üç älgin bir kamay öz in tügäti tutmak  
 150. g(ä)rgäg ärti t(ä)ngriñ bilib bilmätin ätöz säuinginčä  
 151. joryb j(a)ulak is tus adas kudas sauyn alyb köngülün  
 152. görüb jylyy ka bar(y)m ka bolub az u mungumuz takym(y)z  
 153. tägib bu on č(a)ysab(y)t(y) sydym(y)z ärsär näčä ägsütümüz  
 154. g(ä)rgät(i)m(i)z ärsär t(ä)ngriñ ämti jaz ukda bosunu ötünür bız  
 155. m(a)nastar yirz a onunč güngä tört alkyš  
 156. az rua t(ä)ngri gä gün t(ä)ngri gä güčlüg t(ä)ngri gä  
 157. burhan lar ka bir biligin aryg göngülün alkansyk  
 158. törü bar ärti j(ä)mä korkmatyn ärmägürüb ädgüti tügäti  
 159. alkanmad(y)m(y)z ärsär j(ä)mä alkannur ärgän göngülümüz ni  
 160. sakyčym(y)z ny t(ä)ngriğärü tutmad(y)m(y)z ärsär alkyšym(y)z ötügümüz  
 161. t(ä)ngriğä arygyn tägmädi ärsär nä jirdä bydynty tutunty  
 132. ärsär ämti t(ä)ngriñ jaz ukda bosunu ötünür bız m(a)nastar  
 163. yirz a bir j(i)g(i)rmič j(ä)mä jiti türlüg bosu aryg  
 164. nomka ančulasuk törü bar ärti j(ä)mä biš t(ä)ngri j(a)rukyn  
 165. kuvratyly biristi lar yrostay bduyatar t(ä)ngri t(ä)ngriğärü  
 166. bardačy bosuntačy biš t(ä)ngri j(a)rukyn bız ingärü g(ä)lürdi ärsär  
 167. bız adruk adruk etib j(a)ratyb nomka gïrgürsüg törü  
 168. bar ärti az u müng üçün az u bosy birgäli yz yanyb  
 169. jiti türlüg bosu aryg nomka tügäti birü umad(y)m(y)z ärsär  
 170. t(ä)ngriğärü bardačy bosuntačy biš t(ä)ngri j(a)rukyn auya barkka  
 171. badym(y)z ärsär aj(y)g kylynčy(y)g gisi gä j(a)ulak tynl(y)g ka  
 172. tural(y)g ka bird(i)m(i)z ärsär tögtümüz sačt(y)m(y)z ärsär t(ä)ngri  
 173. j(a)rukyn j(a)ulak jïrgärü ydt(y)m(y)z ärsär ämti t(ä)ngriñ jaz ukda  
 174. bosunu ötünür bız m(a)nastar yirz a igi j(i)g(i)rmič  
 175. bir jylyka älig gün aryg dintar ča vusanti olursuk  
 176. törü bar ärti aryg bačay bačab t(ä)ngriğä ančulasyk  
 177. g(ä)rgäg ärti j(ä)mä äubark tutduk üçün jylyy ka  
 178. bar(y)m ka bolub az u mungumuz takym(y)z tägib j(ä)mä tudunčsuz  
 179. ovutsuz sok jäg üçün j(ä)mä korkunčsuz göngülümüz  
 180. üçün ärinib ärmägürüb ärgligin ärgsiz in bačay sydym(y)z  
 181. ärsär j(ä)mä bačay olurub ädgüti nomča törüčä bačamad(y)m(y)z  
 182. ärsär ämti t(ä)ngriñ jaz ukda bosunu ötünür bız m(a)nastar  
 183. yirz a üç j(i)g(i)rtmič ai t(ä)ngri günin saju  
 184. t(ä)ngriğä nomka aryg dintar larka sujumuzny jaz ukumuz ny  
 185. bosuju ötünmäg g(ä)rgäg ärti j(ä)mä ärgligin ärgsiz in







ФАКСИМИЛЕСІ



«Хуастуанифт» жәдігерінің Санкт-Петербург нұсқасы







100  
 101  
 102  
 103  
 104  
 105  
 106  
 107  
 108  
 109  
 110

111  
 112  
 113  
 114  
 115  
 116  
 117  
 118  
 119  
 120

121  
 122  
 123  
 124  
 125

126  
 127  
 128  
 129  
 130  
 131  
 132  
 133  
 134  
 135  
 136  
 137  
 138  
 139  
 140  
 141  
 142  
 143  
 144  
 145  
 146  
 147  
 148  
 149  
 150





## АЛТЫН ЖАРЫҚ

**А**лтын жарық – жазба жәдігерінің түркі халықтары әдебиетінде алар орны ерекше. Түркі-соғды әліппесімен хатқа түскен ескерткіште будда дінінің философиясы ахлақ тәрбиесі ретінде берілген. Алғашында біздің заманымыздың I ғасырында жаратылған жәдігер бертін келе түркі жазба тіліне тәржімаланып, X–XVIII ғасырлар аралығында он шақты рет көшірілген.

«Алтын жарықтың» қолжазбадағы толық атауы – «Алтын түсті, (жарық, жылытыраған) баршадан жоғары болған нум патшасы болған нум жазу» деп аталады. Нум – қасиетті заңдар, қағидалар дегенді білдіреді.

Түркі жазба тіліне аударылуы туралы тәржімашы жәдігерде былай деп өз қолтаңбасын қалдырған: «Мен, Амогашири Ачари, үнді тілінен түркі ұйғыр тіліне тәңірі бұрхан туылған сиыр жылының төртінші айы, он төртінші (күнінде) аударып, өз қолыммен аяқтадым, соңына жеткіздім. Осы заңды оқығанда ең алдымен көріп, құрметін жасап, осы сегіз ғибадатханаға құрмет көрсетіп, бас (ию керек). Және нумның бір жол үндіше немесе түркіше атын айтып, бас иіп, дарманы айтып, (кейін) осы нумды оқу керек».

«Алтын жарық» жазба ескерткішін ғылым әлеміне танытқан белгілі түркітанушы С.Е.Малов болатын. Ол 1910 жылы Қытайдың Гансу провинциясындағы Виншугу қыстағындағы ғибадатханадан тауып, жариялаған. Бұл қолжазба 1687 жылы көшірілген болып, жалпы көлемі – 355 парақ (710 бет). Асылмәтін бүгінде Санкт-Петербуртта сақталғандықтан да, ғылым әлеміне СПб нұсқасы ретінде белгілі.

С.Е.Малов пен В.В.Радлов осы қолжазбамен жұмыс жасап, 1913–1917 жылдар аралығында жарыққа шығарды. Кітапта қолжазбаның факсимилесінің қатар берілуі кейінгі зерттеушілерге жол ашып берді. Алғаш болып К.Мюллер «Алтын жарықты» неміс тілінде сөйлетті. В.В.Радловтың немісше аудармасы өзі дүниеден өткен соң С.Е.Маловтың алғысөзімен жарық көрген. Малов пен Радловтың жариялаған нұсқасының кейбір жерлерін неміс ғалымдары В.Банг пен А.Габэн транслитерация жасап, қайта аударды. Содан кейін Г.Елхерс, Р.Финч, П.Зиеме, К.Рохборн бастаған аудармашылар да «Алтын жарықты» өз тілдерінде қайта сөйлетті.

Р.Р.Арат, С.Чигатай, Ш.Текин, Р.Тенишев, Ж.Кая, М.Өлмез, Н.Рахмонов секілді түркі халықтарынан шыққан ғалымдар да көне жәдігерді зерттеп-зерттелеуде өз үлестерін қосты.

«Алтын жарықтың» СП нұсқасы – жалпы 10 кітап, 31 бөлімнен тұрады. Әр бөлім іштей сутралардан яғни даналық сөздерден құрылған. Тәңірлердің тәңірі бұрхан мен басқа да тәңірлердің арасындағы сұрақ-жауаптан тұратын



бұл жәдігер Буддаға сауал тасталады да, сол сауалдарды жауап беру үстінде түрлі хикаялар мен аңыз-әсаналарға орын беріледі.

«Алтын жарықтың» кіріспесінде Инчію деген шаһарда чаң тайпасынан Ку Тау деген бір шаһардың бегі ұлан-асыр той жасаймын деп, есепсіз жан-жануарларды сойып, ысыратышылдыққа бой алдырады. Содан көп ұзамай ауырып, дүниеден өтеді. Содан қайта тіріліп келген Ку Тау о дүниеде бастан кешкендерін хикаялап береді.

Ара-арасында оқырманға түсінікті болу үшін тәңірлер арасында сұрақ-жауаптар өрбиді. Әрбір жауаптың астарында адамзат баласын жақсылыққа, ізгілікке баулу, қолдан келгенше қайырымдылық жасау мәселелері талқыланады.

«Алтын жарықта», негізінен, үш қазына туралы сөз болады. Олар: ешкімге жауыздық жасамау, қолдан келгенше жақсылық жасау және сананы тазалау. Осы үш қағиданы бойына сіңірген адам ғана қоғамда өз орнын табады.

«Ұлы Дала жауһарлары» сериясымен жарыққа шыққалы жатқан «Исламға дейінгі әдеби жәдігерлер» антологиясына «Алтын жарық» жазба жәдігерінің алғашқы 18 парағы (36 беті) аударылып берілді. Қазақ тіліне аудару барысында С.Е.Малов – В.В.Радлов<sup>159</sup> жариялаған СПб нұсқасының асылмәтіні, СПб және Германия нұсқаларын зерттеп, кітап етіп жариялаған Жеуал Каяның<sup>160</sup>, сондай-ақ түркітанушы Носимхон Рахмоновтың<sup>161</sup> жарыққа шығарған еңбектері кеңінен пайдаланылды.



<sup>159</sup> Маловъ С.Е., Радловъ В.В. *Syvarnaprabhasa*. (Сутра Золотого блеска). Ст.-Петербург: Типография Императорской академии наук. 1913-1917.

<sup>160</sup> *Ceval Kaya*. Uygurca Altun Yaruk. Ankara, 1994.

<sup>161</sup> Олгун яруг. Тошкент: Фан нашриёти, 2009 й.



## АУДАРМАСЫ

## Кіріспе жинақ

## 1 а (Бірінші парақ)

Буддаға бас ию, дарм<sup>162</sup>ға бас ию, санга<sup>163</sup>ға бас ию. Осы нум<sup>164</sup>ның шынайы себебін (анықтап) қалауымызбен амалға асырайық, тәлім берейік. Бұлар – алтын түсті, жарық, жылтырақ, баршадан жоғары тұратын нум патшасы атты нум қазынасын сақтап, ұстап тұрушы, оқушы, тыңдаушы, көшіруші, көшіртушілер – асыл тектілер ұлы, асыл тектілер қызы, будда иесі, тыңдаушы ұл мен қыз(дан тұратын) төрт түрлі жамағат. Оларға деген көңілдеріңізде ой-ниеттеріңіз болса, бүгінгі заманда осы нумның себебінен жақсы жетістікке қол жеткізген жаратылыс бар ма? «Тек қана жақсы жетістікке қол жеткізгендер болса, кімдер қол жеткізді?» деп ойласаңдар, енді осы ой-ниеттеріңіз бойынша осы нум қазынасының сауабымен ізгілікке

## 2 а (Екінші парақ)

қол жеткізген жаратылыстар туралы баяндау керек. Оны және бүтіндей таза, сап көңілмен тыңдағандар. Бір замандарда кемел, дана тәңрі бұрхан бұл әлемде туылып, қырық бес жыл барша жаратылысқа пайда алып келіп, есебі жоқ жаратылыстың балаларын құтқарды, азат етті, өзі нируанға кіріп, мейірім тапты. Содан кейін нум жарлығы Шығыстан – Табғаш елінен кең тарағанда, тәңірі Табғаш ханының заманында Китсу Самаста атты буддисатв ұстаз оңтүстіктен – Ингек суының бойымен кетіп, Анагкак жұртына барды. Ол бүтіндей дана, Тәңірлердің Тәңірісі бұрханның киелі сегіз ғибадатханасын тұрғызған жұрттарды толық көріп шықты. Отыздан аса үлкен ел-жұртты кезіп, жиырма жыл түнімен жүріп, осы нум қазынасын аударуды бастады. Елу түмен жолдан тұратын, жалпы көлемі төрт жүз

## 2 б

үнді нум жазбаларын қалдырмастан табғаш тіліне (аударды), осы нум қазынаны табғаш (тілінде де) аяқтады. Сондай-ақ, (осы нум) жақсы таралмаған уақытта Инчію деген шаһарда чаң тайпасынан Ку Тау деген бір бек шаһар бегі

<sup>162</sup> Заң.

<sup>163</sup> Будда жамағаты.

<sup>164</sup> Заң, қағида.



еді. Сол бек шаһар бегі болып тұрған уақытта көп жаратылысты опат етіп еді. Ақыры қызының тойының себебімен сиыр, қой, доңыз, қаз, үйрек, тауық сияқты көптеген жануарларды өлтіріп, ұлан-асыр мерекелік дастархан жайды. Той тойлап болған соң он күн өтпестен ауруға шалдықты, тілден қалып, құрысып, дүниеден өтті. Өлгеннен кейін барша ағзасы суып, тек қана жалғыз жүрегінің сыртындағы бір парша еті суымай қалды. Мұны көрген отбасы мүшелері қатты

3 а (Үшінші парақ)

абыржып, көмуге (алып бармады). Үш күн өтті. (Төртінші) күні таңсәриде абыржып тұрғандарында сол бек тіріліп келіп, төрге шығып, су, тамақ сұрады. Оны көріп, барша әулеті босап, осы шараға жиналған болатын. Біраз адам жиналған еді. Олардың бәрі шошып, үрейленіп, арырақ барып тұрды, қашты. Олардың қашып бара жатқанын көріп, жаңағы Ку Тау деген бек оларды шақырып: «Қайтыңдар, жақсыларым, мен тірілгенге сендер неге бірден қаша бастадыңдар? Қорықпаңдар, мен енді сендерге тірілуімнің себебін айтып берейін, бұрхандар нумының жан-жақты екенін енді есітіндер», – деді. Кейін және: «Кесел болғанымда ең әуелі маған төрт шайтан жақын келді. Біреуі қолында жуан қамшы, екіншісі

3 б

(арқан, үшіншісі) қап ұстаған, төртіншісі (үстіне) көк шапан (киген), (астына) ат мінген бек екен. Осы (төрт шайтан бір) үйдің дарбазасына алып барған соң жаңағы көк шапан киген бек аттан түсіп, мені шақырды. Мен сол бектің алдына барғанымда қойнынан бір қағаз хатты шығарып, маған оқытты. Оқып қарасам, сол хатта сол күнгі біздің мерекемізде өлтірілген сиыр, қой, доңыз секілді жануарлардың сөзі жазылған екен. (Олардың) сөздері төмендегіше: «Біз, барша жануарлар, бұрын адамзат әлемінде жасаған жаманшылықтарымыздың себебінен қайта жануарлар әлемінде туылған едік. Қарызымызды төлейтін, борышымызды өтейін жыл, ай уақыт өткізсек, онда түрімізді өзгертіп, адамзат әлемінде (қайта) туылар едік. Осылайша жануарлар әлемінен айрылып, құтылатын уақыт-сағатымыз да

4 а (Төртінші парақ)

бітпестен, (Инчию шаһарындағы чаң) тайпасынан Ку Тау (деген бізді) өлтірді. Сол үшін бәріміз қайтадан жануарлар (әлемінде) пайда болатын азаптан (жапа шектік). Осындай ауыр азаптан жәбір көрген заманда біздің мына қайғы-қасіретімізді, ауыр азабымызды ашып түсіндіріп беретіндей шамамыз жоқ

еді. Қарсылық білдіруге, шыдап-төзуге қалай күшіміз жетсін? Мына қайғы-қасіретімізді жаратқан Тәңірі оңғарсын», – деп дұға жасады. Сол үшін бізді сені алып келуге жіберді. Осы хабар хатта бар (жазылған)».

Хаттан сол сөздерді мен соңына дейін оқып шықтым. Кейін жаңағы көк шапанды бек: «Ұстандар оны!» – деп айқайлап еді, үш шайтан маған жақындады (да), біреуі арқанмен мойнымды (буды), біреуі мені қапқа салды, біреуі жуан қамшымен басымнан ұрды. Екі қолымды қайырып,

4 b

(Бапсуқа тауы жақта) дедектетіп, бір шақырым (жерге) алып барды. Солай мені алып бара жатқан уақытта, жарты жолға жеткенде мені алып бара жатқан (шайтандар) маған: «Ей, адам, біз сені алып келуге барғанымызда, әуелі Тағдыр кітабына қарады. Тағдыр кітабының ішінде сенің (жасайтын) өмірің қалғанындай, сен қаншама жануарларды өлтірдің. Міне сен өмірлеріне кепіл болғандар арқылы, сол себепті сені алып келуге жіберді. Сен соны білуің керек», – деп осы сөздерді айтты. Осы сөзді есітіп, мен оларға: «Ей, жақсылар, тәңірлерім! Егер мен сол кезде адамдардың бұ дүниелік көзіммен жаман іс жасағанымды көріп, білген болсам, (бұлар) Иеменнің байлығы болса, сол жаман істердің қазіргідей ауыр нәтижелерін

5 a (Бесінші парақ)

білмеген болар едім. Және осылайша (менен басқа) қаншама адамдар есебі жоқ (жануарларды) өлтіргенін көрдім. Бірақ олардың айдын-анық түсіне кірген (нәрселерге) жіті назар салмаған едім, сол үшін де екі ортада мен қазіргідей тілім байланып, өлім азабына душар болып отырмын. Қайта тірілудің қандай амал-жолы бар? Өзім білместен жаңылып, қателесіп жаман істерім үшін пұшайман болып отырмын. Енді барша азапты тартып жатырмын. Енді не істейін?» – деп сұрадым.

Осылай айтқанымнан кейін жаңағы шайтандар маған: «Ей, адам! Сен ыстық жанды алғандардың ішінде отыздан артығы – байланған, ұсталған жануарлар аса құдіретті Ерлік хан<sup>165</sup>ның құзырында дұшпандық көзін алартып, сол көздерімен сені күтіп отыр. Сол жерге барсаң, Ерлік хан қатты азаптап өлтірілгендердің

<sup>165</sup> Буддалық сенім бойынша жер астында билік құратын ерекше құдірет иесі.



5 b

қатты жазасымен (жазалайды), сол жердегі (азаптардан) құтыла алмайсын», – деді.

Бұл сөздерді естігенімнен кейін мен қатты қорықтым, азаптарым артты. Олар әр жаққа тартқылап, (мені) төменге түсіріп, алға тартып, артқа тартып, ұрып-соғып, және (бектің құзырына) ақыры алып келді. Содан кейін мен және оларға: «Ей, жақсыларым, ойлап қарасам, азаптан құтылудың жолы жоқ екен. Енді мен сендерден жалынып-жалбарынамын, (өзім) өлтіргендердің (қолына) түссем, (олар мені) Ерклік ханның құзырына сұрақ-жауапқа алып барған уақытта, мен не істемекпін? Соны маған айтыңдар», – деп өтініп сұрап едім, олар маған: «Ей, адам! Егер сол өзің өлтірген жануарлар үшін көңіліңде өкініш бар болса, қалай болса да,

6 a (Алтыншы парақ)

көңіліңді тазала. Дүние Тәңірлерінің Тәңірісі бұрхан заң (жасап) берген «Алтын түсті, (жарық, жылтыраған) баршадан жоғары болған нум<sup>166</sup> патшасы» атты нум жазбасын (хатын) бастан-аяқ бітіруге (шын көңілден) ниет қылсаң, мына азаптардан құтылатын едің», – деді.

Осы сөздерді есіте салысыммен алғашқылардың бірі (болып) жеті таза көңіліммен сол жануарларды өлтірген жаман істерім үшін тәубе жасадым, (жамандықты) біржолата тастадым, шынайы пәк көңілмен тұрып, кейін Алтын түсті, жарық, жалтыраған, баршадан жоғары болған нум патшасы атты нум қазынасын бастан-аяқ толық жазуға көңіл қойдым. Және осы нум қазынасын арттыру үшін арман-тілегімді пайда қылып, сауап ісімнің күдіретімен жаңағы жануарларды хайуанат әлеміндегі ауыр азаптардан құтқару үшін бек(ке)

6 b

шынайы пәк көңілмен уәде беріп, (бар) дауысыммен: «Баршадан жоғары болған нум (патшасы атты нум қазынаны) толық (бітіріп) Тәңірі дүниесінде оның қызметкері болайын, өзім жанын алғандардың жауыз ниеттері тыйылсын», – деп тоқтамастан айқайлап бердім. Осылай (айқайлап) жүре бердім. Сол жерде бір қаланың дарбазасы көрінді. (Олар) сол қаланың дарбазасынан мені кіргізіп, бір қабырғаның ішіне алып барды да, тау жаққа қаратып қойды. Тау жаққа қарасам, қарсы алдымда Ерклік хан отыр екен. Барып, (оның алдындағы) шөл далада есебі жоқ адамдардың (мойындары) байланғанын, қол-аяқтары

<sup>166</sup> Заң.

(арқанмен) берік байланғанын (көрдім. Олар) сөздерін айтып, қарыздарын да жайып салатын. Сол шөл даланың бүтіндей айқай-шуға, жалынып-жалбарынуға толғанын естідім, сонда шыдап болмайтын дауыстардың арасынан бір нәрсе естігендей

7 а (Жетінші парак)

болдым. Сол (сәтте жаңағы көмекші) шайтандар Ерклік (ханға): «Қу Тау адамы алып келдік», – деді. Атымды есітісімен (Ерклік хан): «Ей, қызметшілерім, мына адамның жаман істері өте көп, (бұл) ауыр күнәһар. Оны неге мұнша кеш алып келдіңдер? Енді оған шағымданушыларды алып келіңдер, (олардың) шағымдарын тыңдайық», – деп жарлық берді. Ерклік ханның бұл жарлығын есітіп, мені алып келген жаңағы қызметшілер жүгіріп, сыртқа шықты да айқайлап шақыра бастады. (Шағымданушыларды) іздеп табалмастан, қайта келіп: «Таппадық», – деді. Содан соң Ерклік хан: «Қызметші шайтандарды жиып, (шағымданушыларды) кісендеп, ұстап (келіңдер)», – деп, бір жануарлардың арасынан іздеуге жіберді. Кейін жаңағы қызметші рухтар келіп, іздеп, баршадан сұрастырып еді, бәрібір таппады. Қайта келіп: «Таппадық», – деді. Ерклік хан (содан) кейін үшінші мәрте Бес жол<sup>167</sup> билеушіге

7 б

...құтылушы... тұратын...және жануарлардың .... деп солай хат.... Бес жол жазалаушыға қайта барып еді, сол жерде жаңағы Ерклік ханның қызметшісі болған бір шайтан бір хатты алып келіп, Ерклік ханға берді. Ерклік хан оны ашып оқып еді, мынадай сөздер есітілді: «Пәлен күні адамзат әлеміндегі чаң тайпасынан Қу Тау есімді адам жануарлардың өмірін (алғаны) үшін өкініп, пұшайман болды. (Ол) Алтын түсті, жарық, жалтыраған, баршадан жоғары нум патшасы атты нум қазынаны бастан-аяқ толық көшірткізуге шынайы ықыласы пайда болып, (қайта) өмір сұрады. Сондықтан да жаңағы чаң тайпасынан Қу Тау есімді адам өлтірген хайуанат әлеміндегі әрбір жануар хайуанат әлемінен құтылып, адамдар әлемінде

8 а (Сегізінші парак)

(туылды)... . Енді оның ... қол жетпес. Мұны (осылайша нум бойынша) ерекшелеп, (сол үшін) кешірсін», – деп өтінді. (Осы) өтініш хатын оқып бітіргеннен кейін, Ерклік хан да қуанып: «Ей, Қу Тау, жануарларды өлтірген болсаң да оның

<sup>167</sup> Буддалық сенім бойынша, Бес жол – ағаш, жын, албасты, жануарлар, адам мен Тәңріні білдіреді.



дауасын акиретке дейін жалғастыруға бел байладың. Сен қай бір замандағы бек (бола тұрып) берік, сап, шынайы көңілмен нум патшалы есімді нум қазынаны көшірткізіп, осы уақытта (бұрханның) қызметкері болуға ниет білдірдің. Осы қайырлы істің құдіретімен «мен өлтірген жануарлар хайуанат әлеміндегі азаптардан азат болып, құтылсын» деп, аман-есен (адамзат әлемінде) қайтадан дүниеге келсін деп сұрадың. Сол себепті жаңағы жануарлар хайуанат әлеміндегі азаптардан құтылып, адамзат әлемінде туылды.

8 b

...тұру.. ...жоқ.. ...қайтадан тірі.. ...жүру үшін бар.. ...лардың жол.. ..жақсы істер, ...ләззатін жоғалтпа, жануарларды өлтірме, асыл малдарға ашкөз болма, жаман іс қылма, ізгі істер кеме, көпірігін жарат», – деп жауап беріп, мені босатып жіберді. Мен азат (болу жөніндегі) жарлыққа қол жеткізіп, сол шаһардан шыға салысымен, түс көріп оянғандай, (болдым және) тіріліп тұрғаным міне осы», – деді.

Осы сөздерді есітіп, жиынға жиналған барша адамдар қайран қалды, аң-таң болды. Тәңірдің тәңірі бұрхан нумының ұлы, қасиетті күш-құдіретіне көп таза, сенімді көңіл қойып, жүзден артық адам осы нум қазынаны

9 a (Тоғызыншы парақ)

көшірткізу... ..есепсіз.. ...жанды өлтіру.: ..сол уақытта Табғаш (елінде нум) қазынасы әлі жақсы, (кең жайылмаған) еді. Шаһар мен қыстақты (нумды) іздеді, (бірақ) табалмады. Осылайша Інчію атты шаһардағы Сувасдигси атты ғибадатханадан тауып, кейін сұрап алды. Ол Ку Тау есімді бек басшылығындағы амалдарлардан (бастап) үйдегі үлкен-кішінің бәрі бұ дүниеде жануарларды өлтіру деген сөзді бүтіндей (саналарынан) өшіріп, қашанда осы нум қазынаны үйренді, (соған) мойынсұнды, көшірткізді, (оқыды), оқытты.

Содан кейін сол Інчію шаһарының Аңқу деген махалласындағы Кун Чинг деген бектің әйелі бір жыл(дан) артық біраз ауырып, тамақ (жеуден) қалды, тілден (де) қалды, есінен ауысты. (Ол) есінен ауысып жатқанында бос сөздерді айтып, ауырлап, бара-бара...

9 b

..мен.. ..еді. ..азап тартуға.. ...шықпады. ...оның азабы ...күннен артығырақ оны ...Осы сөзді шаһар бегі (Ку Тау) есімді бек есітті, өзі барып, сол бекке былай деді: «Әйеліңнің мына азаптарының белгілеріне назар салсам, сол жердегі жан алушылармен бетпе-бет тұр екен. Ол жазбадағы (хаттағы) сөзді және іздеп

бармай тұрып, ...жаны үзілмейді. Енді сен нумдағы сөздерді оң жаққа қойып, «Алтын реңді, жалтыраған жарық, баршадан үстем нум патшалы» деген нум қазынаны жылдам көшірткіз. Сондағы заң талаптарымен «адам үшін» тәубе қыл. Сол нум қазына және сол төңіректегі басқа жерде жоқ. Тек менің үйімде ғана бар. Соны алып келіп, көшірткіз...».

10 а (Оныншы парақ)

Кун Чинг (есімді) шаһар бегі... үлкен жиын(мен) көшірткізуді бастады.. Бітпей тұрып әйелі жазылып, өзіне келді. Жазыла салысымен: «Мен есімнен айрылып, сендерді танымай қалған кезімде есебі жоқ сиыр, қой, доңыз, тауық, үйрек сияқты жануарлар күніне үш рет жиылып келіп, мені қоршап алып, ұратын. Етімді, денемді тартқылап, сүйреді, бөліп тастады. Әр қайсысы өзінің жанын сұрайтын. Мына залымдар (мені) қатты жаншып, сенім, үміттен айырып, азап шегетін едім. Бүгін күнде сол жануарлар келетін уақытта келмеді. Содан кейін жаңағы ұрысып, жандарды сүйрейтін сиыр, қой, доңыз, тауық, қаз, үйрек секілді жануарлардың баршасы өзгеріп,

10 b

(маған) жақындап (келіп): «...жаман әдет(пен) өлтіріп, ыстық жанымызды... ...және солай жасап... ...ға біз үшін... ...жақсы істер қылды. Сол жақсы істердің құдіретімен хайуанат әлеміндегі азаптардан азат болып, құтылып, адам бейнесіне (ие) болдық. Енді саған азап беру үшін қайта келмейміз. Сенің де қажеттілігің, қарызың бітті. Біз де ауыр азаптан азат болдық, құтылдық», – деп айтты да, (көзден) ғайып болды. Олар кеткеннен кейін менің көңілім орнына түсті», – деді.

Содан кейін жаңағы ханшайым күннен-күнге жақсарып, ілгергідей жазылып кетті.

Осы оқиғаны естіген, көрген сол шаһардағы адамдар бір-бірімен бауыр болып, тірі жануарларды өлтіруді тоқтатып, таза

11 а (Жиырма екінші парақ)

өмір... ...осы нум қазынаны... ...соған жақын шаһар... ...адамдар да осы хабарды... ...таза, тура істер жасайтын болды.

Және (кімде-кім тірі жануарды) өлтіретін болса, өте (жаман), жауыздық іс болып есептеледі. Сол үшін де баршадан дана Тәңірлердің тәңірі бұрхан бес қасиетті міндет, он айып ішінде осы тірі жануарларды өлтірмеу әмірін бірінші орынға қойған. Тірі жануарларды өлтіру – жауыздық іс жасау қаншалықты



ауыр болса, өлтірмеу – мырзалық, тура істер соншалықты ұлық, теңдесі жоқ. Сол үшін де екі түрлі садақадан – тыныш көңіл садақасы (және) нум садақасы, осы екеуінің жемісі, нәтижесі өте ұлық. Бұрхан бақытының берік болушы будисатуардың ұлық мейірімі көңілдерді қорқыныштан

11 b

(азат ететін – баршадан дана), білімпаз (Тәңірдің тәңірісі бұрхан). ...сансарлық<sup>168</sup>... ...азат болу – құтылу қажет болса, ұзақ уақыт (жануарларды) өлтіруден тыйылысын. Басқаларға үрейсіз жүрек садақасын сыйлап, қасиетті заңнан толық тәлім берсін. Егер осы заңдарды үйрететін болса, әуелі өздері ілгеріде өлтіріп, жанын алған жануарлар үшін осы нум қазынаны көшірткізсін, оқысын, оқытсын. Тәңірінің тәңірі бұрханның осы нум қазынасын үйретіп, (оның) мейірімді жүзін, бейнесін әшекейлесін, басқаларды да жан алудан тысын. Және үш замандағы<sup>169</sup> бұрхандардың нум жарлығының негізі болса, ең әуелі

13 a (Жиырма үшінші парак)

дене... ...пайда қылып... ...басқа жануарларға (пайда) әкелейін десе, мейірімді көңіл(мен)... ...осы екі түрлі жақсылықта кемел болуы керек. Осы екі (түрлі) жақсылықта кемелдікте болуының ерекше себебі – осы нум қазынасының ішіндегі жануарларды өлтірмеу, бұрхандардың үш денесінің негізін расында да дұрыс білу, оқу. Сондықтан да туйин<sup>170</sup>, шамнанч<sup>171</sup>, упасы<sup>172</sup>, упасанч<sup>173</sup> (сияқты) төрт топ жамағат осы нум қазынасының ішіндегі сөзді есітіп, тындап, үйреніп алса, сол (сөз)дің пайдасын, сыйын сөйлесе, (олардың өзі) мәңгілік болады. Егер нумды жазуға, көшіруге ниет қылса, тура Табғаш еліндегі Ку Тау деген бек секілді жоғары (дәрежедегі), анық, үлкен нәтижеге, сыйға қол жеткізеді. Сол үшін де осы бес түрлі зұлматпен оралған жаман замандағы жануарлар дайын болады.

13 b

(Әлемде ауыр), жаман (күнәлі істерім жойылсын). Кейінгі дүниеде бұрхандар (жұртында) туылайын деп армандаса, (осы нум) қазынасының ішіндегі (жарлық

<sup>168</sup> Буддалық түсінік бойынша, сансара тірі жаратылыстың азаптар мен қайта туылумен байланыста болған басталуды білдіреді.

<sup>169</sup> Үш заман – өткен, осы және болашақ заман.

<sup>170</sup> Будда монахи.

<sup>171</sup> Монах әйел.

<sup>172</sup> Будда заңдарын тыңдайтын ер адам.

<sup>173</sup> Будда заңдарын тыңдайтын әйел.



бойынша жүрсін), кейінгі (түрлі) армандарына, көңіліне қол жеткізіп, (мақтау-мадақ айтып, мағыналы) буддисатутар жолына (кіріп), он түрлі ізгі амалдарды бітіріп, мәңгілік ұлық, тура сана есімді бұрхан бақытына қол жеткізеді. Барша төрт (рет) қайта туылу, бес дүние, алты жолдағы жануарлар балаларының ұлы сенім-үміттері амалға асады. Оның осы нум қазынасын үйренуді, (соған) амал қылуды, оқуды, оқытуды, көшіруді, көшірткізуді әдет қылу керек. Ей, асыл тектілерім, сондықтан да соңғы Майтри бұрхан<sup>174</sup>нан (бастап) және барша бұрхандар алдында әуре-сарсаңға түспестен, (оларға) толық қол жеткізесіздер. Сол үшін де осы нум қазынаны шынайы таза, пәк, шын көңілмен сөйлеу, қадірлеу керек. Жақсы, жақсы, жақсы!

14 а (Жиырма төртінші парақ)

...кімдер... ...бір, екі, бірінен кейін бірі. Сондықтан да... ...Дүниеде ізгілік басқа... ... (көңіл) қойса, көру... Ең әуелі (ізгі) ниетті (басты) мақсат қылсын. Содан кейін Шакимуни бұрхан<sup>175</sup>ды Гиртиракут тауы<sup>176</sup>нда Тишданти (тірі... аман-есендігі) үшін төрт тараптағы бұрхандармен арыстандай тақ үстінде шын көңілмен аяқтарын айкастырып отырғандарын ойлап, Сумакиту буддисатв басшылығындағы сегіз топ жамағатқа нум уағыздауды ойлау керек. Содан кейін өз жанымен... Яқша<sup>177</sup> сияқтыларды сөйлеп... Нути апичрамань... ...қылып.. сол уақытта бес мадағьмен қызмет қылып (оған құлшылық етіп), жуып-тазалап, үшеуін кейін... шынайы кәміл көңілде қозғап... төрт апираман<sup>178</sup>ды сөйлеп, тәубе рәсімін орындап, аяқтағанда, Шакимуни бұрханмен төрт бұрханды және басқа тағы

14 б

...жанына (Ардинагуга) Шакимуни (бұрхан) төрт бұрхан... ... ларымда отыр. (Төрт түрлі) жамағатпен... ...урман садақа беріп... ...және жақсы барша жануарларға осы сутра<sup>179</sup>ны уағыздап, оқып беремін деп айт және өз анаңның, әкеңнің садақа(сына) ие қылып, нум қауымындағы жануарларды үш замандағы жануарларды өлтірген, ыстық жан байлығынан және басқа мал-дүниеден, барша қарыз (және) ауыр күнәлардан (өзімді) тазартамын, (ақтай)мын деп көңіл

<sup>174</sup> Буддалық сенім бойынша, буддисатв пен жақындап келе жатқан әлемдегі Будданың образы.

<sup>175</sup> Буддалық сенім бойынша, жердегі соңғы Будда болып, дхарманы уағыздаған.

<sup>176</sup> Ежелгі Үндістандағы таудың аты, аңыз бойынша Шакимуни осы тауда көп жыл жасап, дінді үгіттеген.

<sup>177</sup> Жын-шайтандардың бір тобы.

<sup>178</sup> Кемелдіктің белгілерінің бірі.

<sup>179</sup> Будданың уағыз-насихаттары.



қой. Және осы сутраны уағыздағаннан кейін төрт (махараж<sup>180</sup>) тәңірлеріне жамандық қылма, ...айыбын жуу үшін жүз буынды дәрнін сөйлеп, тәубе етіп, (оның) бақытын мадақтап, тәлімін беру керек. Осы нумды оқып бітіргеннен кейін тек пратия<sup>181</sup>, прамит<sup>182</sup>ты айтып,

15 a (Жиырма бесінші парақ)

немесе... еркін пайда... Ширикаши... ...ұйғыр тіліне... ...және төрт махаранж тәңірі... жаман мыс... және ең әуелі үш.. –үш рет сенім-үмітке қол жеткізіп, содан кейін барша жануарлардың пайдасы үшін бұрхан бақытын тілейін, бұрхан бақытын тілеу үшін, нумның тәлімін, мемлекетін безендіру үшін төрт махараж тәңірге нәзір (садақа) берейін деп, шынайы көңілді пайда қыл. Содан кейін өз денеңе... сұрт. Сол Вачирапан<sup>183</sup>ды ойла. (Оның) көк ренді, бір (басы бар), екі қолы бар. Оң қолында (Вачи)р, сол қолында қоңырау ұстап тұрады (деп), ойла. Жүректегі лалагүл секілді күн нұрлы жасыл алқап(тың) ортасында көк ренді хунг<sup>184</sup> бынды (болмысын) ойла. Сол хунг буынның айналатын дәрні бар моншақ айналып тұрады (деп) ойла, (оның) дәрніне жеткенше, кемел болғанша, сабыр сақтап, уағыз айту керек. Дәрні төмендегіше:

15 b

...бір немесе екі ...үсті... (үш) рет дұға... ...сол нәзір тамағы (теңіз) дариядай кең... ойлап бақытты бол... ...кейін шығыс жақтан көк аспандағы (төрт) махаранж тәңірді, он бір ғантаруи<sup>185</sup>, он аждаһа ханы, тоғыз үлкен кумбат<sup>186</sup>тарды түсініп, Уайширауани<sup>187</sup> махараждың жамағаты болған. Сегіз атақты күлушілер болса (жиналып жат)қан алтындай сары түсті әдемі қазынаны ұстайды. Қызыл-сары түсті Пурнабатри<sup>188</sup> ыдыс ұстаған, көк түсті ...казынаға ие болған ...басын ұстаған қара түсті ...кылыш ұстаған, сарыдан ...түсті Сабирачана<sup>189</sup> қанжар

<sup>180</sup> Будда дінінің сенімі бойынша, адамның сүйеніші болған төрт аспанның патшасы

<sup>181</sup> Буддалық сенім бойынша, үш заһардан бірі, өзгелерге жәбір көрсететін көңілдің өзегі деп есептеледі.

<sup>182</sup> Будда жағдайына қол жеткізу үшін пайда болатын рухани кемелдену.

<sup>183</sup> Буддисатвтын есімі.

<sup>184</sup> Магиялы қасиетке ие болған бұттың есімі.

<sup>185</sup> Хошиістерге бірдей ойнайтын мифологик жаратылыстар.

<sup>186</sup> Буддалық сенім бойынша, ешқандай да күш қолданбастан, найзағай ойнатып, жаңбыр жауғыза алатын, жануарлар көңіліндегі күдіктерді жоя алатын мифологик образ.

<sup>187</sup> Әлемді ұстап тұратын төрт аспан құдайларының бірі, жел қорғаушысы.

<sup>188</sup> Бір кейіпкердің аты.

<sup>189</sup> Шайтандардың бірінің аты.

ұстаған көк хармди түсті коха<sup>190</sup> ...Всдана қымбат найза ұстаған. Ақ сары түсті Панчики<sup>191</sup> курикор үй (сарай)ды иемденген, ақ қызыл түсті

16 а (Жиырма алтыншы парак)

...сары түсті еступ<sup>192</sup> ұстап (былай дейді): «Ей, шайтандар жамағатын өз қалауымен басқаратын, тау жақты бақылап тұратын, (бізді) сақтайтын, ғажайып көркіміз! Сізді мадақтап, сәжде жасаймын. (Ей), төрт махаранж, жамағаттарыңызбен бірге сіздерге мына нәзірімізді жеткізейік, бұрхан әмірлеріне мойынсұнып, садака иесі қаған басшылығында дұрыс нумы бар ел-жұрттарды бақылайық, бізден қашанда үміттеніңіздер, (бізді) сақтап, бақылаңдар, әр қандай қарсылыққа, қауіп-қатерге шыдап, өмірімізді, бақытымызды берекелі етіндер» – деп, осы өтінішімізді бірер мадақтауымызда айтайық немесе ақыретте (бәрін) біріктіріп айтып берсек, содан кейін қандай арманы болса, ілтипатпен сұрасақ, бақытты істерімізді бұрхан бақыты үшін бағыштасақ, нәзір шишін тыңдағанда, төрт махаранж тәңірлерінің жамағатымен мәндес болып, (оның) түр-әлпетіне немесе денесіне сіңіскенін түсініп, нәзір тамақтарды

16 б

...кең жерде байланып қал. Осы төрт махаранж тәңірлеріне нәзір беру жолын кәміл дарманның ұстазы жаратқанын (білдім). Нумчи Тануасин ұстаз, Қумған тутуң<sup>193</sup>ның өтінішімен қоян жылының бесінші айында тибет тілінен ұйғыр тіліне аудардым.

Буддаға бас ию! Дармаға бас ию! Санғаға бас ию! Үнді тілінде: «Асда маха исдара чайдира истидира». Тибет тілінде: «Наз чинбу иркатки чот ирдила исдутаба». Ұйғыр тілінде: «Сегіз ұлық жердегі ғибадатхананың мадақтаушы баласы болған Манчишири будисату Лумбинауан<sup>194</sup> бағында туылды». Капилаеасти шаһарында бар болып, (солай) деді: «Өте шексіз жоғары сапалы қымбат тас-тармен безелген Ізгілік пен Боручы<sup>195</sup>ның ғибадатханасына сәжде жасаймын. Тагаттағы махабути ағашы<sup>196</sup>ның

<sup>190</sup> Бұл сөздердің мағынасын шығару мүмкін болмады.

<sup>191</sup> Шайтандардың бірінің аты.

<sup>192</sup> Қазан.

<sup>193</sup> Атақ-данқтың атауы.

<sup>194</sup> Буддалық сенім бойынша, киелі бақтың атауы. Бүгінгі Непал жақта.

<sup>195</sup> Будданың сипаттарының бірі.

<sup>196</sup> Буддалық сенім бойынша, Шақямуни осы ағаштың астында сәжде жасауға қол жеткізген

екен.



17 а (Жиырма жетінші парақ)

астында Нрайанчан (дариясының) бойында отырып, аса көп, кең, жоғары дәрежедегі қасиетті білімнің иесі болған ғибадатханаға бас иемін. Каскауасал жұртындағы Баранас шаһарында айналдырылмаған дармачакир<sup>197</sup> заң дөңгелегін айналдырып, қайғы-қасіретті үзетін, жоятын төрт түрлі инйна, білімді дана, ғибадатханаларға бас иемін. Сиравасти шаһарында тұрған басқалардың күш-қүдіретін азайтып, әлсіретіп, Чит тегіннің бағында үлкен, әдемі көрініс болып көрінетін үш түрлі тақты ең жоғарғы (орынға) алып шығатын, жалған пайғамларларды жеңген, көзін жойған ғибадатханаларға бас иемін. Сангаш шаһарында Абандан жасыл алқабында кездескенде ұстаздарымыз тәңірлер өздерінің мекендеріне орналасты. Азруа Хурмуздың мәңгілігімен (олардың) астында сәжде жасаған, Астрадавристиаки тәңірлер құрметтеген

17 б

ғибадатханаларға бас иемін. Шығыстағы әулие қарсы болған монахтар жамағатын, бұрхан ұстаздың ілімін бүтіндей негізге алып, Рачакрах шаһарында Лпитилангух өзені (бойында) ізгі ниетпен бұрыштағы ғибадатханаға бас иемін. Ыстық жаннан бас тартуға, екіншіден, ыстық жанды нәзір қылуға ниет етіп, Уайсали шаһарында Чымбал деген бақтан нәзір жасауға ниет етемін (және) мейірімді ғибадатханаға бас иемін. Кусанагир шаһарында барша жануарларды таза көңілмен, көркем мінезбен осылай жаратып (және) кемел етіп, орны Қуш сола ағашының арасынан (болған және өзі) нируван болған осы қасиетті ғибадатханаға сәжде жасаймын. Шакимуни бұрханның сегіз ұлы ғибадатханасы және Киртиракут тауында және басқа оң жақтағылар басқа (жай)ларда да мейірімге бөлейтін нумға, барша денелерін қайран қалдырып, әлсіз, момын, тынышталғандарға қашанда

18 а (Жиырма сегізінші парақ)

бар болмысыммен бас иемін. Сондай-ақ барша билеуші деген лауазымнан ерекше бөліп алып, көзге елестетіп болмайтын дәрежеде ақылды болып, пәк руханиятқа ие бұрханның нумды денесіне көк аспанға ұқсас жануарларды дұрыс, шынайы етіп жаратушыға бас иемін. Осылайша басқалар сияқты көңілді қатарына қосылған, қар (мен бүркенген) Кратиракут тауына ұқсас пәк, аппақ қайырлы істерім (бар). Солармен бірге барша жануарлар ұрығын мейірімді

<sup>197</sup> Буддалық сенім бойынша, Будданың заңы болып, айналып жатқан дөңгелекке ұқсайды.

дидарымен тойғызып, бұрхан бақытына жетсін деп (сұраймын), жоғары мәртебелі ұлы ұстаз Нагарчуни<sup>198</sup> себебімен жаратылған сегіз ұлы жердегі ғибадатханаларды мадақтаймын.

Мен, Амогашири Ачари, үнді тілінен түркі-ұйғыр тіліне тәңрі бұрхан туылған сиыр жылының төртінші айы, он төртінші (күнінде) аударып, өз қолыммен аяқтадым, соңына жеткіздім. Осы заңды оқығанда ең алдымен көріп, құрметін жасап, осы сегіз ғибадатханаға құрмет көрсетіп, бас (ию керек). Және нумның бір жол үндіше немесе түркише

18 b

атын айтып, бас иіп, дарманы айтып, (кейін) осы нумды оқу керек. Атын айтып, екі қол алақандарын (бір-біріне) айқастырып оқылатын жол мынау: «Алтын реңді жалтыраған жарық, барша (нәрсе)ден үстем тұратын нум патшасы» атты нум ақиқатты қазынасына (сәжде жасаймын). Пәк, тура, терең ақыл-ойға жеткізуші шынайы құдірет иесіне (сәжде жасаймын). Құрметке лайық тайшың<sup>199</sup> – ұлы махаяна яғни үлкен дөңгелектің кең, терең қазынасы деп аталған, барша сутралардың патшасы, ханы, сізді мадақтап, (сізге) сәжде жасаймын. Жақсы, жақсы, жақсы!

Ұлы Қытай династиясы атақты Кангшу (билігі)нің он алтыншы жылы ошақтағы от (секілді) құтты тауысқан (жылы) Куйха ғибадатханасына негіз (болған) дана Талуи Шаби, Ратна Учирдің өтінішімен Дунхуан шаһарында оныншы айдың жиырма төртінші күні бітіріп, аяқталды. Кейінгі асыл тектілерге өтініш болсын. Жақсы.

## II Кітап

Буддаға бас иемін! Бармаға бас иемін! Санғаға бас иемін! «Алтын түсті жарқыраған жарық баршадан үстем тұратын нум патшасы» атты кітапта (расында да туылғандардың үш) (денесін айыру деген үшінші) (бөлім, екінші жинақ). ...(мейірім қыл)ғанда сол барша жамағат арасында Агаса карпы – Көк аспан қазынасы атты бір будисату бар еді. Кейін сол будисату отырған орнынан тұрып, оң желкесіндегі киімін іліп қойып, оң тізесімен тізерлеп, алақандарын біріктіріп, үлкен құрметпен Тәңірлердің тәңірі бұрхан алдында бас иіп, иіліп, тыныш, ашық жүзбен, ерекше әдемі, алтын лала гүлдермен, қымбат байрақтармен зор ізет-құрмет көрсетті. (Содан кейін) Тәңірлердің тәңірі

<sup>198</sup> Махаяна іліміндегі бір мәзһабтың негізін қалаушылардың бірі.

<sup>199</sup> Махаяна ілімінің қытайша аты.



II. 2 а (Екінші бөлім, екінші (парақ)

бұрханнан: «Ей, аты мәшһүр, құрметке лайық тәңрім! Барша дана, білімді бұрхандардың бұрхан бақытынан кейінгі мұндай ғажайып қасиетті он түрлі жорықтары және нируанда болып, басқалар үшін жасаған бірнеше іс-амалдары, (қылған) жақсылықтары (осы). Егер солай болса, сол ғажайып қасиетті жорықтарының ішінде ...денелері және сол денеден (бас) тарту(мен байланысты) іс-әрекеттері енді қалай болмақ? Және осылайша бұрхан бақытын армандаушы будисатутар, мағастуилар және шынайылықтан пайда болғандар. (Олар) кірсіз, пәк, ең терең, нәзік мағыналы нумы бар жарлықтармен будисатутардың жасырын өмір сүру жолы қалай пайда болмақ? Қалай (осылайша) өмір сүрмек?», – деп жалынып сұрады.

Сол сәтте баршадан күдіретті Тәңірлердің тәңірі бұрхан

2 b

былай деп жауап берді: «Ей, асыл тектілердің ұлы! Олай болса, ендеше сен зейін қойып тындап, куәсі бол. Мен осылайша саған бұрхандардың денесін, сол денеге қатысты іс-амалдарын, соның жөн-жосығын асықпастан ашық баяндап берейін. (Ей), асылтектілердің ұлы! Және барша шынайылықпен пайда болған, шынайы сезінушілердің үш түрлі денесі (бар) деп есептеледі. «Сол үш (түрлі денелер) қайсы?», – деп сұраса, (олар) мыналар: «Біріншісі – белгүртме (белгілі) денелер, екіншісі – туш денелер, үшіншісі – нумды денелер. Осы үш түрлі денелерде барша бұрхандардың денелері (және) «шынайы зейінді бұрхан бақыты» атты қасиетті даналықтың баршасының бірі де қалмай толық, түгел болады. Сол үшін де кімде-кім осы үш түрлі денелерді ықыласпен оқып алса, білсе, олар қысқа уақытта сансарадағы туылу, өлу(ден тұратын)

II. 3 а (Екінші бөлім, үшінші парақ)

шектен тыс азаптардан азат болып, теңдесі жоқ, жоғары бұрхандар мейіріміне лайық болады. «Және осы үш түрлі денелерден біріншісіне, белгүртме денеге будисатутар қалай қол жеткізеді?», – деп (сұраса), мұны былай түсіндіру керек: «Ей, асылтектілердің ұлы! Шынайылықтан келген бірінші... (орын)ға қол жеткізетін кемел болатын (орын), деп барша бес дүние жануарларының балалары үшін неше түрлі жақсы заңдар (туралы) көп ойға батады, үйренеді. Осылайша олар ойға беріліп, үйреніп, кемел болудың ізгі қағидасының мәніне, сеніміне ие болады. Міне осындай мән, сенім(мен) кемел болғандықтан да ең жоғарғы күш-күдіреттің иесі болады. Міне сол күш-күдіретпен жануарлардың армандары бойынша жануарлардың арман-тілегінің нәтижесінде жүреді. Жануарлардың арман-тілегінің нәтижесімен

## 3 б

жүріп, жануарлардың ұрығын, негізін анық біліп алады, түсінеді. Жануарлардың ұрығын, негізін анық біліп алған соң, уақыт-сағатын күтіп отырмастан, уақытын бос өткізбестен, (әр қандай) орынға лайық, уақытқа лайық, (жануарлардың) мінез-құлқына лайық, нумды уағыздауға лайық, (жануарлардың) паркына лайық, бірінен кейін бірін, неше түрлі, әр қандай, әдемі (белгүртме) денені пайда қылып, жануарларға (көп) пайда алып келеді. Міне осы біріншісі (болып, сол) белгүртме дене деп аталады. Сол белгүртме дене және үш түрлі болады. «Сол үш (түрлі белгүртме дене) қайсы?», – деп сұраса, (олар) мыналар: «Біріншісі – үлкен белгүртме дене, екіншісі – кіші белгүртме дене, үшіншісі – қол жеткізуші белгүртме дене». «Біріншісі – үлкен белгүртме дене қандай болады?», – деп сұраса, ол былай: «Он орында, алдыңғы жақта төрт түрлі әрекетпен (мақсатқа) жетеді. (Бір) уақытта (мақсатқа) қол жеткізуші будисатуарға екі

## II. 4 а (Екінші бөлім, төртінші парақ)

мың құлаш дене (кейпін) пайда қылып, пайда болған таза сөзді бұрхандар жұртында тұрып әрдәйім махаяна (ілімін) – «үлкен дөңгелек», яғни тайшың нумын ғана уағыздайтын дене болса, (міне) сол үлкен «белгүртме дене» деп (аталады)». «Екіншісі – кіші белгүртме дене қандай болады?», – деп сұраса, ол былай: «Екі түрлі – «кіші дөңгелектерге» бақытқа қол жеткізбеген, діни көсем болмаған жануарларға (келді біздің бұл ұстазымыз) Шакимуни Тәңір тәңірі бұрхан он алты чығ<sup>200</sup>, бес тсун<sup>201</sup> (үлкендіктегі) денесін көрсетеді, кейін келетін Майтри Тәңір тәңірі бұрхан мың чығ (үлкендігіндегі) денесін көрсетеді. (Осылайша сол) лас адамдар әлемінде тұрып, үш түрлі бақытқа қол жеткізеді. Адамдар мен тәңірлер әлемінде туылатын он екі (бөлікке бөлінген) нумдарды уағыздаушы дене болса, кіші белгүртме дене (деп аталады)». «Үшінші – қол жеткізуші белгүртме дене қандай?», – деп сұраса, ол былай:

## 4 б

«Төрт қайта туылу, бес дүние, алты жол ішінде неше түрлі түс, бейне көрсетіп, сол жолдармен пайда келтіру арқылы басқаларды жақсылыққа, қуанышқа жетелесе – міне сондай нумды бейнеге еніп, нумның бейнесі арқылы басқаларға нумды уағыздаушы дене болса, белгүртме дене (деп аталады). Осы белгүртме

<sup>200</sup> Ұзындық өлшем бірлігі, 1 чығ 30 см. тең.

<sup>201</sup> Ұзындық өлшем бірлігі, 1 тсун 3,2 см. тең.



дененің үш түрі болады. «Екінші туш дене қандай? Сол туш денеге будисатутар қандай жолмен қол жетеді?», – деп сұраса, оны былай біліп, оқу керек. Олар төмендегіше: «Бәрі ақиқаттан пайда болған, тура түсінетіндер осылайша дана, білімді, ерекшеліктерді пайымдайтын будисатутарға сансара мен нируан(ның) негізі бір (түрлі) ләззат екенін білдіріп, ұқтырады, шынайы болған мәнін уағыздайды. Бар денесі көрініп тұратын жануарларды

II. 5 a (Екінші бөлім, бесінші парақ)

бүтіндей опат болу туралы қорқыныштарын жойып, қуантады. Және (оларды) есебі жоқ, ғажайып бұрхандар нумына дұрыс жол сілтеуші етеді. (Сол үшін) шынайы мәнге ие лайық, аса рухани, ең сенімді даналық біліммен ілгері(ден) бақыт сұрағандар көшінен отыз екі ұлы адамның белгілерінде кемелдік (болады). Сексен түрлі жақсы (ерекшелік)термен безеген (бір) құлаш (келетін) домалақ, әдемі дене бітімін, шексіз үлкен, жалтырап тұратын (бейнесін), қарап көз тоймайтын әдемі көздерінің қуанышы болған бұрхандардың қасиетті бейнелерін көрсетіп, үлкен пайда алып, мейірім тапса, осы екінші туш дене (деп аталады). Осы дене және екі түрге бөлінеді. Бірі – өзі қол жеткізетін туш дене. Екіншісі – басқалар қол жеткізетін туш дене. Өзі қол жеткізетін туш дене барша бұрхандардың мәңгілік, ұлы нумымен

5 b

шаттанады. Үздіксіз жалғасатын тәртіп бойынша мәңгілік шаттықтан үлес алатын алты сезім<sup>202</sup> мүшесімен бас-(аяғы) жоқ, шексіз бес (түрлі) біліммен ержеткен, ішкі сезімдерін шексіз (жағдайда) біріктіре білген, онын орынға жеткен, барша сансарадағы белгілі нумдарды тура көз алдындағы ай тәңірін көріп тұрғандай анық біліп, дүниеге келген, кемелдікпен толық көмкерілген будисатутар да Вчиранупам бейнесін көрсетті. Бұрхан бақытқа қол жеткізген ғажайып сәтке жетуімен келген будисатутардың көз ілімі арқылы көріп, айырып болмайтын, жанды және жансыз – екі дүниені біріктіріп, денесінің ішіне сыдыра алатын, алдыңғы(дай) құм санындай бұрхандардың денелерімен, тіптен көзге көрінбейтін сұлу жүзінің ұлықтығымен, бүтіндей сансар ішіндегі және тәңрі жерлеріндегі және адамзат әлеміндегі әртүрлі әдемі жүзімен,

<sup>202</sup> Алты сезім – көз, құлақ, мұрын, тіл, дене және ақыл-ой. Буддалық сенім бойынша, осы алты мүше күнәлі істердің бастауы болып есептеледі.



## II. 6 а (Екінші бөлім, алтыншы парак)

реңімен, білімімен, ісі, барша (нәрсесі)мен үстем болған есебі һәм теңдесі жоқ, салыстыруға келмейтін (дәрежеде) таза түсте (реңде) болады. (Олар) денесінің үлкендігін өлшеп болмайтын төрт түрлі (тіптен) кірі жоқ, пәк, дана, білімді, (ақылы жеткілікті) жүрек, жыртқық-жамау, кір-қожалақ, бес ерекшелік<sup>203</sup>ке үш есептеп болмайтын<sup>204</sup> (нәрселер), алты брамит<sup>205</sup>, жүз мхаклаб<sup>206</sup> ішіндегі пәк, жақсы істері, сондай-ақ, төлем-сыйлары болған үлкен қазына – «лалагүл патшасы» атты қасиетті сол бұрхандар орнына отырады. Бұрхан бақытын тапқан теңдесі жоқ қасиетті дене болса, сол (дене) өзі қол жеткізетін туш дене (деп аталады.). Басқалар қол жеткізетін туш дене болса, төмендегілер: «Ол он орындағы будисатулардың мәніне, негізіне лайық көрінетін, пайда болатын басқалар қол жеткізетін он түрлі туш дене».

«Ол қай дене?», – деп сұраса,

6 б

төмендегіше: «Қайтадан бұрхан бақытын тапқан бұрхандар өздерінен кейін бұрхан бақытына қол жеткізетін он орындағы будисаттардың көңілдерін тазалап, қуат беріп күшейтушілері, жылдамдаттырушылары (болған) себебінен, бірінші орындағы будисаттарды екінші орынға көтеру үшін ең бірінші бір түрлі дене пайда болады. (Сол дене) пәк бұрхандар үлесінде<sup>207</sup> оранып, қашанда ұлы, құдіретті тайшын нумын ғана уағыздайды.

«Сол бір түрлі дененің үлкен-кішісі қай дәрежеде?», – деп (сұраса), дененің егесі (әрқайсысы) алпыс түменнен – бір миллиарди өлшем (шамасында), қас(тардың) байланысы, (яғни) екі қас ортасындағы жер белгісінің үлкендігі бес Шумер тауының, екі көз нұрындай, төрт теңіз, дария суы қосылған жердің жалтырағанындай болады, яғни Батыс жақтағы Сукауади есімді әлемнің Абида тәңірі бұрхандай (болады). Абида тәңірі бұрхан бірінші орындағы будисаттарды

<sup>203</sup> Буддалық сенім бес ерекшелікке назар аударады: рең, сезім, пікір, іс-әрекет, білім.

<sup>204</sup> Үш есептеп болмайтын нәрсе – заманды білдіреді.

<sup>205</sup> Нируанаға жетелейтін алты түрлі амал: садақа, таза ұстау, сабыр-қанағат, өзін таза ұстап алға жылжу, тыныш жүру, ақыл-оймен жұмыс жасау.

<sup>206</sup> Мхаклаб – «шегі жоқ, ұзақ кашықтық» дегенді білдіреді. Бір мхаклаб – бір млрд үш жүз млн жылға тең.

<sup>207</sup> Будданың мекендеген жері, будисаттардың басқа түрге енетін үлкен жері.



II. 7 а (Екінші бөлім, жетінші парақ)

екінші орынға көтеру үшін көрсететін ең бірінші бір түрі басқалар қол жеткізетін туш дене деп аталады. Басқалар қол жеткізетін дегені мынау – басқа денелер сол сұлулықты көріп, нумды жарлықты есітеді, алты сезім мүшесінің бәрі(нен) (олардың) бір түрде пайда табатын табиғаты қуаныш-шаттыққа кенеледі. (Сол үшін) оны басқалар қол жеткізетін (дене) деп аталады. Бұл шабыттың өзгерісі (дегенде) өзі қол жеткізетін туш дененің шабыты деп ұққан дұрыс. Міне осындай туш дене екі түрлі болады.

«Үшінші нумды дене қандай болады? Сол денені будисатулар қалай табады?», – деп сұраса, оны жоғарыдағыдай білу керек. Осылайша, әрқайсысы жоғарыдағыдай неше түрлі нируандардың қарсылығы(нан келетін) қиыншылықтардан азат (болып) алыстап кеткен, қашанда мазасыздана бермейтін, пәк, жақсы нумдар арқылы расталған реңсіз, денесіз, туылмайтын, жоғалып (та) кетпейтін, әр қандай белгілерден

7 б

Қорыта айтқанда, «Кодекс Куманикус» кітабы әлемдік өркениеттің құнды мұрасы, қазақ әдебиетінің орта ғасырлардағы тарихынан сыр шертетін бағалы жазба жәдігер.



АУДАРМАСЫ

1

Тап, тап тамызық,  
Таматұғын тамызық,  
Көлеңкесі бар  
Күйетұғын тамызық.  
*Ол – көбелек.*

2

Жаздым, жаздым, жаздым,  
Бес ағашқа жаздым.  
Сынабымды иледім  
Көк жібекті шырмадым.  
*Ол – қына.*

3

Кермеде қара, құла бір-біріне ұқсайды.  
*Ол – істік.*

4

Итеріп, итеріп ырғалмас,  
Ішіндегі шайқалмас.  
*Ол – ұра.*

5

Сілеусін майын сілкіп болмас,  
Сырма тонымды бүгіп болмас.  
*Ол – жұлдыз.*

6

Ақ күйменің аузы жоқ.  
*Ол – жұмыртқа.*

7

Алан-құлан бұл ту тұрар –  
 Айыр ағаштан май тамар.  
 Құлан-алан ту тұрар –  
 Қу ағаштан май тамар.  
*Бұл – істікте пісірілген қой.*

8

Күн алдынан елші келер –  
 Күміс бүргі тарта келер.  
 Ай алдынан елші келер –  
 Алтын бүргі тарта келер.  
*Ол – аққу құс.*

9

Бұты, бұты ұзын,  
 Бұтымнан арық ол, ұзын.  
*Ол – ұшаяқ (мосы).*

10

Қызыл аяқты көрпе жамылған,  
 Алтын басты, шыбық бар.  
*Ол – тырна.*

11

Сенде, менде жоқ,  
 Сеңгір тауда жоқ,  
 Қатты таста жоқ,  
 Қыпшақта жоқ.  
*Ол – құс сүті.*

12

Қошқар мүйізді толығады,  
 Қатты болғаннан қатты болады  
 Қошқар мүйізі – құд[..?]



Теке мүйізі тығыз болады,  
Тығыз болғаннан күшті болады.  
Теке мүйізі – тең [...]

13

Ұзын ағаш басында  
Ұрғығұл атты құс отырар.  
Оны ату керек  
Екі ұшына, жүрегіне тас керек.  
*Ол – жан.*

14

Ұзын ағаш басында  
Ұлы жазу жаздым.  
Бақытсыз ұл келер деп,  
Мен оны аңдып тұрдым.  
*Ол – қармақ пен балық.*

15

Ақша түсті қайда қыстамас?  
Қанды жерде қыстайды.  
Қан қанша ұйымас  
Қап ішінде қыстайды.  
*Ол – қарын май.*

16

Бес басты елші келер  
*Ол – етіктің жыртығынан көрініп тұрған бес саусақ.*

17

Тау үстінде таласқан,  
Таяғы бар бес батпан.  
*Ол – түлкішіктің құйрығы.*

18

Арба шақ етті! –  
Тас арбадан шақ егіп түсті.  
*Ол – түйе.*

19

Менің қалыңдығым жарма жер,  
Ал менің қарным аш.  
*Ол – кереге.*

20

Сиыр сырты,  
Қой жамбасы.  
*Ол – етік.*

21

Көкше лағым көгенде семіреді.  
*Ол – қауын.*

22

Кешке келер қара лақ,  
Ерте барар қара лақ.  
*Ол – түңлік.*

23

Бір ұшы қыс қыстар,  
Бір ұшы жаз жайлар.  
*Ол – сырық.*

24

Отырғаным – оба жер,  
Басқаным – бақыр шанақ.  
*Ол – ертоқым мен үзеңгі.*



25

Шапшашықтың үстінде шапшашық.

*Ол – қамыс.*

26

Жазда жаңа келін жүгінде отыр.

*Ол – қамыс басы.*

27

Жазда шапты тоқпақ жатыр.

*Ол – кірпі.*

28

Жазда майлы қайыс жатыр.

*Ол – жылан.*

29

Ішер, жер,

Ініне кірер.

*Ол – пышақ.*

30

Қорамсағым жалғыз,

Оғым сансыз.

*Ол – көк аспан мен жұлдыз.*

31

Мұрынсыз мұз тесер.

*Ол – қой бозы.*

32

Оңды-солды айырған,

Отыз түмен биікте.

*Ол – күн, ай, жұлдыз, таң.*



33

Алтын айырған тура түсер,  
Алқызыл торкам жайылып түсер.  
*Ол – құлындаған бие.*

34

Ол өтті, өтті,  
Иісті көлде қыстады.  
*Ол – аузын артына соғып ұйықтаған ит.*

35

Түйме түйдім,  
Ұршыққа > ұршыққа салдым.  
*Ол – іс.*

36

Кесіртке қан тамды,  
Қара ұлысқа жайылды.  
*Ол – от.*

37

Ұзын-ұзын сырғанақ,  
Ұшына дейін сырғанақ,  
Қысқа-қысқа сырғанақ,  
Қырына дейін сырғанақ.  
*Ол – пышақ пен қайрақ.*

38

Буы барда – ізі жоқ.  
*Ол – кеме.*

39

Тап: артыңды –қарп!  
*Ол – есік.*



40

Аузымды ашсам, өкпем көрінер.  
*Ол – есік ашса, көрінген от.*

41

Алқызыл шегрен жәшігім,  
Алтындай менің асханам.  
*Ол – жаңғақ,*

42

Сеңсең айыры басында  
Сегіз қоян іні бар.  
Сен оны таппасаң,  
Сынық жылайсың.  
Ойлап біліп таппасаң,  
Ауру жылайсың.  
*Ол – күміс.*

43

Тәңірден түскен тоқмашық –  
Төрт аяқты маймашық.  
*Ол – кірпі.*

44

Бұғанақты терек.  
*Ол – бұғаулы тұтқын кісі.*

45

Бұқа, доңыз қыстайды.  
*Ол – қыс қамын қылу.*

46

Күшті бұқа өкірді.  
*Ол – соқыр болып қалған әке.*

47

Сиыр қатты ыңырсыды.  
Ол – жылаған ана.

48

Екі бұтақ өскіні сетіледі,  
Сетіліп түбі бұрқылдайды.  
Ол – жылаған екі сіңлі.

49

Жоғарыдан келген нендей аң?  
Жолбарыс аң, – дейді.  
Жотасында толы інжу  
Тамып жатыр, – дейді.  
Төменнен келген нендей аң?  
Құла барыс аң, – дейді.  
Құйрығында оның інжу  
Тамып жатыр, – дейді.  
Ол – көпес.

50

Желідегі бес құлық,  
Бесеуі де құлындады.  
Ол – жылдың келуі.

51

Сарайдағы сары айғыр,  
Сайратып кісінейді.  
Ол – қаңқылдаған қаз.

#### ТРАНСКРИПЦИЯСЫ

1

Tap, tap tamyzyk,  
Tama-dyrған tamyzyk,



kōlāgāsī bar  
 kōie-dyrġan tamyzyk.  
*Ol, kōbelek*

2

Bītī-bītī-bītīdīm,  
 beš aġaçġa bītīdīm,  
 Kōnesūuūm iūuūrdym,  
 Kōk iībekīm çyrmadym.  
*Ol, kyna-dyr*

3

Kašta kara-kūla ūušap-dyr,  
 Itīp-itīp yrġalmas,  
 İčīndāġī çaihalmas.  
*Ol, ūrū*

4

Sīleusīn iaġy sīlkīp bolmas,  
 Syrma tonūm bŭġŭp bolmas.  
*Ol, žŭldŭz*

5

Ak kŭimānīġ auzū ioh.  
*Ol, iūmŭrtka*

6

Alan-kŭlan būu (tūu) turur –  
 Airy aġaçtan iau tamar;  
 Kulan-alan tūu turur –  
 Kūu aġaçtan iau tamar.  
 (...)

7

Kŭn altūndan ālçī kelīīr (kelīīr) –  
 Kŭmīš byrġy tarta kelīīr (kelīīr);

Ai atından elči keliiir –  
 Altın byrgıy tarta keliiir.  
*Ol, a(idynlyk?)*

8

Bütü-bütü üzün,  
 Bütümdan aрыk ol, üzün.  
*Ol, ücaiak-dür*

9

Al paçaly, iabūuly,  
 Altın başly, çohmarly.  
*Ol, türna-dyr*

10

Sendä, mendä ioh,  
 Seңgır tauda ioh,  
 Ütlü tašta ioh,  
 Кypçakta (Кypçakta?) ioh.  
*Ol, küş süt-dür*

11

Koçkar müüzī koiürmak,  
 Koiürmaktan koiürmak.  
*Koçkar müüzī – kud(..?) ~küid (..?).*

12

Tegä müüzī tyiyrmak,  
 Tyiyrmaktan tyiyrmak.  
*Tegä müüzī – teŋ (...).i.*

13

Üzün ağaç başynda,  
 Ürgüüül atly küş oltürür;  
 Any atma är kerek,



Ekī ūčūna > iüreginā taš k'éräk.

*Ol, tyn*

14

Ūzün aǵaç başynda,

Ūlü bītiü bītidim;

K'emsän oulu k'elgäi dep,

K'emsän tūrüp sahladym.

*Ol, karmak bile balyk*

15

Ahča kaida kyşalmyş?

Kanly ierdä kyşalmyş.

Kany nečik iühmamyş?

Hap ortada kyşalmyş.

*Ol, karyn iau-dyr*

16

Beş başly elčī kelīiir.

*Ol, etiktän beş barmak baǵar*

17

Tau ūstindä talaşman,

Taiagy bar beş batman.

*Ol, tülküčiginiñ (=tülküčikniñ) tüpegi*

18

Araba – šak! --

Taš araba šak ete tüšti.

*Ol, töüä*

19

Tüüü ier käläšim –

Karnym ač.

*Ol, keregī-diir*

20

Syiyр syrty,  
Koi қоңақы.  
*Ol, (etlk).*

21

Ќөккә ulhaiym көgende semіrіr.  
*Ol, haiua (huun)*

22

Ќеке келір кара улах,  
Erte baryr кара улах.  
*Ol, түглік*

23

Bір үчү кыш кышлар,  
Bір үчү iai iailar.  
*Ol, sryh*

24

Otүрганым oba ier,  
Baskanym бағыр çanak.  
*Ol, (eiär bile) үзеңгі*

25

Çapçaçyk üstündä çapçaçyk.  
*Ol, hamyş-dyr*

26

Iazda ianы келін iügünä-dір.  
*Ol, hamyş başy-dyr*



27

Iazda iauly tokmak iatyr.

*Ol, kīrpī-dīr*

28

Iazda iauly haiyš iatyr.

*Ol, iylan-dyr*

29

İcer, ier

İninā kīrer.

*Ol, byčak-dyr*

30

Salp kešīm,

Sansyz ohum.

*Ol, kōk bile iūldūz-dyr*

31

Būrūnsyz bŭz tešer.

*Ol, koi bogŭ*

32

Oŋlŭ-sollŭ aiyrġan

Otŭz tŭmen ōnei-dīr.

*Ol, kuiaš, ai, iūldŭz, taŋ*

33

Altŭn aiyrġan tŭra tŭšer,

Al torham iaiyly tŭšer.

*Ol, bile kŭlŭnlaġan-dyr*



34

Ol ötemiŝ, ötemiŝ,  
Iyiy köldä kyŝalmyŝ.  
*Ol, it-dır, auzın artyna sohıp üiür*

35

Tüimä tüidim,  
Tütängä > tütängä saldym.  
*Ol, üs-dyr*

36

Käsärtkiçe kan tammyŝ,  
Kara ülüska iaiylmyŝ.  
Käsärtkiçe sary altın a(kmyŝ).  
*Ol, ot-dyr*

37

Üzün-üzün syrgalak,  
Üçüna deiri syrgalak;  
Kysha-kysha syrgalak,  
Kyrıuyna deir syrgalak.  
*Ol, byçak bile bilegi*

38

Bü bardy – İzi ioh.  
*Ol, kemä-dır*

39

Tap: artynğa – karp!  
*Ol, eŝik-dır*

40

Auzım açsam, öpkäm körünır  
*Ol, eŝik açsa, ot körüngän-dır.*



41

Al saury iančyğym,  
Altyn touram aškynam.  
*Ol, hoz*

42

Señseñ airy başynda  
Segiz koian ĩni bar.  
Seni any tapmasañ,  
Synyk ĩni iylağyl.  
Aulññ bile tapmasañ,  
Auruu ĩni iylağyl.  
*Ol, küimyč*

43

Teñirdän tüşkän tokmaçyk –  
Dört aiakly maimaçyk.  
*Ol, kırıpi*

44

Bügänäklı čärt terek.  
*Ol, tutğan kiři-dır, búğauly*

45

Búğa, toñuz kyşalmyş.  
*Ol, kyş kata kilägän-dır*

46

Küč búğasy kürlämış.  
*Ol, atasy sohranğan-dyr*

47

Küčmen kara çynlamyş.  
*Ol, anasy iylağan-dyr.*

48

Ekī sete setelār,  
Sete tübü Bürküldär.  
*Ol, eskī sñhlī iylağan-dyr.*

49

Ioğartyn kelgän ne kīiik?  
Iolabars kīiik, - deşirlär;  
Iotasynča su iñči  
Tama kelİR, - deşirlär.  
Küürtyn kelgän ne kīiik?  
Küla bars kīiik, - deşirlär;  
Kürühünča su iñči  
Tama kelİR, - deşirlär.  
*Ol, bezergen-dİR*

50


Beltİrdägi beş küülük>hüülük  
Beşİ bile küünlamyş.  
*Ol, iyl kelgän-dür*


51

Saraidägy sary aiğyr  
Saululatyp kİşnämİş.  
*Ol, kaz-dyr*









1-сурет<sup>1</sup>. Құйрықтөбе сарайының орталық залы.  
Митра мен әділет құдайы Арштан.



2-сурет. Құйрықтөбе сарайының орталық залының солтүстік-батыс қабырғасы.  
Митра мен Арштан. VIII ғ.

<sup>1</sup> 1-11 суреттер «История религий в Казахстане», (2018 г.) кітабынан алынды



3-сурет. Күнбасты адам. Таңбалытас.



4-сурет. Абыздар ортасындағы Мани. Турфан.





5-сурет. Қора өзенінің бойындағы Келіншектас жартасы. Текелі қ., XVIII ғ.



6-сурет.Будда Шакямуни, бодхистатв Ауалокитешуары және  
Будда Бхайшаджягуру. Таңбалытас



7-сурет. Будда Ахшоби. Таңбалытас




8-сурет. Алмалықтан табылған қайрак.




9-сурет. Шу жазығынан табылған қайрак.



10-сурет. Үшарал қалашығынан табылған қайрак, XIII-XIV ғғ.



11-сурет. Қабырғаға бейнеленген несориан шіркеуі. Турфан, VIII-IX ғғ.




12-13-сурет. «Хуастуанифт» жәдігерінің Санкт-Петербург нұсқасы


Handwritten text in a cursive script, likely a manuscript page. The text is written in dark ink on aged, slightly yellowed paper. It consists of approximately 15 lines of text, with some lines starting with a red dot or initial. The script is dense and characteristic of the 18th-century Russian manuscript tradition.

Handwritten text in a cursive script, likely a manuscript page. The text is written in dark ink on aged, slightly yellowed paper. It consists of approximately 15 lines of text, with some lines starting with a red dot or initial. The script is dense and characteristic of the 18th-century Russian manuscript tradition.


14-15. «Хуастуанифт» жәдігерінің Санкт-Петербург нұсқасы



16-сурет. «Кодекс куманикус» жәдігерінің Венецияда сақталған нұсқасы




17-сурет. «Кодекс куманикус» жәдігерінің Венецияда сақталған нұсқасы



18-сурет. «Майтри симит ном бітік» жәдігерінің Құмыл нұсқасы





19-сурет. «Майтри симит ном бігік» жәдігерінің Құмыл нұсқасы




108

Handwritten text in a cursive script, likely a manuscript page. The text is arranged in approximately 12 horizontal lines, each beginning with a large, decorative initial letter. The script is dense and characteristic of historical handwritten documents. The page is numbered '108' at the bottom center.

21-сурет. «Дана Хикар хикаясы» ескерткішінің Вена нұсқасы




22-сурет. «Оғызнама» жәдігерінің Париж нұсқасы



23-сурет. «Оғызнама» жәдігерінің Париж нұсқасы

# III

## ӘДЕБИ ЖАЗБА ЖӘДІГЕРЛЕР



## ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫ

«Қорқыт ата кітабы» – Байкалдан Балқанға дейін мекендеген түркі халықтарының ортақ мұрасы. Оғыз тобына жататын түркілер «Деде Қорқыт» десе, қыпшақ тілді түркілер «Қорқыт ата» деп атайды.

Десек те ғылымға белгілі ең сенімді нұсқа – «Китаби Деде Қорқут әлә лисәни таифеи огузан» деп аталатын Дрезден нұсқасында: «Хазірет Расул әләйһиссалам заманына жақын Баят тайпасынан Қорқыт ата деген бір ер шықты» деп басталады. Яғни қолжазбаның атауы «Деде Қорқыт» болғанымен де, мәтіннің алғашқы жолдары Қорқыт ата болып берілген.

Қорқыттың отаны – Ұлы дала төсі. Бір кездері қыпшақ һәм оғыз тайпалары қатар қоныстанған заманда өмір сүрген бабамыз қолындағы қобыздың қоңыр үнімен түркі дүниесін әуенге бөледі. IX – X ғасырларда оғыз тайпасы түркі халықтарының жағрафиялық кеңістігін кеңейту жолымен Кіші Азияға қарай жол алғанда Қорқыт мұрасын өздерімен бірге ала кеткені белгілі. Қорқыт мұрасымен бірге осы сайын даланың рухани байлығының бір бөлігін де өз еншісіне қоса алған. Онысы ата жұртқа деген зор махаббаттан, қимас сезімнен туған еді. Бір кездері аңыз-әпсана түрінде тараған Баба мұрасының бертін келе жазбаша нұсқасы пайда болып, түркілер жаңа қоныстанған жерлерге қатысты кейбір детальдар, сюжеттер пайда болды. Десек те әуел бастағы болмысынан, Ұлы даланың қасиетті рухынан айырылған жоқ.

«Қорқыт ата кітабы» – исламға дейінгі һәм кейінгі кезеңді қамтып жатқан әдеби жәдігер. Қорқыттанушылардың бір шоғыры оның мұрасын исламнан алдыңғы кезеңге жатқызса, келесі бір тобы исламнан кейін дүниеге келген әдеби жәдігерлер санатына қосады. Біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада (Дрезден, Берлин, Ватикан және т.б.) жетіп келген қолжазбаларды есептегенде, ауыз әдебиеті арқылы жеткен аңыз-әпсана, риуаяттар да баршылық. Жазба нұсқалар Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтып басталғанымен де, аңыздар желісінен көне түркілік наным-сенімдерді де аңғару қиын емес. Сондықтан да Қорқыттың тарихи тұлғасы мен әдеби бейнесі екі кезеңді де тұтас қамтып тұр.

«Қорқыт ата» кітабынан орын алған даналық сөздер де ел ішіне кеңінен тараған. «Аиы су дария болып аққанымен пайдасыз», «Қырдың шөбін бөкен білер, сайдың шөбін жекен білер», «Тәкаптарды тәңірі сүймес», «Өнерсіз қыз жаман, өнегесіз ұл жаман», «Сараңның малы тісіне тимес», «Қонағы жоқ үйден түз жақсы» секілді даналық сөздерінің бүгінде де кеңінен қолданылатындығы белгілі.

Арғы жерде – оғыз, бергі жерде қазақ, түркімен, әзірбайжан, анадолы халықтарына ортақ «Қорқыт ата кітабын» тұңғыш рет қазақ тілінде



сөйлеткен – ғалым Ә.Қоңыратбаев. Қолжазба 1975 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының фольклор бөлімінде ғылыми талқылаудан өтіп, Ә.Марғұлан, Ә.Тәжібаев, Н.Смирнова, Р.Бердібаев, О.Нұрмағамбетова, Ә.Құрышжанов, Б.Ысқақов, Е.Тұрсынов т.б. ғалымдар бұл жазба ескерткішті 1976 жылы өткелі отырған Бүкілодақтық II түркология конференциясына дейін жарыққа шығару мәселесін күн тәртібіне қойған. Бірақ аударма араға 10 жыл салып, 1986 жылы «Жазушы» баспасынан екі құрастырушының атынан (Ә.Қоңыратбаев, М.Байділдаев) жарық көрген еді.

Бұл басылымда Ә.Қоңыратбаевтың жеке мұрағатындағы ғалымның өз қолтаңбасымен сақталған «Қорқыт ата кітабы» аудармасының қолжазбасы негізге алынды. Әдеби жәдігердің транскрипциясы ғылымдағы ең сенімді нұсқа – Дрезден нұсқасы бойынша дайындалды.





АУДАРМАСЫ<sup>238</sup>

**Б**аят руында Қорқыт ата дейтін білікті, сәуегей адам болыпты. Тәңірі зердесіне салған соң, оның барлық болжамдары қатесіз болған<sup>239</sup> ...оғыз тайпаларында Қорқыт ата ең қиын деген мәселелерді шешкен. Қандай ғана қиын іс болмасын, Қорқыттың кеңесін алмай, ел ешбір жұмысқа қол ұрмаған. Ел оның барлық өсиетін (билігін) бұлжытпай орындаған.

Қорқыт атадан қалған бір сөз мынадай: «Тәңірге сыйынбаған адамның тілегі қабыл болмайды. Тәңірісі құрамаса, ешкімнің бірі екеу болмайды. Тәңірі бәндесінің маңдайына не жазса, сол болады. Оның жазуынсыз адам жамандық көрмейді, ажал келіп, өлмейді. Өлген тірілмейді, кеуденнен жаның кетсе, ол қайтып келмейді. Жігіт тірісінде Қаратаудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, байиды. Бірақ соның ішінен ол өзіне тиісті үлесін ғана жейді. Сулар тарам-тарам болып қаншама тасып аққанымен, теңіздерді толтыра алмайды. Менмен, тәкаппар адамды тәңірі сүймейді. Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға тәңірі бақ бермейді. Өзіңнен тумаса ұл өгей: қаншама бағып, қаққанмен ол саған ұл болмайды. Ер жетіп, ат жалын тартып мінген соң өз жөніне кетеді, бәлкі ол тәрбиелеген адамға көрдім-білдім деген сөзді де айтпас. Күлді қаншама үйгенмен төбе болмас<sup>240</sup>. Қара есектің басына жүген таққанмен – тұлпар болмас. Күнге сары пай шапан жапқанмен – бәйбіше болмас. Қар қаншама қалың жауғанмен – жазға бармас. Гүлденіп өскен бәйшешек – күзге бармас. Тозған мақта бөз болмас, ежелгі жау ел (дос) болмас. Ат қиналмай жол шалмас. Қайыспас қара балтасыз жау алынбас. Мыңғырған мал жиғанмен, адам жомарт атанбас. Анадан өнеге көрмеген қыз жаман, атадан тағлым алмаған ұл жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйінен дәм беруге де жарамайды. Ананың көңілі балада болар.

Жақсы ана үшін бала – екі көздің сыңары. Ұлың өсіп жетілсе, ол от басының мерейі, бас-көзі. Атадан қалған малы болмаса, баланың күні қараң. Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ. Уа, хан ием, сізді тәңірім сондай ісінің сәті түспегендерден сақтасын.

Қорқыт ата өзінің ел-жұртына тағы мынадай өсиет айтқан: «Жол қиындығын көрмеген, жабы мінген жігітке Кавказ арғымағын мінгізуден келер пайда жоқ.

<sup>238</sup> 1950 жылғы Баку басылымы бұл кіріспенің «бисмилла рахман рахым» дейтін сөздерін алып тастаған екен. Біз де соны істедік.

<sup>239</sup> Осы жерде келетін: «Кейінгі замандарда оғыз елінің хандығы қай еліне өтеді, олардың қолынан мақшар күніне дейін билікті ешкім ала алмайды» деген сөйлемді де Баку басылымы алып тастаған. Оны да біз мақұл көрдік. Қай (Қият) деп отырғаны Осман түріктері. 1950 және 1962 жылғы аударманың екеуі де В. Бартольдтікі.

<sup>240</sup> В. Бартольд осындағы «күл» деген сөзді саз (глина) деп қате аударған. Ә. К.



Қолына өткір қылыш алып, соны жұмсай білмеген қорқаққа қылыш сермеп, күшінді сарп етпе. Батыр туған жігіттің садағының оғы да қылыштай кесіп түседі. Қонағы жоқ қараша үйден құлазыған тұз артық. Ат жемейтін ащы шөптің гүлденіп өспегені жақсы. Адам ішпес ащы судың жылға қуып ақпағаны жақсы. Атаның атын былғаған ақылсыз баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағында шырланып, тумағаны жақсы. Ата даңқын шығарып, өзінің тегін құған балаға ешкім жетпейді. Өтірік сөз өрге баспайды. Өтірікші болғаннан жарық көріп, өмір сүрмеген көп артық. Сөзіне берік, шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп, өмір сүрген де аз. Хан ием, сізге сансыз ұзақ ғұмыр тілеймін<sup>241</sup>. Тәңірі сізді жамандықтан сақтап, бақ-дәулетіңіз арта берсін».

Қорқыт бұдан басқа не айтқан екен соған келелік, хан ием: «Сайдың шөбін жекен білер, түздің шөбін бөкен білер. Күн мен түннің келгенін бозторғай білер. Ұлдың кімнен туғанын ана білер. Иесінің иісін ат білер. Жүктің ауыр-жеңілін есек білер. Беліне қай жерден арқан түскенін тең білер. Қолына қобыз ұстаған ұзан елден елге, бектен бекке барады. Кімнің батыр, кімнің бақыл екенін жырау білер. Қобызын сарнатқан жырауға думан керек. Уа, хан ием, мынау жарық дүниеде тәңірім (сіз бен бізді) адастырып, жарты жолда қалдырмасын».

Тыңдап көрелік, хан ием, Қорқыт тағы не айтқан екен: «Ауызымды ашсам, тіліме кәлима келеді. Аллаға – шексіз құрмет! Алланың досы, дініміздің егесі Мұхаммедке – құрмет! Сол Мұхаммедтің оңында тұрып, дұға оқыған Әбубәкірдің аты өлмесін! Құранның соңғы сүресі Амманы» оқығандарға – құрмет!<sup>242</sup> Құранның бетін ашып, «ясин» сүресін оқығандарға – құрмет! Қылышпен дінге жол ашқан Хазірет-Ғалиге – құрмет! Сол Ғалидің балалары, пайғамбардың жиендері Кербала<sup>243</sup> шөлінде Язит қолынан шейіт болған, ағайынды екі мүсін Хасан мен Хұсайынға – құрмет! Сөзі көктен түскен, ретімен тізіліп, тілімізді кәлимаға келтірген құранға – құрмет!

«Ғұламалардың көзін ашамын» деп құран сөзін жанған от ішінде ретке келтіріп, кітап еткен Афған ұлы Оспанға – құрмет!<sup>244</sup> Аласа жерге салынған алланың үйі – Меккеге – құрмет! Сауында сапар шегіп, аман-есен еліне жеткен, шындық іздеп, Меккеге тауап еткендерге – құрмет! Күндердің жақсысы – жұма өлмесін! Жұма күндері хұтба оқығандарға – құрмет! Сол хұтбаға мүлгіп, құлағын салған мешіт қауымдарына – құрмет! Мұнараға шығып азан оқығандарға –

<sup>241</sup> Баку басылымында бұл сөз «Үш отыз» болуға тиіс делінген. Онысы 90 (көп) жасқа кел дегені.

<sup>242</sup> Амма – құранның 76 сүресінің бастапқы сөзі.

<sup>243</sup> Кербала – Евфрат өзенінің батыс бетіндегі шөл. Сол жерде 680 жылы Хұсайынды Язит өлтірген, Хасан одан бұрын өлген еді. Язит (680 – 683) – араб халифы.

<sup>244</sup> Оспан – төрт шахаряддың (жарды) бірі.

құрмет! Тізелерін бүгіп, намаз оқыған ерлі-зайыпты жұбайларға – құрмет! Талай жылды басынан кешіріп, шашы ашпақ кудай болған қарт-қарияларға – құрмет! Кеудесіндегі ақ сүтін бөбегіне емізіп тойғызған асыл аналарға – құрмет! Солар үшін ақ отау тіккен аға-інілеріне – құрмет! Некелі сағатта куәлік еткендерге, жаңа туған ұлға – құрмет!

Бүкіл ғаламды жаратқан, теңдесі жоқ Аллаға – құрмет! Хан ием, көкте тұрған сол Алла бізге рахым етіп, жар болсын! Әйел төрт түрлі болады депті Қорқыт. Оның бірі – қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы.

От басының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар — Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер. Хан ием, мұндай әйелдер мындап өссе де көп емес, бәлкі аз. Сіздің ошағыңызға сондай әйел кез болсын.

Одан соңғысы – ынсапсыз, қанағатсыз әйел. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін тандап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қаран қалғыр, осы күйге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген башмағым болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқа біреуге тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», – дейді. Хан ием, ондай әйел мың болса да, өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез бола көрмесін.

Одан соңғысы салақ әйел дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің (шатырдың) ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл пісіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шүү!» – деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорада байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды: «Ау, қыздар-ау, Зылихам, Зұбайрам, Руғейдам, бикештерім. Уа, азамат туған жігіт-желендерім, Айна-Мәлік, Құтлы-Мәлік қайда едіндер? Ойбай-ау, үйім құлап қалыпты, түнде қайда жатамыз? Мені ерігіп жүр дедіндер ме? Зәру жұмыс болған соң кетіп едім ғой. Үйіме неге көз қырын салмадыңдар? «Көрші ақысы – тәңірі ақысы деген қайда? — деп, безек қағады. Хан ием, ондай әйел мың болса да өсіп-өнбесін, сіздің ошағыңызға кез болмасын.

Ең соңғысы — адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел. Үйге түзден бір ұятты қонақ келіп, ері оған: «Орныңнан тұрып, нан әкел, желік, қонағың да жесін» – десе, әйелі еріне: «Үйде піскен нан жоқ», – дейді. «Барыңды бер»,— десе, әйелі: «Не сандалып отырсың, үйіңнің әлдеқашан қу молаға айналғанын білмейсің бе? Үйде ұн жоқ, диірменге кеткен түйе қайтқан жоқ, оның не әкелері белгісіз. Дастарханымды жемесе берерім жоқ», — деп бармағын көрсетеді, еріне сыртын беріп, дастарханды кісі алдына лақтырып тастайды.



Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне де жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз. Хан ием, сізді Алла осындай әйелдерден сақтасын, ондай әйел сіздің ошағыңызға кез болмасын».

### Дирсеханұлы Бұқашжан туралы жыр<sup>245</sup>

Ей, хан ием, бір күні Қам-Ғанұлы<sup>246</sup> Баяндүр хан орнынан тұрып, өзінің жігіттеріне Шам жұртынан әкелінген ала шатырларын тіккізіп: «Ала шатырдың төбесі көкке жетсін, оған мың жерден қалы кілемдер төселсін», – деп бұйрық берілгі. Хандардың ханы Баяндүр оғыз елінің бектеріне жылына бір рет той беруші еді, сол тойын бастап, оған ең семіз деген жылқыларды, түйе, қойларды сойғызды. Бір жерлерге ақ үй, бір жерлерге қызыл үй, енді бір жерлерге қараша үй тіккізді. Жұртына уағыз беріп: «Ұлы-қызы бірдей жоқ адамдар болса, олар қараша үйлерге кіргізілсін, астына қара құрым киіз төселіп, жейтін асына қара қойдың еті берілсін, жесе жесін, жегісі келмесе орнынан тұрып кете берсін. Ұлы барларды ақ үйге, қызы барларды қызыл отауларға кіргізіңдер. Ұлы жоқ, қызы жоқ адамдар тәңірінің қарғысына ұшыраған адамдар. Оларды біз де қарғауымыз керек. Осыны бұлжытпай орындандар», — депті. Оғыз елінің барлық бектері тойға келіп, бас құраған еді.

Оғыздардың Дирсе хан атты бегі бар еді. Тәңірі оған не ұл, не қыз бермей, қу бас еткен еді. Таңның салқын самалы соғып, қаусақал, аш бозторғайлар сайрай бастағанда, ұзын мұрт бал арасы ұясынан өргенде, арғымақтар кісінеп дыбыс берген шақта, таң атып, ақ пен қара көзге түскенде, баурайы сұлу иір-иір таулардан күн көзі көрінгенде, оғыздардың ер жігіттері күрес сайысына түсе бастағанда Дирсе хан алаң-елеңнен атына мінді де, қасына қырық жігітін ертіп, Баяндүр хан тойына келді. Баяндүр ханның жігіттері алдынан шығып, оны қараша үйге кіргізді, астына қара киіз төсеп, жейтін асына қара қойдан сойыс берді. «Хан-еке, Баяндүр ханның бұйрығы осылай болды» – десті жігіттер. Сонда Дирсе хан тіл қатып: «Баяндүр ханның мұнысы қалай? Жазығым қайсы? Әлде менің қылышымның жүзін тот басты ма? Болмаса менің берген тойларым қораш болды ма? Менен төмен адамдарды хан ақ, қызыл үйлерге кіргізді. Мені солардан алабөтен қараша үйге кіргізген себебі қайсы?» – деп сұрады. Баяндүр хан жігіттері тұрып: «Хан-еке, Баяндүр ханның бұйрығы солай болды: кімнің ұлы да, қызы да болмаса, ол тәңірінің қарғысына ұшыраған адам, оны біз де қарғауымыз керек деді» – депті. Дирсе хан орнынан тұрды да, жігіттеріне: «Уа, ерлерім, тұрындар! Бұл қорлық менің кінәм бе, әйелімнің кінәсі ме?» – деп, тойды тастап кетті.

<sup>245</sup> «Жыр» — деген сөзді оғыздар «бой» деген. «Жан» сөзі «хан» мағынасында.

<sup>246</sup> «Қам-Ған (Қамбар) сөзі бірде Қан-Бөрі (Байбөрі), енді бірде Қан-Төрәлі болып кездеседі.

Дирсе хан үйіне келді де, әйеліне дауыстап мұңын шақты. Тыңдаңыз, хан ием, не айтқан екен: «Уа, сүйген жарым, басыма қонған бақ, отбасымның тірегі едің, бойың кипарис ағашындай сұнғақ, тілерсегіне түскен қолаң қара шашың бар, иілген жақтай имек қара қасың бар, оймақтай аузыңа екі түйір пісте жемісі сыймайды, екі бетің күзгі алмадай албыраған, піскен қауындай балбырағаным... менің басыма қандай күн туғанын білдің бе? Баяндүр хан той жасапты. Бір жерге ақ үй, бір жерге қызыл үй, енді бір жерге қараша үй тігіп, жігіттеріне: «Ұлы барларды ақ үйге, қызы барларды қызыл үйге кіргізіңдер, кімде-кімнің ұлы да, қызы да болмаса, оны қараша үйге кіргізіңдер, астына қара-құрым киіз төсеп, жейтін асына қара қойдың етін беріңдер, жесе-жесін, жемесе ауылына қайта берсін. Кімде-кімнің ұлы да, қызы да болмаса оны тәңірінің өзі қарғағаны болады, біз де қарғалық», — депті. Ханның жігіттері алдымнан шығып мені қараша үйге кіргізді. Астыма қара киіз төсеп, алдыма қара қойдың етін қойды да: «Кімде кімнің ұлы да, қызы да болмаса, ол қарғыс тиген адам, біліңіздер, оны біз де қарғауға тиіспіз», — деді. Тәңірі бізге не үшін ұл бермейді? Бұған кінәлі сен бе, әлде мен бе?», — деді. Бұдан ары Дирсе хан ашуға мініп: «Хан қызы! Отырған жерінде қарулы қолдарымның уысына алып, бетіңді тіліп, кеңірдегіңнен қысып өлтірсем не болар еді? Қайыспас қара болат семсерді қолға алып, басыңды алсам не дерсін? Өмірдің қызығынан мені неге құр еттің? Қызыл қаныңды судай төксем қайтер едің? Уа, хан қызы, осының себебін айт! Айтпасаң жазанды беремін!», — деді. Осылай депті Дирсе хан әйеліне. Әйелінің не айтқанын тыңдаңыз: «Уа, Дирсе хан, өлтірме мені, ашу — араз, ақыл — дос деген. Көтер басыңды жерден, жайлауға ала шатырынды тіктір де, жылқыдан айғыр, түйеден үлек, қойдан қошқар сойғызып той қыл, оған ішкі оғыздар мен сыртқы оғыздардың бар жақсысын (бегін) шақырып, ашты тойындыр, жалаңашты киіңдір, жүдеп кедейленгендердің қарызын өте. Ет таудай болып үйілген, қымыз көл болып аққан ұлы той болсын. Сол тойда асыл туған бір ер бата берсе, тәңірі бізге де ұл берер» — депті. Дирсе хан әйелінің ақылын алып, үлкен той жасап, ел-жұртына мұңын шақты. Жылқыдан — жалқы қарыс айғыр, қойдан — қошқар, түйеден — үлек сойғызып, тойға ішкі оғыздар мен сыртқы оғыздарды түгел шақырды. Аштың қарнын тойғызып, жалаңашқа киім берді, қарыз-қауғаға батқан адам болса, соның борышын өтеді. Малың қырып, етті тау қылып үйді, желі тартып, қымызды да көл-көсір етті. Тойға келгендер қолын жайып, бата берді. Бата берген сәуегейдің тілегі қабыл болып, бүкіл ғаламның иесі — тәңірі оған перзент берді. Әйелі жүкті болып, бірнеше ай өткен соң ұл туды. Оны күтуші әйелдерге бақтыруға беріп: «Аман-есен өсіріңдер»-деді.

Жаңылмас жақ, сүрінбес тұяқ жоқ. Қабырға болса сүрерсің, шеміршек болса нығаяр. Бала сөйтіп жүріп он бес жасқа толды. Хан ием, бір күні әкесі баласын алып, Баяндүр хан ордасына барып еді, оның бір сүзеген өгізі, адам жейтін




түйесі бар екен. Сол өгіз жүгіріп келіп түйедей тасты сүзер болса, оның құл-талқаны шығып, ұн болушы еді. Көктем айында бір рет, күз айында бір рет сол өгіз бен түйені батырлармен соғыстырып, оны Баяндүр хан өзінің бектерімен қызықтаушы еді. Сұлтан ием, көктем айында Баяндүр хан сарайда тұрған өгізін алдырды. Өгізді темір құрсаумен байлап, оңынан үш адам, солынан үш адам ұстап, алаңға әкелді де, бос қоя берді. Сұлтан ием, осы кезде орда алдындағы алаңда Дирсе ханның ұлы үш баламен топай ойнап жатыр еді. Олар өгізді алаңға жіберіп, балаларға: «Қашындар!» – деді. Үш бала қаша жөнелді. Дирсе ханның жас баласы қашпай, алаң ортасында өгізге қарсы қарап тұрып қалды. Өгіз баланы сүзбек болып жүгірді. Бала жақындап келген өгізді жұдырықпен маңайдан ұрғанда, ол тәлтіректеп кейін шегінді. Өгіз қайтадан ұмтылғанда, бала қатты жұдырықпен оның маңдайынан тағы да ұрды. Сөйтті де бала өгізді қос қолымен итеріп, алаңның шетіне шығармақ болды. Итеріскенде біресе өгіз, біресе бала басты. Бір кезде бала екі қолымен итеріп, өгізді тоқтатты. Бірін-бірі жеңе алмай, тіресіп біраз тұрды. Сонда балаға ой келді. «Үй дуалын баған ұстайды, ол үйге тірек, өгіздің маңдайына мен несіне тіреуіш боламын?» – деп, қолын өгіз маңдайынан жұлып алды да, оның алдынан жалт берді. Өгіз өз екпінінен аяғында тұра алмай, басын астына беріп, омақа асып құлап түсті. Сол кезде бала қанжарын алып, өгіздің басын кесіп тастады. Мұны көрген оғыз бектері қайран қалып, балаға қошамет көрсетті: «Шақырындар мұнда Қорқыт атаны, мына балаға ат қойсын. Баланы әкесіне алып барып айтындар, баласына тағын беріп, бек етсін», – десті. Қорқыт ата келіп, баланы әкесіне алып барып, кеңесті. Тыңдаңыз, хан ием. Қорқыт не айтқан екен. «О, Дирсе хан, – деді Қорқыт, – балаң батыр екен, оған бектігінді, тағынды бер, балаң ер болады, мінуіне мойны құлаш арғымақ ат бер, сойысқа қотан-қотан қой бер, ержүрек боп өссін. Келеден бөліп қызыл бұйра аруаналар бер, сол нарларға жүгін артып, көшіп-қонып жүрсін. Балаң ер болып туғандықтан күн көзінде көлеңке болатын алтын шатыр бер, үстіне жібектен тоқыған шекпен кигіз, батырға сол жарасады. Бұл бала ай тақырда Баяндүр ханның өгізімен алысып, соны өлтірді. Баланың аты Бұқаш болсын. Менің берер атым сол, тәңірі өмірін ұзақ қылсын, – депті. Қорқыт осылай деді. Дирсе хан баласына өзінің бектігін, тағын беріп, бала әкесінің тағына отырды.

Бала әкесінің қырық жігітіне қарамады, олар баланың бағын күндеп, өсек-аяң айтатын болды: «Жүріндер, жігіттер, бұл қарабет бақ қайта қонады, күніміз жақсарады», – десті. Қырық жігіттің баланы әкесіне жамандалық, сонда ол баласын өлтіреді, басымызға бақ қайта қонады, күніміз жақсарады», - десті. Қырық жігіттің жиырмасы бір бөлініп, келесі жиырмасы тағы бөлініп, екінші жаққа кетті. Алдыңғы жиырма жігіт Дирсе ханға мынадай хабар жеткізді. «Дирсе хан, күніңнің не болғанын білесің бе? Сенің ұлың арам, тек сіз, ісінің сәті түспеген адам болды. Қасына қырық жігітін ертіп ол ішкі оғыздармен жау болды, олардың

сұлу қыздарын олжалап отыр. Ақсақалды қарттардың бетіне шапалақ ұратын болды. Қарт аналардың сүтін жерге сауғызды. Бұл хабар жылдам аққан өзен суынан, биік таулардың басынан асып, Баяндүр ханның құлағына жетсе, не болады? Олар: «Дирсе хан баласы бүліншілік бастады, бұзылды дер еді. Мұны көргенше сенің өлгенің жақсы, Баяндүр хан сені шақырып алып, басыңды алады. Мұндай азғын ұлдың саған не керегі бар? Ондай ұлдың туғанынан тумағаны жақсы еді, өз басыңды сақтаймын десең, баланды өз қолыңнан өлтір», – десті. Сонда Дирсе хан қаһарына мініп: «Баланы байлап әкеліңдер, өлтіремін», – деді. Дәл осы кезде екінші жаққа кеткен жиырма жігіт келіп өсек-жала отын одан сайын үрлей түсті: «Уа, Дирсе хан, сенің балаң ұйқыдан тұрған соң сұңқар шүйіп, аң аулайтын болды, сенің жан баспаған биік тауларыңдағы аң мен құсты қырып бітірді. Қайтуда шешесіне келіп шарап ішеді, анасымен ақылдасып, өзінді құртпаққа жүр. Ұлыңыз арамза болды. Осы сөздің бәрі басын қар басқан биік таулардың басынан асып Баяндүр ханға жетсе, жақсы болмайды. Хан сені шақырып алып, жазалайды. Ондай ұлдан не пайда? Басыңның аманында оны өлтіру керек», – десті. Сонда Дирсе хан: «Барыңдар, баланы әкеліңдер, өз қолымнан өлтіремін, ондай ұлдың маған керегі жоқ», – депті. Сонда нөкерлері: «Балаңды қалай әкелеміз, ол біздің айтқанымызға көне ме? Сөзге малданып келе қоятын бала ол емес. Онан да қасыңызға қырық жігітіңізді ертіп, аңға шығыңыз, балаңыз аңда жүр. Таудың аңдары мен құстарын үркітіңіз, сол жерден балаңызды көресіз, көрген бойда оны атып өлтіріңіз. Осылай етпесеңіз оны өлтіре алмайсыз, мұны біліңіз, – десті.

Жаздың салқын самалы,  
Таң сәріден соққанда,  
Қабасақал бозторғай  
Тамақ іздеп даладан  
Өндеріне басқанда;  
Белдеуде тұрған бедеулер  
Бірімен бірі тілдесіп,  
Кісінесіп жатқанда;  
Бал арасы — ұзын мұрт  
Ызындап ұшып ұядан,  
Өрісіне шыққанда:  
Ақ пен қара білініп,  
Таң сазарып атқанда:  
Қыз-қырқындар оянып,  
Қыналап бетін боянып,  
Сыбырласып, күлісіп,  
Қызыққа әбден батқанда:



Биік таулар басынан  
 Күннің көзі көрініп,  
 Сай мен сала керіліп,  
 Сылдырап сулар аққанда;  
 Оғыздардың жастары  
 Күреспекке қамданып,  
 Қыр басына тартқанда:  
 Қырық жігітін қасына ап,  
 Арғымағын қамшылап,  
 Аңға шықты Дирсе хан.

Бұлар орман құстарын үркітіп, ұйқысынан оятты. Шошынған құстар дүрілдеп ұша бастады. Сол кезде қара ниет қырық жігіт балаға барып: «Әкен сәлем айтты, балам мен үркіткен құстарды қуып атсын, мен оның атының шабысын, садақ тартқан өнерін көріп, қуанатын болайын», – депті. Бұқаш әлі оң мен солын танымаған гөдек<sup>247</sup> бала еді. Жалған сөздің мәнісіне түсінбеді. Жүйрігін ызғытып, құстарды қыран жапқандай ғып атып, әкесінің алдына қуып тықты. Бала ішінен: «Әкем менің атымның қалай шабатынын көріп қуансын, садақ тартқандағы мергендігімді көріп мақтансын, қылыштасам, оныма да таңдансын», – деп ойлады. Сонда қырық қарақшы өз ісін бітірмек болып: «Уа, Дирсе хан, баланың жапан түзде құстарды қалай қуып, бөріктіретінін көрдің ғой. Құсты атам деп жүріп, арасында өзінді де атып құлатса не дейсің? Өзіне оқ тимей тұрғанда, балаңды атып өлтір», – депті. Сөздері осылай болды. Сол кезде бала құстарды қуып жүріп, әкесінің қасынан шауып өтті. Дирсе хан қолына сүр жебесін алып, аяғын үзеңгіге тіреп тұрып, адырнасын тартып қалды. Садақ оғы балаға жетіп, екі жауырынының ортасына барып қадалды. Етін тесіп өтті де, бала аттан құлап түсті. Қара қан судай ағып, кеудесіне құйылды. Бала астындағы арғымағының тізгініне тап берді де, жерге құлап түсті. Дирсе хан аһ ұрып баласын барып құшпақшы болып еді, қырық қарақшы оған жол бермеген соң, атының басын ауылға бұрып, ордаға қарай шапты.

Дирсе ханның әйелі балам мергендік қылып, өзінің алғашқы олжасын әкеледі деп ойлап, жылқыдан жалы қарыс айғыр, түйе, қой сойғызған еді, той қылып оғыз бектерін шақырмақшы еді. Сол есеппен қасына қырық қыз нөкерін алып, орнынан тұрып, шаңдатып шауып келе жатқан Дирсе ханның алдынан шықты. Әйел кірпіктерін ашып, Дирсе ханға қарады, көздерін оңға-солға бірдей тікті, бірақ баласын көре алмады. Көкірегі қарс айрылып, жүрегі дүрсілдеп ойнап кетті. Қына жаққан көздерінен жас қан болып ақты, дауыс шығарып, Дирсе ханға сөйлей бастады. Тындаңыз, хан ием, не айтқан екен:

<sup>247</sup> Гөдек — жас деген мағынада.



О, Дирсе хан, Дирсе хан,  
Хан әкемнің күйеуі ең,  
Ханым-ана тілеуі ең,  
Атам мен анам қосқан соң,  
От басының тіреуі ең.  
Атадан туған тақ едік,  
Мен өзіңе жас едім,  
Аман-есен келдің бе?  
Қара мал таба айғырға,  
Таңертенмен ер салып,  
Аңға шықтың қамданып,  
Тауларды кездің таң қалып,  
Екеу едің кеткенде,  
Жалғыз келдің жеткенде.  
Жалғыз ұлым бар еді.  
Қараңғы мынау дүниені  
Жарық еткен шам еді.  
Сол балам қайда, көрдің бе?  
Ақ сүтімді аялап,  
Одан басқа емген бе?  
Алдымнан неге шықпайды?  
Көзім неге шықпайды?  
Асыл туған ақ денем  
Жылан келіп шаққандай,  
Ішім от боп жанады.  
Жүрегі құрғыр суынып,  
Мазамды неге алады?  
Өмірде көрген жалғызым,  
Тауға біткен жалбызым.  
Көрінбейді көзіме,  
Құлағың сал сөзіме:  
Жалғызым жарық көргенде,  
Қуарып жатқан қу дала  
Ығысып аққан сел болды.  
Қымыз деген көл болды.  
Ет дегенің бел болды,  
Дәруіштер беріп батасын.  
Аш-жалаңаш бай болды,  
Көп зарығып көрген соң,  
Көңілім менің жай болды.



Жалғызым жайын білдің бе?  
 Таудан құлап кетті ме?  
 Ажалы судан жетті ме?  
 Әлде арыстан, жолбарыс  
 Жемтік етіп жепті ме?  
 Гәуірлерге<sup>248</sup> тұтқын боп,  
 Зынданда күні өтті ме?

Ханым осыны айтып аһ ұрып, жылай берді. Оған Дирсе хан жауап таба алмады. Сонда қырық қарақшы тұрып: «Балаң аман, тірі, аңда қалды, бүгін болмаса ертең келеді, қорықпа, кайғырма. Бек шарап ішіп мас болып келді, сөйлеуге дәрмені жоқ», – десті.

Дирсе ханның әйелі ауылына қарай шауып, қайта оралды, күтіп тұруға тағаты қалмады. Өзінің тұлпарына мінді де, қасына қырық қыз нөкерін алып, баласын іздеп кетті. Басынан қысы-жазы қар мен мұз кетпейтін Кавказ тауларына келіп, бір биік қырға шығып төмендегі сай-салаларға көз жіберіп еді, бір терең сайға қарға-күзғын үймелеп, ұшып-қонып жатыр екен. Ханым-ана астындағы атына қамшы ұрып, сол сайға шаба жөнелді. О, сұлтаным, бала сол сайда атынан құлап, өлім халінде жатыр екен. Қарғалар баланың қанын көріп, қонбақшы болып жүр екен. Баланың екі күшігі<sup>249</sup> бар еді, олар қарғаларды қондырмай, қуып тастап жүр екен. Талып жатқан балаға боз атқа мінген Қызыр келіп, басын үш рет сипап: «Қорықпа, балам, бұл жарадан өлмейсің. Жараң тау гүлі мен анаңның ақ сүтінен жазылады», – деп, ғайып болыпты.

Анасы келсе, бала қып-қызыл қанға боялып, сұлап жатыр екен. Мүскін ана дауысын шығарып, жылап сөйлей бастады. Тыңдаңыз, хан ием, не айтқан екен ол:

Қасы-көзің қиылып,  
 Жатырмысың, құлыным?  
 Аш көзіңді бір мезгіл,  
 Кеудеңде болса шыбының?  
 Он екі мүшең мұз болып,  
 Тынды ма аққан бұлағың?  
 Тәтті өмірің үзіліп,  
 Сөнді ме жанған шырағың?  
 Көзіңнен нұрың кетпепті,  
 Тірідейсің сен маған,  
 Тал отындай шытынап.

<sup>248</sup> Гәуір – кафир (кәпір) деген сөз. Түркі тайпалары солай атаған.

<sup>249</sup> В. Бартольд оны «екі қару» деп қате аударған.

Жанып келді сорлы анаң,  
 Тірлігіңді білдіріп,  
 Жауап берші, жан балам.  
 Құрбандық болдым өзіңнен,  
 Айналайын көзіңнен,  
 Сенсіз маған күн қаран.  
 Ағысыңды тоқтатшы,  
 Кавказдағы қалың су,  
 Гүлденіп өспей, қурап қал,  
 Адыра қалған қалың ну.  
 Маралдар қатып тас болсын,  
 Жүгіріп тауда жарысқан.  
 Баламды кім өлтірген?  
 Жолбарыс яки арыстан?  
 Мұндай халге қалайша?  
 Душар болдың, жан балам?  
 Жолыңа басын құрбан ғып,  
 Қасыңа келді сорлы анаң.  
 Тіл шығаршы тебіреніп,  
 Қуансын анаң аңыраған.

Анасының аңыраған сөздері баланың құлағына еміс-еміс естілді. Ол басын көтеріп, көздері оттай жарқырап, тіл қатты. Тындаңыз, хан ием, не айтқан екен ол: «Қош келіпсің, кейуана ханым-анам! Ақ төсіңнен ақ сүтіңді еміп едім, қарттық жеңген, асыл туған, жан анам! Таудың аққан өзендерін қарғап әуре болма. Кавказ өзендерінде тұрған кінә жоқ. Жайнап өскен шөптерге де тілің тимесін. Кавказдың айыбы жоқ. Кавказдың маралдарын да қарғама, Кавказда кінә жоқ. Арыстан мен жолбарыстың да қатысы жоқ. Қарғайтын адамың – қара басқан әкем. Бұл кінә, бұл айып әкемнен» – деді. Бала тағы да тілге келіп: «Асыл анам, қайғырма, бұл жарадан маған өлім жоқ. Боз атқа мінген Қызыр келіп, өз қолымен мандайымнан үш рет сипап: «Балам, бұл жарадан саған ажал жоқ, тау гүлі мен анаңның сүтінен жазыласың деп кетті», – деді. Бұл сөзді есіткен қырық қыз тауға шығып, жұпар иісті гүлдерді жинады. Анасы емшегің сығып еді, сүті жоқ екен. Екіншілей сыққанда да сүт шықпады. Үшінші қайта зорлап сыққанда, емшегі сүтке толып, парлап қоя берді. Сүтін аяққа сауа берді, сауа берді, сүт пен қан аралас тамды. Сол сүтке тау гүлін ұнтап салып, баланың жарасына жақты. Бала жазылып, атқа отырды. Оны анасы ордаға әкеліп, дәрігерге берді де, бұл жайды Дирсе ханнан жасырды. О, хан ием, ат аяғы ақсайды, ұзандар тілі мүдірмес. Қырық күн дегенде баланың жарасы жазылды, әбден сауығып, бұрынғы күйіне келді. Ол тағы да тұлпарына мініп, қару-жарақ асынып, бұрынғыша құс атып,



аң аулауға кірісті. Дирсе хан болса, балам өлді деп ойлап, каннен-каперсіз жата берді.

Баланың аман қалғанын баяғы қара ниет қырық жігіт біліп қалып: «Бұдан қалай құтыламыз», – деп, өзді-өзі күңкілдесті. «Егер Дирсе хан баласының аман қалғанын білсе, біздің түбімізге жетеді, – деді біреуі. Қалғандары болса: «Дирсе ханды үйінен басып, аяқ-қолын байлалық, мойнына қыл арқан салалық, сөйтіп гәуірлер еліне қашалық», — десті. Сол келісім бойынша, олар Дирсе ханды ұстап, сүйіріктей аппақ қолдарын артына байлап, мойнына қыл арқан салып, қылғындырып, денесінен қан шығарды. Өздері атқа мініп, Дирсе ханды жаяу айдап, гәуірлер еліне бет қойды. Сөйтіп, Дирсе хан өзінің қырық жігітіне тұтқын болды. Оғыз елінің бектері оның тұтқын болғанын білмеді. О, сұлтан ием, бұл жайды Дирсе ханның әйелі біліп қалған еді. Ол баласына барып бар жайды баян етті. Тындап көрелік, хан ием, ол не айтқан екен: «О, балам, от басына қара күн туғанын білдің бе? Тау қозғалмай, жер жарылды. Ел ішінде жау жоқ деме, әкенді солар тұтқындап кетті. Әкеңе талай жыл серік болған қара ниет қырық жігіт әкенді ұстап, ақ саусақтарын артына қайыра байлап, қыл мойнына қыл арқан салды, өздері атқа мініп, әкенді жаяу айдап гәуірлер еліне қашты. О, хан сүйікті ұлым! Басыңды көтер де, атқа мін, қасыңа қырық жігітінді ертіп, әкенді қырық қарақшы қолынан құтқар, отырма балам! Әкең сені сорлатқан болса, сен оған болысуың керек», — деді. Бала анасының сөзін екі етпеуші еді. Бұқашбек орнынан тұрып, қара болаттан сауыт киіп, беліне қылыш, білегіне берен садағын асынып, арғымақ атын ертетті де, қырық жігітін қасына алып әкесінің соңынан кетті.

Қырық қарақшы бір жерге барып шарап ішіп отыр еді. Бұқашбек шауып келді. Оның келе жатқанын қырық қарақшы да көріп: «Жүріңдер, жігіттер, мына жігітті де ұстап алалық, сөйтіп екеуін бірдей гәуірлерге өткізелік», – десті. Осылай келісті олар. Сонда Дирсе хан: «О, қырық жігітім, кешіре көріңдер, бір тәңіріден басқа сенерім жоқ, қол-аяғымды шешіп босатындар, қолыма қобыз беріңдер, сол қобызды сарнатсам, жау кейін қайтады. Ол болмаса мені өлтіріңдер, өлтірмейтін болсаңдар кеңшілік істеп, ауылыма жіберіңдер», – деді. Бұлар оны байлаудан босатып, қолына қобыз берді. Дирсе хан келе жатқан адамның өз баласы екенін білмейді. Алдынан шығып, сөйлей бастады. Тыңдаңыз, хан ием, ол не айтқан екен: «Қаз мойынды бедуин<sup>250</sup> жылқыларды жау айдап кеткен болса, ол менікі. Сол жылқылардың ішінде сенің де арғымағың кеткен болса, айт, жігітім, оны ұрыс-қағыссыз өзіңе бергізейін, кете бер жөніңе. Қотандағы ақтылы қойды жау алса, о да менікі. Соның ішінде сенің ас-ауқатыңа тиісті қойлар кеткен болса, оны қайтарайын, кете бер жөніңе. Қызыл бұйра нарларымды жау алса, о да

<sup>250</sup> Бедуин – Кавказ арғымағы, тұлпары.

менікі. Соның ішінде сенің жүк артатын түйелерін кеткен болса, оны да ұрыс-қағыссыз қайтарайын, кете бергін жөніне. Алтындаған шатырларды жау алса, о да менікі. О, жігітім, солардың ішінде сен кіретін шатырлар болса, оны да қайтарайын, атынның басын кейін тарт, жүздері айдай, көздері жұлдыздай жанған аруларды жау алса, олар да менікі. Соның ішінде сенің қалыңдығың кеткен болса, оны да айт, жігітім, дау-далабасыз қайтарайын, әйтпесе жөніне кет. О, жігітім, мен үшін келген болсаң, баламды өз қолымнан өлтірген едім, оның кінәсы сенде емес, менде, жігітім, кете бер кейін жөніңе», — деді Дирсе хан. Сонда бала әкесіне тіл қатты. Тыңдаңыз, хан ием, ол не айтқан екен: «Қаз мойынды бедуин жылқыларды жау алса, ол сенікі. Солардың ішінде менің де алты құлаш арғымағым бар, оны қырық қарақшыға бермеймін. Қатарланған қызыл бұйра нарлар кетсе, ол сенікі, солардың ішінде менің де жүк артатын түйелерім бар, оны қырық қарақшыға бермеймін. Қотандағы ақтылы қойды жау алса, ол – сенікі, соның ішінде менің де үлесім бар, бере алмаймын оны қырық қарақшыға. Жүздері айдай сұлулар жауға олжа болса, олар да сенікі, соның ішінде менің де қалыңдығым бар, оларды қырық қарақшыға қалай беремін. Алтындаған шатырларың кетсе, соның ішінде менің де ақ шатырым бар, оны қырық қарақшыға неге бермекпін? Сақалы құдай қарт-қарияларды жау алған болса, соның ішінде менің де қарт әкем бар, оны да қырық қарақшы қолында қалдыра алмаймын», — деді бала. Бала бетіндегі пердесін қырық жігітіне беріп: «Жауға тиіндер!» – деп бұйырды. Қырық жігіт бала маңына шоқтай үйірілді де, аттарын қамшылап, жауға лап қойды. Соғыс қызды. Қырық қарақшының бастарын қылышпен шауып, кейбіреуін тұтқын етіп, бала әкесін азат етіп, еліне қайтты. Дирсе хан сонда ғана баласының ажалдан аман қалғанын білді. Хандардың ханы баласына өзінің бектігін, тағын берді.

Бұл жырды менің Қорқыт атам айтып, сөзін құраған еді. Жырдың өзін де, сөзін де сол айтқан, Жырының аяғында ол: «Сол жандар бұл дүниеге келді, ол дүниеге кетті. Өмір дегені – керуен, бір жерге қонса, ертеңіне көшіп кетеді. Оларды ажал ұрлап, жер астына тықты. Дүние дегеннің баяны жоқ. Басыңа қара түнек ажал келсе, оның қарызын төлейсің.

Алла сенің деніңді сау қылып, бақ-дәулетіңді арттыра берсін. Әруағын қозғап, жырға тиек еткен сол ерлерге көктегі Алланың өзі жар болсын. Хан ием, саған айтар тілегім – мынау туып-өскен жеріндегі қаратауларың күйрмесін. Зәулім болып өскен көлеңкелі дарағыңды ешкім кеспесін. Күркіреп аққан өзендеріңнің суы таусылмасын. Алтын шатырларыңды жау алмасын. Астыңа мінген бұрыл атың қанша шапса да, шаршамасын. Қолыңа ұстаған болат қылыштың мұқалмасын. Жауға атқан садағың өткір болсын. Ақ шапты анаңның барған жайы жұмақ болсын. Сақалы құдай әкеңнің тұрағы самаладай тау болсын. О, хан ием, Алланың өзі жаққан шырағың өшпесін, Алла тағала сізді қара ниет адамдарға душар ете көрмесін.



### Қазан-Салордың ауылын жау шапқаны туралы жыр

Бір күні Ұлашұлы Төлеқұстың баласы, кем-кетіктің панасы, тайпалар мен рулардың арыстаны, қара халықтың жолбарысы, қоңыр аттың иесі, Ораз ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеуі, барлық оғыз елінің бақыты, оғыз батырларының ағасы Қазан-Салор төсегінен тұрып: «Уа, қырық жігітім, қара жерге тоқсан жерден алтын шатыр тігілсін, жібектен тоқылған тоқсан түсті кілем төселсін», – деп бұйрық беріпті. Сексен жерден көзе, алтын құмыра кеселер мен аяқтар қойғызды. Гәуір елінен тұтқын болып келген тоғыз сұлу беттерін қыналап, төсіндегі қос анарын дірілдетіп, ақ саусак қолдарымен кеселерге шарап құйып, оны бектерге тартты. Күшті шарап ішкен соң, олар мас болды. Шарап Қазан-Салордың басына тиген еді. Бір кезде ол аяғынан тік тұрып төмендегі сөздерді айтыпты: «О, бектерім, сөзіме құлақ салыңдар, тыңдаңдар тегіс! Жата-жата жан ауырып, жамбас бүгіледі екен. Бір орында ұзақ отырсаң, бойың күйез болады. Қарап жата бергенше, аңға шығалық, құс қуып, марал, киік аталық, қайтып оралып осы шатырларға кіріп, ішіп-желік, сауық құралық», – депті. Қиян селжүк (Қай) баласы ер жүрек Дондаз батыр тұрып: «Дұрыс айттың, Қазан хан, төсекте көп жағқаннан жамбасымыз жауыр болды», – депті. Қара Көнеұлы Қара Бодақ болса: «О, арыстан туған Қазан әкем, бұл табылған ақыл» – депті. Бұл сөздерді есіткен соң Аруз қоз тізесін бүгіп, аузын ашып: «Грузия шетінде тұрған тау қақпасында діні жаман гәуірлер біздің елді торып отыр, орданды кімге тапсырасың?» – депті. Сонда Қазан: «Орда бағуды Ораз ұлыма тапсырамын, қасына 40 жігіт калдырамын», – деп, Қазан өзінің қара атын алдырып, ерттеп, мініп алды.

Үйірде жүрген, маңдайында төбелі бар жирен атын алдырып, оған Дондаз мінді. Өзінің жүйрік бедуин атын алдырып, оған Қазан бектің інісі Қара Көне мінді. Өзінің шаңқан түсті бедуин атын алдырып, оған Баяндүр ханның жауын талай рет жеңген Шамсиддин-Шер мінді. Байбурд, Пара-Сара<sup>251</sup> қамалдарын алған Байрақ өзінің шұбар атына мінді. Қазанның сәуегейі (молдасы), қоңыр аттың иесі Искенк өзінің күрең атына мінді. Бәрін санап айтуға уақыт жоқ. Осылай барлық оғыз бектері атқа отырды. Шұбарланған көп әскер Алатауға аттанып, аң ауламақ болды.

Бұлардың аңға кеткенін бір тыңшы гәуірлердің жауыз ханы Шөклиге жеткізді<sup>252</sup>. Діні жаман қара шашты гәуірлер жеті мың әскер алып, арты тілік қара шапан киіп, өздерінің шұбар аттарына мініп, түн ортасында Қазан бек ауылын қоршап алды. Гәуірлер оның алтын жалатқан шатырларын қиратып, аққу құстай

<sup>251</sup> Байбурд, Пара – Сара — Кавказдағы қала аттары.

<sup>252</sup> Шөкли – Шектіұлы Әлмұш, Еділ бойында ислам дінін қабылдаған еді.

керілген қыз қалындықтарын зарлатып, олжа қылды, үйір-үйір жылқыларын, қызыл бұйра нарларын алдына салып, қуа жөнелді. Бай қазынасын, мол ақшаларын тонап алды. Сұңғақ бойлы Бөрлі сұлуды<sup>253</sup> қасындағы шыбықтай сұлу қырық қызымен олжалады. Қарттық жеңген кәрі анасын қара нарға таңып, алып кетті. Қазанның жас баласы Ораз бекті 40 жігітімен бірге ұстап, аяқ-қолдарын байлап, мойындарына шылбыр салды. Елік оғыз баласы Сары Қалмаш Қазан бек ордасы үшін болған соғыста мерт болды. Қазанға мұны ешкім хабарлай алмады.

